



**«SMART AGROSCIENCE: ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІ
МЕН ИННОВАЦИЯЛАРЫ» АТТЫ
ЖАС ҒАЛЫМДАР МЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
5-6 мамыр, 2026 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ И СТУДЕНТОВ
«SMART AGROSCIENCE: ИССЛЕДОВАНИЯ И
ИННОВАЦИИ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ»
5-6 мая, 2026 год**

**COLLECTION OF MATERIALS
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL
CONFERENCE OF YOUNG SCIENTISTS AND STUDENTS
“SMART AGROSCIENCE: RESEARCH AND
INNOVATION BY YOUNG SCIENTISTS”
May 5–6, 2026**

II ТОМ

**«SMART AGROSCIENCE: ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ
ЗЕРТТЕУЛЕРІ МЕН ИННОВАЦИЯЛАРЫ» АТТЫ
ЖАС ҒАЛЫМДАР МЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
5-6 мамыр, 2026 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ И СТУДЕНТОВ
«SMART AGROSCIENCE: ИССЛЕДОВАНИЯ И
ИННОВАЦИИ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ»
5-6 мая, 2026 год**

**COLLECTION OF MATERIALS
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL
CONFERENCE OF YOUNG SCIENTISTS AND
STUDENTS
“SMART AGROSCIENCE: RESEARCH AND
INNOVATION BY YOUNG SCIENTISTS”
May 5–6, 2026**

II ТОМ

ӘОЖ 631(069)

КБЖ 40.1

С28

Жалпы редакциясын басқарған – Күрішбаев А.Қ.

Редакциялық ұжым: Ибрагимов П.Ш., Султанов А.А., Бименова Ж.Ж., Кәкімбек И.М., Ахметканова Г.А., Аймұхамбет Г.Н., Әбдүкерім Р., Таипова А., Оңласын Ұ., Сатыбалдиева Г., Жалелов Д., Исмаилова А.

«SMART AGROSCIENCE: жас ғалымдардың зерттеулері мен инновациялары» атты жас ғалымдар мен студенттердің халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы, 2 том- Алматы: ҚазҰАЗУ, 2026. -қазақша, орысша, ағылшынша.

Бұл жинақта Қазақстан және жақын шетел жас ғалымдарының ізденістерінің нәтижелері келесі бағыттар бойынша келтірілген: зооинженерия және мал шаруашылығындағы технологиялар; ветеринариялық медицина және санитария; агробиология, топырақтану, өсімдіктерді қорғау және экология; ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу және тағам қауіпсіздігі; агроинженерия, АӨК-дегі ІТ технологиялар; су, орман және жер ресурстарын тиімді пайдалану; экономика, АӨК менеджменті және аграрлық құқық.

ISBN 978-601-365-120-0

Под общей редакцией – Куришбаева А.К.

Редакционная коллегия: Ибрагимов П.Ш., Султанов А.А., Бименова Ж.Ж., Кәкімбек И.М., Ахметканова Г.А., Аймұхамбет Г.Н., Әбдүкерім Р., Таипова А., Оңласын Ұ., Сатыбалдиева Г., Жалелов Д., Исмаилова А.

Сборник материалов международной научно-практической конференции молодых ученых и студентов «SMART AGROSCIENCE: исследования и инновации молодых ученых», 2 том - Алматы: КазНАИУ, 2026. - казахский, русский, английский.

В сборнике приведены результаты исследований молодых ученых Казахстана и стран ближнего зарубежья по следующим направлениям: зооинженерия и технологии в животноводстве; ветеринарная медицина и санитария; агробиология, почвоведение, защита растений и экология; переработка сельскохозяйственного сырья и пищевая безопасность; агроинженерия и ІТ технологии в АПК; рациональное использование водных, лесных и земельных ресурсов; экономика, менеджмент в АПК и аграрное право.

УДК 631(069)

ББК 40.1

С28

ISBN 978-601-365-120-0

ISBN 978-601-365-120-0



9 786013 651200

© КазНАИУ, 2026

© Издательство «Айтумар», 2026

ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЖЕР РЕСУРСТАРЫ
ЛЕСНОЕ ХОЗЯЙСТВА И ЗЕМЕЛЬНЫЕ РЕСУРСЫ
FORESTRY AND LAND RESOURCES

ӘӨЖ 632.7

Абдрахманова А. Ж., Қасен Қ. Ж.

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

**ҚОҢЫР МӘРМӘР ҚАНДАЛАНЫҢ (*HALYOMORPHA HALYS*) ҚАЛАЛЫҚ
ЖАҒДАЙДА АЛҚААҒАШТАРДА ТАРАЛУЫ**

Қазіргі уақытта қалалық экожүйелердегі жәндіктердің таралу ерекшеліктерін зерттеу өзекті ғылыми мәселелердің бірі болып табылады. Осы тұрғыда қоңыр мәрмәр қандала (*Halyomorpha halys*) – полифагты, жоғары бейімделгіштігімен және таралу қарқынының жоғарылығымен сипатталатын инвазиялық зиянкес. *H. halys* қалалық және ауыл шаруашылығы экожүйелеріндегі жасыл желектерге елеулі зиян келтіріп, экономикалық және экологиялық тұрғыдан айтарлықтай қауіп төндіреді [1]. *H. halys* алғаш рет 2016 жылы Алматы қаласы мен Алматы облысы аумағында тіркеліп, оның тұрақты популяцияларының қалыптасқаны анықталған [2]. Сонымен қатар, аталған зиянкес Қазақстан аумағында карантиндік маңызы жоғары қауіпті организм ретінде қарастырылады [3]. Алайда оның қалалық экожүйелердегі, соның ішінде, университет аумақтарындағы таралу ерекшеліктері жеткілікті деңгейде зерттелмеген.

Зерттеу жұмысының мақсаты – қалалық жағдайда *H. halys*-тың алқаағаштарда таралу ерекшеліктерін анықтау. Зерттеу нысаны ретінде Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің аумағында өсетін алқаағаштар таңдап алынды. Зерттеу барысында визуалды бақылау, маршруттық зерттеу және жәндіктерді есепке алу әдістері қолданылды. Сонымен қатар жәндіктердің сандық көрсеткіштерін нақтылау мақсатында феромондық тұзақтар пайдаланылды. Зерттеу жұмыстары 2025 жылдың тамыз айының ортасынан қыркүйек айының ортасына дейін, яғни жәндіктің белсенді даму кезеңінде жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері *H. halys*-тың белсенділігі зерттеу кезеңінде айтарлықтай жоғары болғанын көрсетті. Визуалды бақылау барысында алқаағаштардың жапырақтары мен бұтақтарында *H. halys*-тың әртүрлі даму сатылары – дернәсіл (нимфа) және ересек дарақтар (имаго) тіркелді. Әсіресе зерттеу кезеңінің соңына қарай олардың санының артқаны көбею белсенділігінің күшеюімен байланысты екені байқалады. Сонымен қатар феромондық тұзақтар арқылы алынған деректер визуалды бақылау нәтижелерін растады.

Зерттеу барысында *H. halys*-тың таралуы біркелкі емес екені анықталды. Феромондық тұзақ орнатылған долана (*Crataegus*) ағашында 24 дернәсіл тіркелді, ал үйеңкі (*Acer*) ағашына орнатылған тұзақта 6 ересек дарақ анықталды. Бұл деректер *H. halys*-тың әртүрлі ағаш түрлерін қоректік субстрат ретінде пайдаланатынын көрсетеді. Долана ағашының жемістері дернәсілдердің дамуына қолайлы орта қалыптастырып, олардың ересек кезеңге сәтті өтуіне ықпал етуі мүмкін.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері *H. halys*-тың университет аумағындағы алқаағаштарда белсенді таралып, популяция санының артуымен сипатталатынын көрсетті. Түрдің таралуының біркелкі емес екені және әртүрлі ағаш түрлерінде (әсіресе *Crataegus* және *Acer*) әртүрлі даму сатыларының тіркелуі оның қоректік базасының кеңдігін және қалалық ортаға жоғары бейімделгенін көрсетеді. Аталған ерекшеліктер *H. halys*-тың қысқа мерзім ішінде таралу әлеуетінің жоғары екенін дәлелдейді. Осыған байланысты қалалық көгалдандыру жүйелерінде зиянкестің таралуын тұрақты мониторингтеу және басқару шараларын әзірлеу қажеттілігі туындайды. Зерттеу нәтижелері қалалық экожүйелердегі фитосанитарлық жағдайды бағалау және жасыл желектердің тұрақтылығын сақтау бағытында практикалық маңызға ие.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Tracy C. Leskey, Anne L. Nielsen Impact of the Invasive Brown Marmorated Stink Bug in North America and Europe: History, Biology, Ecology, and Management Annual Review of Entomology 2018. Vol. 63:599-618 <https://doi.org/10.1146/annurev-ento-020117-043226>
2. Темрешев И. И., Есенбекова П. А., Успанов А. М. Новые находки опасного инвазивного вредителя - мраморного клопа *Halyomorpha halys* Stal, 1855 (Heteroptera, Pentatomidae) в Казахстане // Acta Biologica Sibirica. 2018. №3. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/novye-nahodki-opasnogo-invazivnogo-vreditelya-mramornogo-klopa-halyomorpha-halys-stal-1855-heteroptera-pentatomidae-v-kazhastane>
3. Azhimakhan M. A. et al. Коричнево-мраморный клоп (*Halyomorpha halys* Stal.) – опасный карантинный объект для территории Казахстана // Herald of science of S. Seifullin Kazakh agrotechnical university: Multidisciplinary. – 2025. – №. 4 (128). – С. 4-15. [https://doi.org/10.51452/kazatu.2025.4\(128\).2049](https://doi.org/10.51452/kazatu.2025.4(128).2049)

ӘӨЖ 332.34

Омарова С.М., Сарсекова Д.Н.

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті
**«КӨКШЕТАУ» МҮТП ЗЕРЕНДІ ФИЛИАЛЫ ОРМАН ҚОРЫНЫҢ
ДИНАМИКАСЫ**

Қазіргі жағдайда орман экожүйелерін қалпына келтіру мәселелері антропогендік жүктеменің артуына және табиғи жағдайлардың өзгеруіне байланысты ерекше өзектілікке ие. Орман ресурстарын ұтымды пайдалану және ормандарды молықтыру іс-шараларын жүргізу орман шаруашылығының тұрақты дамуының негізгі шарттарының бірі болып табылады [1]. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда биоалуантүрлілікті сақтау, табиғи тепе-теңдікті қамтамасыз ету және экожүйелердің тұрақтылығын қорғау маңызды міндеттердің бірі болып табылады [2]. Сонымен қатар орман экожүйелері климатты реттеу, топырақты қорғау және қоршаған ортаның жағдайын жақсарту сияқты маңызды экологиялық қызметтер атқарады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – «Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің Зеренді филиалындағы орман қоры көрсеткіштерінің өзгеруін сипаттау және олардың орманды қалпына келтіру іс-шараларын жоспарлаудағы маңызын анықтау. Зерттеу нысаны ретінде орман орналастыру материалдары пайдаланылды, олар орман және орманмен қамтылмаған жерлердің аудандары туралы мәліметтерді қамтиды. Зерттеу барысында орман орналастыру деректерін өңдеу, салыстыру және статистикалық тәсілдер қолданылды. Алынған көрсеткіштер орман ресурстарының қазіргі жағдайын сипаттауға және оларды ұтымды пайдалану бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері орманмен қамтылмаған жерлердің жалпы ауданы 2305,9 га немесе орман алқаптарының 7,1%-ын құрайтынын көрсетті. Оның ішінде ең үлкен үлесті ашық алаңқайлар – 1472,5 га (63,8%) алып жатыр, бұл орман өсімдіктерін қалпына келтіру мүмкіндігінің жоғары екенін көрсетеді. Сирек ормандардың ауданы 340,6 га (14,8%), өртенген және қураған екпелер – 308,5 га (13,4%), ал кесілген алқаптар – 184,3 га (8,0%) құрайды. Бұл жерлер орман екпелерін құру және табиғи жаңаруға жәрдемдесу үшін қолайлы аумақтар болып табылады [3].

Зерттеу барысында орман қоры көрсеткіштерінің өзгеруі анықталды, оған сәйкес тексеру кезеңінде орманмен қамтылған жерлердің ауданы 2712,2 га-ға артқан. Бұл табиғи жаңару процестері мен орман шаруашылық іс-шараларының жүргізілуімен байланысты. Сонымен қатар орманмен қамтылмаған жерлердің ауданы 1826,1 га-ға азайған, бұл орманды қалпына келтіру шараларының тиімділігін көрсетеді [4]. Орман алқаптарының ұлғаюы табиғи жаңару процестерінің маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

Жалпы алғанда, орманды қалпына келтіру үшін қолайлы жағдайлар көбінесе ашық алаңқайлар мен кесілген алқаптарда қалыптасатыны анықталды. Мұндай аумақтарда шаруашылық тұрғыдан құнды ағаш түрлерінің жас өскіндері қалыптасуына мүмкіндік бар. Осы жерлерде жүргізілген орманды қалпына келтіру іс-шаралары орман экожүйелерінің тұрақтылығын арттыруға ықпал етеді [1]. Орман ресурстарын ұтымды пайдалану табиғи органы сақтаудың маңызды шарты болып табылады.

Осылайша, орман қорының динамикасын сипаттау орманды қалпына келтіру іс-шараларын жоспарлауда маңызды рөл атқарады. Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарында орман ресурстарын тиімді басқару және қалпына келтіру бойынша ұсыныстар әзірлеуде қолданылуы мүмкін [2].

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Луганский Н.А., Залесов С.В. Лесоводство
https://elar.usfeu.ru/bitstream/123456789/851/2/Luganskiy_2010.pdf
2. Қазақстан Республикасының Орман кодексі
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/K030000477>
3. Родин А.Р. Лесные культуры
https://www.studmed.ru/view/rodin-ar-lesnye-kultury_0c1f3a5c6a6.html
4. Мелехов И.С. Лесоведение

УДК 528.44:004.9

Сапарбаева М.Е., Аукажиева Ж.М.

Казахский национальный аграрный исследовательский университет

ЦИФРОВИЗАЦИЯ ЗЕМЛЕУСТРОЙСТВА НА ОСНОВЕ ГЕОИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Цифровизация землеустройства на основе геоинформационных технологий представляет собой ключевое направление развития управления земельными ресурсами в условиях перехода к цифровой экономике. Современные информационные и телекоммуникационные технологии позволяют существенно повысить эффективность сбора, хранения, обработки и анализа пространственных данных, что, в свою очередь, способствует принятию более обоснованных и оперативных управленческих решений. В основе данного процесса лежит использование геоинформационные системы (ГИС), которые обеспечивают интеграцию пространственной и атрибутивной информации, ее визуализацию и проведение комплексного анализа. Цифровизация землеустройства начинается с формирования качественной информационной базы, включающей данные о состоянии земельных ресурсов, их правовом статусе, экономическом использовании, инфраструктуре и природных характеристиках территории. Создание многофункциональных земельно-информационных систем позволяет объединить разрозненные данные в единую цифровую среду. Такие системы обеспечивают выполнение широкого спектра задач: от ввода и редактирования пространственных данных до их анализа, моделирования и прогнозирования. Важным преимуществом является возможность интеграции различных форматов данных и организации удаленного доступа с использованием веб-технологий, что значительно расширяет возможности взаимодействия между участниками землеустроительного процесса.

Однако современное состояние землеустройства характеризуется рядом проблем, среди которых особое место занимает отсутствие единого информационного пространства и систематизированных баз данных. Нередко отсутствует информация о ранее выполненных землеустроительных работах, качестве материалов и их актуальности. Решением данной проблемы может стать развитие механизмов информационного обмена между организациями, а также внедрение технологий коллективного участия, таких как

краудсорсинг, позволяющих оперативно обновлять и дополнять тематические слои данных. Многофункциональные земельно-информационные системы играют важную роль в обеспечении устойчивого социально-экономического развития территорий. Они позволяют проводить пространственный анализ, выявлять закономерности использования земель, прогнозировать негативные процессы (эрозию, деградацию почв) и разрабатывать эффективные меры по их предотвращению. Использование цифровых карт и аналитических инструментов повышает точность планирования и снижает риски, связанные с неопределенностью и недостатком информации.

В Республике Казахстан цифровизация землеустройства активно поддерживается в рамках государственных инициатив, таких как Цифровой Казахстан и развитие концепции «умного сельского хозяйства». Эти программы направлены на внедрение инновационных технологий, автоматизацию процессов управления ресурсами и повышение конкурентоспособности агропромышленного комплекса. В условиях ограниченности земельных ресурсов и изменения климатических условий цифровые решения становятся необходимым инструментом рационального использования сельскохозяйственных угодий. Таким образом, цифровизация землеустройства на основе ГИС является важнейшим фактором повышения эффективности управления земельными ресурсами. Она обеспечивает комплексный подход к анализу и использованию территорий, способствует устойчивому развитию и позволяет адаптироваться к современным вызовам, включая рост населения, изменение климата и необходимость обеспечения продовольственной безопасности. Среди авторитетных источников, подтверждающих значимость данного направления, можно выделить материалы Продовольственная и сельскохозяйственная организация ООН, а также исследования Всемирный банк, посвященные цифровой трансформации управления земельными ресурсами и развитию сельского хозяйства и сохранением экологической устойчивости.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРНЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. Ж.М. Аукажиева, Г.С. Сартабаева, А.С. Кемпирбаева «Геоақпараттық жүйе негіздері және сандық такырыптық картографиялау»
2. Ж.М. Аукажиева, Б.Е. Мусағалиева «Ғарыштық суреттерді өңдеуге арналған QGIS бағдармалық өнімін қолдану»

ӘОЖ 712.3:630.907.2(574.51)

Әлмұратова А.М., Жилкибаева Э.С.
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

ЛАНДШАФТТЫҚ ЖОБАЛАУ НЕГІЗІНДЕ TERENSAY_ECO ДЕМАЛЫС АЙМАҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Ғылыми жұмыс Terensay_eco демалыс аймағын ландшафттық жобалау және эко-дизайн қағидағары негізінде ұйымдастыруға арналған. Жобаның негізгі мақсаты – табиғи органы сақтай отырып, адамдарға жайлы, функционалды және эстетикалық тұрғыдан тартымды демалыс кеңістігін қалыптастыру.

Зерттеу нысаны ретінде Алматы облысы, Талғар ауданы аумағында орналасқан жалпы көлемі 0,25 га (2500 м²) болатын жер телімі қарастырылды. Аумақтың тау етегіне жақын орналасуы оның табиғи-климаттық ерекшеліктерін ескеруді талап етеді.

Ғылыми жұмыстың талдау бөлімінде аумақтың рельефі, экологиялық жағдайы, көлік қолжетімділігі және тарихи қалыптасуы зерттелді. Сонымен қатар аумақтағы жасыл желектерге инвентаризация жүргізіліп, олардың түрлік құрамы мен жағдайы анықталды.

Жобалық бөлімде аумақты эко-дизайн қағидаттарына сәйкес ұйымдастыру қарастырылды. Негізгі концепция табиғи және жасанды элементтердің үйлесімділігін қамтамасыз етуге бағытталған. Жобалау барысында құрылыс тығыздығын азайту және табиғи кеңістікті сақтау басты принцип ретінде алынды.

Территория функционалдық тұрғыдан бірнеше аймаққа бөлінді:

- тұрғын демалыс аймағы;
- қоғамдық демалыс аймағы;
- ас дайындау аймағы;
- ұлттық-мәдени аймақ;
- шаруашылық аймақ;
- релаксациялық аймақ.

Әрбір аймақ өз қызметіне сәйкес орналастырылып, өзара байланысы қамтамасыз етілді.

Аумақта тек 3 үйшік орналастырылуы саналы түрде қабылданған шешім болып табылады. Бұл шешім аумақтың көлеміне және эко-дизайн қағидаттарына сәйкес келеді және табиғи ортаны сақтауға мүмкіндік береді. Үйшіктер арасындағы арақашықтық шамамен 5–7 м, бұл кеңістікті тиімді пайдалануға және демалушылар үшін жеткілікті жайлылық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жобада киіз үй ұлттық-мәдени элемент ретінде енгізіліп, аумақтың көркемдік және туристік тартымдылығын арттырады. Сонымен қатар беседкалар, от жағу аймағы және монша әртүрлі демалыс түрлерін ұйымдастыруға жағдай жасайды.

Ландшафттық жобалау барысында табиғи материалдарды қолдану, жасыл желектерді сақтау және аумақтың табиғи құрылымын бұзбау негізгі назарда болды. Нәтижесінде Terensay_eco демалыс аймағы экологиялық тұрғыдан тұрақты, функционалды және заманауи рекреациялық кеңістік ретінде ұсынылды.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әбдіразақов А.Ә. Ландшафттық дизайн негіздері. – Алматы: ҚазҰАУ, 2018. – 215 б.
2. Баймұханова Г.С. Көгалдандыру және абаттандыру. – Алматы, 2020. – 180 б.
3. СНиП РК 3.01-01-2013. Градостроительство. Планировка и застройка городских и сельских населённых пунктов. – Астана, 2013.
4. СН РК 3.01-105-2013. Благоустройство территорий населённых пунктов. – Астана, 2013.
5. Қожахметов Қ.К. Сәндік өсімдіктер және көгалдандыру. – Алматы: Эверо, 2017. – 256 б.
6. Жұмабекова А.Т. Экологиялық дизайн және тұрақты орта. – Алматы, 2019. – 198 б.

ӘОЖ 556.55:639.2/.3(574.51)

Дүйсенбекова Г.Г., Искакова Г.О.

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

«ҚАПШАҒАЙ СУҚОЙМАСЫНДАҒЫ АЛАБҰҒА ТҰҚЫМДАС БАЛЫҚТАР ПОПУЛЯЦИЯСЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ»

Қапшағай суқоймасы Қазақстандағы ірі жасанды су айдындарының бірі болып табылады және балық шаруашылығында маңызды рөл атқарады. Соңғы жылдары суқоймадағы ихтиофауна құрамында өзгерістер байқалуда, әсіресе алабұға тұқымдас балықтардың саны мен таралуында ауытқулар орын алуда. Бұл жағдай экологиялық факторлар мен антропогендік әсерлерге байланысты болуы мүмкін.

Бұл жұмыстың мақсаты - Қапшағай суқоймасындағы алабұға тұқымдас балықтар популяциясының динамикасын зерттеу және оған әсер ететін негізгі факторларды анықтау.

Зерттеу барысында суқоймадағы балықтардың сандық көрсеткіштері, жас ерекшелік құрамы және таралу аймақтары талданды. Көксеркенің жынысқа жетілу кезеңдері II, III және VI-VII кезеңдерді қамтыды. Оның ішінде басым бөлігі II кезеңді құрады (70,9 %). Зерттеуден байқағанымыздай, көксерке популяциясында қондылығы, жыныстық арақатынасы, тұқымдылығы және жастық құрамы бойынша айтарлықтай өзгерістер жоқ. Бұл көрсеткіштерді алдыңғы жылдармен салыстырмалы түрде жасалған жұмыстардан көруге болады. Балқаш – Іле суалабы мен Қапшағай суқоймасында кәсіптік ауланатын көксеркенің кәсіптік өлшемі 38 см. Көксерке популяциясына кәсіптік өлшемді нақтылап қойғанмен, нарықта сұранысқа ие болуына байланысты Балқаш – Іле суалабы мен Қапшағай суқоймасында аталмыш жыртқыш балық кәсіптік қысымға көп ұшырайды.

Көксерке популяциясы бекіре мен бақтахан кейінгі құны жоғары, сұранысқа ие балық болып табылады. Көксеркенің еті мықты деликатес болып табылады. Сол себепті Еуропа елдерінен сұраныс жыл өткен сайын арта түсуде. Көксеркенің етін экспортқа дайындау жұмыстармен бірге олардың қоры сарқылмас үшін жасанды өсіру (тоғанда қолдан өсіру) шаралары да жүзеге асуда. Кәсіптік қысым артқан сайын көксерке қоры азайып барады. Сондықтан, азайып бара жатқан бұндай бағалы балық түрлерін сақтап қалып, оның жеке түрін көбейтіп, халықты балық өнімдерімен қамтамасыз ету бүгінгі күні өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Сол себепті, бұндай бағалы балық түрлерін жан-жақты зерттеп қарастырған жөн. Шектен тыс аулауға шек қою, уылдырық шашатын мезгілде аулауға тыйым салып, қатаң бақылауда ұстау керек. Сонымен қатар, кәсіптік өлшемін бекіту керек.

Алабұға тұқымдас балықтардың популяция динамикасы маусымдық және көпжылдық өзгерістермен сипатталады. Кейбір кезеңдерде олардың санының артуы байқалса, басқа уақыттарда азаю тенденциясы тіркеледі. Бұл өзгерістер табиғи көбею жағдайлары мен сыртқы ортаның тұрақсыздығына тәуелді.

Зерттеу нәтижесінде алабұға тұқымдас балықтардың популяциясы тұрақсыз сипатқа ие екені анықталды. Популяция санының өзгеруіне су деңгейінің ауытқуы, температура режимі және антропогендік қысым айтарлықтай әсер етеді.

Қапшағай суқоймасындағы алабұға тұқымдас балықтардың популяциясын тұрақтандыру үшін экологиялық мониторингті күшейту, балық аулауды реттеу және су экожүйесінің жағдайын жақсарту қажет. Бұл шаралар балық ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Асылбекова С.Ж., Нұрғазы Қ.Ш. «Жеке ихтиология» 2017ж.
2. Дукравец Г.М., Мамилов Н.Ш. Материалы о морфологии и биологии окуневых рыб из бассейна р.Чу // Вопросы ихтиологии. 1992. №6.-С. 100-114
3. Нұрғазы, Қ.Ш. Өнеркәсіптік балық аулау негіздері оқулық / Қ.Ш. Нұрғазы, А.С. Асылбекова, Г.Б. Кегенова.- Алматы: ҚазҰАҒУ, 2013. - 403 б.
4. Сейтбаев Қ.Ж. Балық шаруашылығы оқулық / Қ.Ж. Сейтбаев.- Алматы: Эверо, 2012.- 300 б.
5. Никольский Г.В. Теория динамики популяций рыб. – М.: Пищевая промышленность, 1974. – 447 с.
6. Кушнарченко А.И. Экология рыб пресноводных водоемов. – М.: Агропромиздат, 1988. – 191 с.
7. Аблайсанова Г.М., Т.Т. Баракбаев Іле өзені мен Қапшағай суқоймасында кездесетін жыртқыш балықтар және олардың кәсіптік маңызы /Журнал Жаршы. 2009 ж. № 4. 62 б.

ЫРҒЫЗ-ТОРҒАЙ РЕЗЕРВАТЫНДАҒЫ АҚБӨКЕНДЕРДІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТАРАЛУЫ

Қазақстанның кең байтақ даласы жануарлар дүниесіне, әсіресе ақбөкен (киік) популяциясына қолайлы табиғи орта болып табылады. Ақбөкен – шөл және шөлейт аймақтарға бейімделген, өте жүйрік әрі табынмен тіршілік ететін жабайы жануар. Ол табиғи ортадағы өсімдіктермен қоректеніп, маусымдық көші-қон арқылы экожүйелік тепе-теңдікті сақтауда маңызды рөл атқарады.

Ақбөкендердің негізгі мекендейтін аймақтарының бірі – Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты. Бұл ерекше қорғалатын аумақ Қызылорда, Ақтөбе, Қостанай және Қарағанды облыстарының түйіскен жерінде орналасқан. Резерваттың басты мақсаты – киік популяциясын сақтау, көбейту және табиғи органы қорғау. 2007 жылы құрылғаннан бері оның аумағы кеңейтіліп, қазіргі таңда 1,4 млн гектардан астам жерді қамтиды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, киік саны табиғи және антропогендік факторларға байланысты жыл сайын өзгеріп отырады. ХХ ғасырдың басында киік саны күрт азайып, жойылу қаупіне ұшыраған. Кейін табиғатты қорғау шараларының нәтижесінде оның саны қайта көбейген. Дегенмен браконьерлік, аурулар, климаттық өзгерістер және инфрақұрылымның дамуы киік популяциясына кері әсерін тигізуде.

2009–2019 жылдар аралығындағы мәліметтер киік санының кезең-кезеңмен өскенін көрсетеді. Әсіресе Бетпақдала популяциясы саны жағынан басым болып, табиғи ортаға жақсы бейімделгенін дәлелдейді. Алайда кейбір жылдары індеттер мен қолайсыз ауа райы салдарынан популяция саны күрт төмендеген жағдайлар да болған.

Ақбөкендер биологиялық тұрғыдан ерекше бейімделген жануарлар қатарына жатады. Олар тәулігіне жүздеген шақырымға дейін көше алады, өсімдіктердің 80-нен астам түрімен қоректенеді және көбею қабілеті жоғары. Киіктердің тағы бір ерекшелігі – табынмен өмір сүруі және көші-қон кезінде экожүйеге зиян келтірмеуі.

Ырғыз-Торғай резерватының табиғи жағдайы құстар, сүтқоректілер, бауырымен жорғалаушылар мен өсімдіктердің алуан түрлілігін сақтауға мүмкіндік береді. Мұнда 250-ден астам құс түрі, ондаған сүтқоректі жануарлар және 400-ден астам өсімдік түрі кездеседі. Бұл аумақ халықаралық деңгейде маңызды экологиялық аймақ болып саналады.

Сонымен қатар резерватта ғылыми зерттеулер, мониторингтік бақылау және әуе арқылы санақ жұмыстары жүйелі түрде жүргізіледі. Заманауи технологияларды қолдану (GPS, дрон, спутниктік бақылау) киік популяциясын нақты бағалауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, ақбөкен – Қазақстан табиғатының символы әрі экожүйенің маңызды бөлігі. Оны сақтау тек экологиялық емес, сонымен қатар экономикалық және ғылыми тұрғыдан да маңызды. Ырғыз-Торғай сияқты резерваттарды дамыту, қорғау шараларын күшейту және браконьерлікке қарсы күресті күшейту арқылы киік популяциясын тұрақтандыруға және көбейтуге толық мүмкіндік бар.

Қазіргі кезде киіктерді қорғаумен ҚР АШМ орман және аңшылық шаруашылығы комитеті және өздеріне бағынышты облыстық орман және аңшылық шаруашылығы инспекциясы айналысады.

Ұшақпен (АН-2) ақбөкенді санау жұмысы жүргізілді. Оған Қазақстанның Зоология институтының, ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман мен аңшылық шаруашылығы комитетінің, «Охотзоопромнің», облыстардың орман мен аңшылық шаруашылығы басқармаларының, Қазақстанның биоәртүрлілікті сақтау ассоциациясының қызметкерлері және Өзбекстаннан ақбөкенді сақтау альянсының өкілі қатысты. Ақбөкеннің жалпы саны -

61,0 мың болса, оның бетпақдала популяциясы - 32,3 мың, үстірт популяциясы – 10,4 мың, Орал популяциясы – 18,3 мыңдай болды. 2007 жылмен салыстырғанда, ақбөкеннің жалпы саны 11,3%-ке өсті. Бірақ үстірт популяциясының саны азайғаны байқалды. Осы уақытқа дейін санақ кезінде Өзбекстанда қанша ақбөкен қалатыны әлі белгісіз болып отыр? Әрине әр жылдары ауа райына байланысты аңның саны өзгеріп отыратыны белгілі ғой. Бұл мәселені шешу үшін екі елде де бір мезгілде ақбөкенге санақ жұмысын жүргізу қажет.

«Бірғыз-Торғай» мемлекеттік табиғи резерваты аумағы негізінен шөлді және жартылай шөлді, сулы-батпақты болуымен айрықшаланады. Бұл аймақтан жан-жануарлар әлемінен құстардың 250 түрін (оның ішінде отыз екісі республикамыздың Қызыл кітабына енгізілген), сүтқоректілердің қырық екі, бауырымен жорғалаушылардың он төрт, балықтардың он шақты, қосмекенділердің төрт түрін кездестіруге болады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Есжанов Б.Е., Мұсабеков Қ.С. Териология. Оқулық.-Алматы: ЖШС РПБК "Дәуір", 2011. -264 бет
2. Жалпы аң шаруашылығы: М.К.Байбатшанов - Алматы: Эпиграф, 2015. -280 бет.
3. Қазақстанның қорықтары мен ұлттық бақтары « Алматыкітап » -2006, Құрастырушы А.А. Иващенко; 16-20 б.
4. Чирвинский, Н.П. Общее животноводство. - М., -2010. -С. 14-24.
5. Мелдебеков А.М., Бекенов А.Б. Қазақстанның сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар жануарлар. Алматы, 2008 ж. 120 б.
6. Ивантер Э.В. Териология: учебник/ Петрозавдск: Изд-во ПетрГУ, 2014. - 703 с.

ӘОЖ 674.02:330.094.5

Жүніс А.Қ.

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»

БАУМ ТОҒАЙЫНДАҒЫ АҒАШТАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫНА БАҒА БЕРУ

Аңдатпа. Бұл мақалада Алматы қаласының маңызды рекреациялық нысаны Баум тоғайының қазіргі дендрологиялық жағдайы қарастырылады.

Таксациялық жұмыс үшін тоғай аумағының төрт бағыты бойынша оңтүстік, солтүстік батыс және шығысынан 30 данадан, жалпы саны 120 дана сынақ ағашы іріктеліп алынды. Осы таңдамалы нысандарға кешенді таксациялық өлшеулер жүргізіліп, ағаш түрлері анықталып, олардың биологиялық жасы, дің диаметрі, биіктігі, желектің радиусы мен өміршеңдік деңгейіне сараптамалық баға беріледі.

Кіріспе .Алматы қаласының солтүстік - шығысында орналасқан Баум тоғайы - жай ғана жасыл алқап емес ,ол оңтүстік астананың табиғи ескерткіші. Бұл нысанның негізін 1894 жылы қаланған. Мегаполистің ауа тазалығын сақтауда және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етіп келеді. Тоғайдың жалпы ауданы 130 га, қазіргі кезде тоғай апатты жағдайда. Үлкен Алматы каналының салынуы тоғайды суаруға арналған жалғыз суару жүйесін бұзған, жер асты суы деңгейі түскен. Тоғай екпелерін ағаш зиянкестері мен ауруларға қарсы уақытылы шаралар жүргізілмегендіктен, ағаштар мен бұталардың қурауына әкеліп отыр. Бұл үрдіс тоғайдың экожүйесінің бұзылып, жасыл желектің жағдайының нашарлауына әкеліп соғуда.

Әдістер мен материалдар .Нысанның қазіргі күйін бағалау мақсатында таксациялық жұмыстар жүргізілді. Деректердің нақтылығы мен жан - жақтылығын қамтамасыз ету үшін тоғайдың төрт бағыты бойынша арнайы сынақ алаңдары белгіленген. Әр бөліктен 30

данадан жалпы жиынтығы 120 ағаш 4 - сынақ алаңы белгіленді. Зерттеу барысында келесі көрсеткіштер назарға алынды: ағаш түрлерінің таксациялық жіктелуі, дендрологиялық күйі, биологиялық жасы ,дің диаметрі. Сонымен қатар алқаағаштардың биіктік өлшемдері, желегінің диаметрі мен жалпы санитарлық жағдайы қарастырылды.

Зерттеу нәтижелері және талқылау .Сынаққа алынған негізгі түрлер қотыр шегірін, кәдімгі емен, жылтыр шегірін, қотыр қайың, үлпек ақ қайың, шынар түсті үйеңкі және теректің кейбір түрлеріне жүргізілген талдау келесідей нәтижелер көрсетті:

Зерттеу барысында Баум тоғайының төрт бөлігінен алынған сынақ ағаштарының санитарлық-таксациялық талдау жасалынды. Оңтүстік, Батыс, Шығыс, Солтүстік бөліктерінен сынақ үшін кездейсоқ ағаштарға таксациялық жұмыс жүргізу, тоғайдың барлық аумағындағы жағдайды салыстыруға мүмкіндік береді. Шегірін және еменнен тамыр микоздары анықталды Сау, әлсіреген, немесе қураған, апаттық, деп белгіленді. Нәтижесінде зерттелген ағаштардың 55,5% сау яғни жақсы, 28.6% әлсіреген ағаштар, ауру және қурап бара жатқан ағаштар 15,9% яғни түрлі деңгейде зақымдалғаны байқалып отыр.

Қорытынды Баум тоғайының төрт бағыты бойынша жүргізілген таксациялық зерттеу бойынша келесідей тұжырымдар жасалынды: тоғайдағы ағаш - бұта екпелерінің қазіргі жай-күйі «қанағаттанарлық» деп бағаланады, дегенмен ағаштардың басым бөлігі биологиялық қартаю сатысында тұр. Екпелердің өміршеңдігінің төмендеуіне климаттық өзгерістермен қатар, мегаполистің антропогендік факторлары - автокөліктердің улы түтіні мен жылу электр станцияларынан бөлінетін улы шығарындылар тікелей әсер етуде. Бұл ағаштардың тыныс алуын тежеп жағдайын әлсіреткен.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Голощапов, Г.В. Озеленение жилой застройки, С.Б. Байзаков, П.П. Бессчетнов. – Алматы: Изд – во «Агроуниверситет», 1997.
2. Мамбетов Б.Т. «Социально-экономическая оценка эффективности озеленения Крупных городов Казахстана, разработка методологии оценки эффективности программ Озеленения и рекомендации по их развитию»/ Б.Т. Мамбетов – Алматы, ТОО АФ КазНИИЛХА, 2015. – 66с
3. Мамбетов Б.Т., Майсупова Б.Д., Байтасов М.О. Состояние зеленых насаждений в Бостандыкском районе г. Алматы //В сб.: Исследов. И результаты. Книга Межд. Н.- прак. Конф. «Акт. Пробл. Лесоуправл. И кадр. Обесп. Лесн. Сект. Эк. Стран Центр. Азии». – Алматы, 2008. Электрондық ресурс – <https://izdenister.kaznau.kz/>.

ӘӨЖ 631.4:551.583

Мәден С.С., Копашева А.А.

*Биология және балық шаруашылығы кафедрасының сеньор-лекторы, магистр
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ*

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІНІҢ ТОПЫРАҚ ҚАСИЕТТЕРІНЕ ЫҚТИМАЛ ӘСЕРІ

Климаттың өзгеруі қазіргі таңда топырақ жүйелеріне әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Температураның жоғарылауы мен жауын-шашын мөлшері мен жиілігінің өзгеруі топырақтың физикалық, химиялық және биологиялық қасиеттеріне айтарлықтай ықпал етеді. Бұл өзгерістер биогеохимиялық және гидрологиялық айналымдарға әсер етіп, экожүйелердің тұрақтылығын әлсіретуі мүмкін.

Климат пен топырақ арасында тығыз өзара байланыс бар. Климаттық факторлардың ұзақ мерзімді өзгеруі топырақ түзілу процестеріне ықпал етіп, су режимін, минералдық құрамын

және органикалық заттардың түзілуі мен ыдырау қарқынын өзгертеді. Соның нәтижесінде топырақтың құнарлылығы мен құрылымы өзгеріп, ауыл шаруашылығы өнімділігіне әсер етеді.

Температураның жоғарылауы топырақтағы органикалық заттардың ыдырауын жеделдетеді. Бұл топырақтағы органикалық көміртек мөлшерінің азаюына әкеліп, құнарлылықтың төмендеуіне себеп болады. Сонымен қатар, жоғары температура микроорганизмдердің белсенділігін арттырып, қоректік заттардың айналымына әсер етеді. Алайда бұл процесс ұзақ мерзімде топырақ ресурстарының сарқылуына алып келуі мүмкін.

Жауын-шашын режимінің өзгеруі де топыраққа айтарлықтай әсер етеді. Құрғақшылық топырақтағы ылғалдың азаюына әкеліп, өсімдіктердің өсуін тежейді және микробиологиялық белсенділікті төмендетеді. Ал шамадан тыс ылғал топырақтың батпақтануына, оттегінің жетіспеуіне және өсімдік тамырларының зақымдануына себеп болады. Бұл топырақ құрылымының бұзылуына әкеледі.

Климаттың өзгеруі топырақ эрозиясының күшеюіне де ықпал етеді. Қатты жауын-шашын топырақтың құнарлы қабатын шайып кетсе, құрғақ аймақтарда жел эрозиясы күшейеді. Нәтижесінде топырақ деградациясы үдеп, жердің өнімділігі төмендейді. Сонымен қатар, температураның жоғарылауы мен буланудың артуы топырақтың тұздану процесін жеделдетеді, бұл өсімдіктердің өсуіне кері әсер етеді.

Топырақтағы тірі ағзалар климат өзгерісіне өте сезімтал. Температура мен ылғалдылықтың өзгеруі микроорганизмдердің құрамына және белсенділігіне әсер етеді. Бұл қоректік заттардың айналымын бұзып, экожүйелердің тұрақтылығын төмендетеді. Сонымен қатар, топырақ көміртек айналымында маңызды рөл атқарады. Климат өзгерісі органикалық заттардың ыдырауын күшейтіп, көмірқышқыл газының бөлінуін арттырады, бұл жаһандық жылынуды күшейтетін кері байланыс тудырады.

Қорытындылай келе, климаттың өзгеруі топырақтың барлық негізгі қасиеттеріне әсер етеді және бұл ауыл шаруашылығы мен экожүйелердің тұрақтылығына қауіп төндіреді. Сондықтан топырақты қорғау үшін эрозияға қарсы шараларды қолдану, органикалық тыңайтқыштарды пайдалану және табиғи ресурстарды тиімді басқару қажет. Топырақтың саулығын сақтау – болашақ ұрпақ үшін маңызды міндет.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Gelybó G., Tóth E., Farkas C., Horel Á., Kása I., Bakacsi Z. Potential impacts of climate change on soil properties // *Agrochemistry and Soil Science*. 67 1, 121-141.2018.
2. FAO. Әлемнің топырақ ресурстарының жағдайы. – Рим, 2015.
3. Brady N.C., Weil R.R. Топырақтың табиғаты мен қасиеттері. – 15-басылым, Pearson, 2016.
4. Докучаев В.В. Орыс қара топырағы. – Мәскеу, 1899.

ӨӘЖ 528.44:332.3

Қадыр Ш.Қ.

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІН ГАЖ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ГЕОКЕҢІСТІК АСПЕКТІЛЕРІ

Кіріспе: Қазақстанның аграрлық секторында жер ресурстарын тиімді басқару — ауылдық аумақтардың тұрақты дамуының басты шарты. СҚО жер қоры өзінің ауқымдылығымен және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің жоғары үлесімен

ерекшеленеді. Елді мекендерді жоспарлау процесі Қазақстан Республикасының Жер кодексінде бекітілген құқықтық нормалар мен жерді ұтымды пайдалану принциптеріне қатаң сәйкес келуі тиіс [ҚР Жер кодексі, 2003]. Профессор Ж. Сағынның ғылыми мектебінде негізделгендей, бұл құқықтық нормаларды іске асыру үшін дәстүрлі әдістерден автоматтандырылған геоақпараттық модельдеу форматына көшу стратегиялық маңызға ие [Sagin, 2017].

Әдістер мен материалдар: Зерттеудің теориялық негізі ретінде Ж.Т. Сейфуллиннің жер кадастры саласындағы іргелі еңбектері алынды. Оның жерді есепке алу мен мониторингтеу қағидалары ГАЖ ортасында сапалы деректер қорын құруға мүмкіндік береді [Сейфуллин, 2010]. Технологиялық тұрғыдан Р.А. Longley ұсынған геоақпараттық жүйелер мен ғылымның (GIScience) заманауи тұжырымдамалары, атап айтқанда кеңістіктік талдау мен векторизациялау әдістері қолданылды [Longley et al., 2015]. Сонымен қатар, зерттеу барысында Ж. Сағын мен әріптестері әзірлеген ауылдық елді мекендердің даму әлеуетін көпкритерийлі геокеңістіктік бағалау концепциясы басшылыққа алынды [Sagin, 2021]. Бұл әдістеме СҚО-ның 590-нан астам ауылының цифрлық карталарын жасауға негіз болды.

Нәтижелер мен талқылау: ГАЖ технологияларын СҚО елді мекендерінде қолдану келесі нәтижелерді берді:

1. Кадастрлық жүйені цифрландыру: Ж.Т. Сейфуллин ұсынған жерді тіркеу мен бағалау принциптерін ГАЖ форматына көшіру арқылы жер телімдерінің шекаралық сәйкессіздіктері жойылды. Ж. Сағынның зерттеулеріне сәйкес, қашықтықтан зондтау деректерін қолдану жер пайдаланудың ашықтығын 20-25%-ға арттыруға мүмкіндік береді [Sagin & Musabayeva, 2019].
2. Кеңістіктік модельдеу: Р.А. Longley-дің ГАЖ-ғылымдағы әдістері негізінде елді мекендердің инфрақұрылымына талдау жасалды. Буферлік талдау арқылы әлеуметтік нысандардың қолжетімділігі бағаланып, жаңа тұрғын үй кварталдарын оңтайлы орналастыру нүктелері белгіленді.
3. Құқықтық және экологиялық мониторинг: Жер кодексінің 107-бабына сәйкес елді мекен жерлерінің құқықтық режимін бақылау үшін ғарыштық мониторинг деректері пайдаланылды. Бұл Есіл өзені бойындағы су басу қаупі бар аймақтарды алдын ала анықтауға мүмкіндік берді.

Қорытынды: СҚО мысалында ГАЖ технологияларын қолдану — жер кадастрының сапасын арттыруға және ауылдық аумақтарды басқаруды заманауи халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге бағытталған кешенді қадам. Отандық жерге орналастыру мектебінің (Сейфуллин, Сағын) әдістемелік негіздері, халықаралық технологиялар (Longley) және ҚР Жер кодексінің нормалары біріккенде ғана елді мекендерді жоспарлаудың тиімді механизмі қалыптасады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Жер кодексі. 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442-II
2. Сейфуллин Ж.Т. Жер кадастры. – Алматы: КазНАУ, 2010. – 235 б.
3. Longley P.A., Goodchild M.F., et al. Geographic Information Systems and Science. – 4th Edition. – Wiley, 2015. – 480 p.
4. Sagin J. Geographic Information Systems for Land Management: Textbook. — Алматы: KazNARU, 2017.
5. Sagin J., et al. Assessment of sustainable development of rural settlements in Northern Kazakhstan using GIS technologies // Journal of Geospatial Science. — 2021.
6. Sagin J., Musabayeva M. Remote sensing applications in Kazakhstan's land administration // Research, Results. — 2019. — №2

ӘОЖ 332.3:631.4

Берикбаев А.А.

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

ТАУ-КЕН ӨНДІРІСІНІҢ ӘСЕРІНЕН БҰЗЫЛҒАН ЖЕРЛЕРДІ РЕКУЛЬТИВАЦИЯ ЛАУ ӘДІСТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ (ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА)

Кіріспе. Жамбыл облысы аумағында тау-кен өндірісінің қарқынды дамуы табиғи ортаға елеулі антропогендік жүктеме түсіріп, жер ресурстарының деградациясына, топырақ жамылғысының бұзылуына және экожүйелердің тұрақсыздануына әкелуде. Ашық әдіспен жүргізілетін кен өндіру барысында карьерлер, үйінділер және өндірістік қалдықтар қалыптасып, жер бедері түбегейлі өзгереді. Бұл топырақтың физикалық-химиялық қасиеттерінің нашарлауына, гумус мөлшерінің азаюына және өсімдік жамылғысының жойылуына себеп болады [1].

Осыған байланысты бұзылған жерлерді рекультивациялау және олардың экологиялық қызметін қалпына келтіру өзекті ғылыми және практикалық міндет болып табылады. Зерттеудің мақсаты – Жамбыл облысындағы тау-кен өндірісі нәтижесінде бұзылған жерлерді қалпына келтірудің тиімді әдістерін анықтау және оларды жетілдіру жолдарын ұсыну. Зерттеу міндеттері: бұзылған аумақтардың кеңістіктік таралуын анықтау, топырақтың деградация деңгейін бағалау, рекультивацияның қолданыстағы әдістерін талдау және өңірдің табиғи-климаттық ерекшеліктеріне бейімделген технологияларды негіздеу.

Зерттеу барысында геоақпараттық жүйелер (GIS) мен қашықтықтан зондтау әдістері қолданылды. Бұл технологиялар бұзылған аумақтарды картаға түсіруге және олардың өзгеру динамикасын бағалауға мүмкіндік береді [2]. Сонымен қатар, далалық және зертханалық зерттеулер топырақтың агрохимиялық көрсеткіштерін анықтауға бағытталды [3].

Зерттеу нәтижесінде бұзылған жерлердің негізгі типтері анықталып, олардың табиғи қалпына келу әлеуетінің төмен екені белгілі болды. Осыған байланысты рекультивацияның техникалық және биологиялық кезеңдерін кешенді түрде қолдану қажеттілігі дәлелденді. Техникалық кезеңде жер бедерін тегістеу, құнарлы топырақ қабатын қалыптастыру және эрозияны болдырмау шаралары жүзеге асырылады [4]. Ал биологиялық кезеңде өсімдік жамылғысын қалпына келтіру және топырақ құнарлылығын арттыру жұмыстары жүргізіледі [5].

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, рекультивацияның тиімділігі топырақ қабатын дұрыс қалыптастыруға, органикалық тыңайтқыштарды қолдануға және жергілікті жағдайға бейімделген өсімдік түрлерін таңдауға тікелей байланысты. Жамбыл облысының құрғақ климаттық жағдайын ескере отырып, құрғақшылыққа төзімді көпжылдық шөптер мен бұталарды пайдалану ұсынылады [6].

Жамбыл облысының табиғи-климаттық ерекшеліктерін ескере отырып, құрғақшылыққа төзімді өсімдіктерді пайдалану ұсынылады. Бұл тәсіл топырақты бекітуге және экожүйенің тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, органикалық тыңайтқыштарды қолдану топырақтың биологиялық белсенділігін жақсартады [7].

Қорытынды: тау-кен өндірісі нәтижесінде бұзылған жерлерді қалпына келтіруде кешенді және ғылыми негізделген тәсілдерді қолдану экожүйелердің тұрақтылығын қамтамасыз етуге және жер ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. A.D. Bradshaw Тау-кен жұмыстары нәтижесінде бұзылған жерлерді табиғи процестер арқылы қалпына келтіру // Экологиялық инженерия. 1997.
2. P.A. Burrough, R.A. McDonnell Геоақпараттық жүйелердің негіздері. – Оксфорд, 1998.

3. J.W. Doran, M.R. Zeiss Топырақ денсаулығы және тұрақтылық // Қолданбалы топырақ экологиясы. 2000.
4. T.J. Toy, J.J. Griffith, E.A. Ripley Қатты бұзылған жерлерді рекультивациялау. – Мэдисон, 2001.
5. M.H. Wong Тау-кен өндірісімен бұзылған топырақтарды экологиялық қалпына келтіру // Қоршаған ортаның ластануы. 2003.
6. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі. Жерді рекультивациялау бойынша әдістемелік нұсқаулық. – Астана, 2020.
7. T. Lillesand, R. Kiefer Қашықтықтан зондтау және кескіндерді интерпретациялау. – Wiley баспасы, 2015.

ӘОЖ 332.72

Ныгметулла Г.Г.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,

АСТАНА ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: МАРКЕТИНГТІК АСПЕКТ

Астана қаласының жылжымайтын мүлік нарығы Қазақстан экономикасының ең қарқынды дамып келе жатқан сегменттерінің бірі болып табылады. Бұл оның елорда мәртебесімен, урбанизацияның жоғары деңгейімен және инвестициялардың тұрақты ағынымен түсіндіріледі. Осыған байланысты жылжымайтын мүлік нарығын маркетингтік тұрғыдан зерттеу, атап айтқанда тұтынушылардың қалауы, нарықты сегментациялау және бәсекелестік ортаны талдау өзекті мәселе болып табылады.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, 2025 жылы Астанада тұрғын үйді сатып алу-сату бойынша шамамен 93 мың мәміле тіркелген, бұл алдыңғы жылдан 20–22%-ға жоғары. Тұрғын үй бағасының орташа жылдық өсімі 15–18% шамасында болды, жаңа құрылыстардағы бір шаршы метрдің құны 580–730мың теңге аралығында өзгерді. Бұл көрсеткіштер инвестициялық сұраныстың жоғары екенін және ұсыныстың шектеулілігін көрсетіп, девелоперлер арасындағы бәсекелестікті күшейтеді.

Маркетингтік тұрғыдан алғанда, Астана қаласындағы жылжымайтын мүлік нарығы сұраныстың жоғары динамикасымен және оның құрылымдық әртараптануымен сипатталады. Бұл ретте нарықты сегментациялау ерекше маңызға ие, ол келесі негізгі тұтынушы топтарын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

- жас отбасылар;
- инвесторлар;
- жоғары табысты топ;
- жалға алушылар.

Алайда тәжірибеде құрылыс компаниялары бұл сегментацияны толық ескере бермейді, нәтижесінде ұсыныс нақты сұранысқа толық сәйкес келмейді.

Сонымен қатар, жылжымайтын мүлік нарығын тиімді талдау үшін маркетингтің классикалық 4P моделі қолданылуы тиіс. Бұл тәсіл Астана қаласындағы тұрғын үй нарығының құрылымын кешенді бағалауға мүмкіндік береді.

Біріншіден, Product (өнім) элементі тұрғын үйдің сапалық және функционалдық сипаттамаларын қамтиды. Астана нарығында тұрғын үй тек баспана ретінде емес, өмір сүру сапасының көрсеткіші ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, девелоперлер әртүрлі тұтынушы сегменттеріне бейімделген өнім ұсынуы қажет.

Екіншіден, Price (баға) саясаты нарықтың тепе-теңдігін анықтайтын негізгі құралдардың бірі болып табылады. Тұрғын үй бағасының өсуі сұраныстың жоғары екенін көрсеткенімен, маркетингтік тұрғыдан бағаның қолжетімділігі маңызды. Ипотекалық

бағдарламалар, бөліп төлеу жүйелері және мемлекеттік қолдау құралдары баға факторын жұмсартуға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, Place (өткізу арналары) жылжымайтын мүлікті сату тәсілдерін сипаттайды. Қазіргі уақытта дәстүрлі сату бөлімдерімен қатар онлайн-платформалардың рөлі айтарлықтай артып отыр. Цифрлық арналар арқылы сатылым жүргізу мәміле жасау процесін жеңілдетіп, тұтынушыларға қолжетімділікті арттырады. Бұл өз кезегінде нарықтың ашықтығын қамтамасыз етеді.

Төртіншіден, Promotion (жылжыту) элементі тұтынушылармен тиімді коммуникация орнатуға бағытталған. Астана нарығында таргеттелген жарнама, әлеуметтік желілер, виртуалды турлар және цифрлық маркетинг құралдары кеңінен қолданылуда. Сонымен қатар, құрылыс компанияларының брендті мен беделі сатып алу шешіміне тікелей әсер етеді, бұл сенім факторының маңыздылығын көрсетеді.

Оған қоса, еліміз үшін шетелдік тәжірибе маңызды бағдар бола алады. Мәселен, АҚШ және Еуропа елдерінде big data талдауға негізделген data-driven маркетинг кеңінен қолданылады, бұл сұранысты дәл болжауға және ұсыныстарды жекелендіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, дамыған нарықтарда иммерсивті технологиялар және жылжымайтын мүлікті толық онлайн сатып алу сервистері кең таралған. Астанада мұндай құралдар енгізіле бастағанымен, әлі де толық дамымаған, бұл нарықтың цифрлық трансформациясы үшін үлкен әлеует бар екенін көрсетеді.

Қорытындылай келе, Астана қаласының жылжымайтын мүлік нарығы жоғары қарқынмен дамып, инвестициялық тартымдылығымен және сұраныстың тұрақты өсуімен ерекшеленеді. Дегенмен, маркетингтік тұрғыдан алғанда сегментацияның жеткіліксіздігі, тұрғын үйдің қолжетімділік мәселелері және цифрлық құралдардың толық игерілмеуі нарықтың тиімді дамуын шектейді. Осыған байланысты:

- 4P маркетингтік моделін жүйелі түрде қолдану;
- тұтынушыларды нақты сегменттерге бөлу;
- икемді баға саясатын енгізу және цифрлық маркетинг құралдарын кеңінен пайдалану

маңызды.

Жалпы алғанда, аталған шараларды іске асыру Астана қаласындағы жылжымайтын мүлік нарығының тұрақты, теңгерімді және бәсекеге қабілетті дамуын қамтамасыз етеді. Бұл бастамаларды енгізу жылжымайтын мүлік нарығында тұрақты өсімді қамтамасыз етеді және тұтынушылардың сұраныстарын жақсырақ қанағаттандырады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы. Тұрғын үй нарығы бойынша статистикалық деректер, 2024–2025.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі. Жылжымайтын мүлік нарығына шолу. – 2025.
3. National Association of Realtors. Real Estate in a Digital Age 2023 Report. – АҚШ, 2023.
4. Idealista. European Property Market Analysis. – 2024.

ӘОЖ 332.72

Жолдығали А.Р.

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

АСТАНА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК НАРЫҒЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Астана қаласындағы жылжымайтын мүлік нарығы соңғы жылдары жоғары қарқынмен дамып келе жатқан урбанизацияланған аймақтардың бірі болып табылады.

2025–2026 жылдары ол Қазақстандағы ең белсенді нарықтардың бірі ретінде қалыптасып отыр. Нарықтағы ұсыныстар мен соңғы аналитикалық деректерге сәйкес, елордада тұрғын үйге деген сұраныс жоғары деңгейде сақталып, бағаның тұрақты өсуі байқалады. 2025 жылы бастапқы нарықта тұрғын үйдің орташа бағасы 1 м² үшін 550–700 мың теңге аралығында болса, 2026 жылдың басында бұл көрсеткіш 650–800 мың теңгеге дейін жетті. Бұл өсім урбанизация, халық санының артуы және инвестициялық сұраныстың жоғары болуымен түсіндіріледі[1;2].

Астана қаласының жылжымайтын мүлік нарығын басқа ірі қалалармен салыстырғанда оның даму қарқыны мен құрылымдық ерекшеліктері айқын көрінеді. Мысалы, Алматы қаласында тұрғын үй бағасы жоғары деңгейде сақталғанымен, нарықтың өсу қарқыны баяулап, тұрақтану кезеңіне өткен. Алматыда 2025–2026 жылдары орташа баға шамамен 700–900 мың теңге/м² деңгейінде қалыптасқанымен, жылдық өсім 5–8% шамасында ғана байқалады, бұл нарықтың қаныққанын көрсетеді[2].

Ал Шымкент қаласында тұрғын үй бағасы айтарлықтай төмен деңгейде қалыптасқан — шамамен 350–500 мың теңге/м². Дегенмен, сұраныс көлемі мен инвестициялық белсенділік Астанаға қарағанда әлсіз, ал нарықтың өсу қарқыны тұрақсыз сипатқа ие. Бұл қалада ұсыныс пен сұраныс арасындағы теңгерім салыстырмалы түрде сақталғанымен, нарықтың инвестициялық тартымдылығы төмендеу[2].

Халықаралық деңгейде салыстырғанда да Астана қаласының нарығы дамушы мегаполистар қатарына жатады. Мысалы, Түркияның Ыстамбұл қаласында 2023–2024 жылдары тұрғын үй бағасының жылдық өсімі жоғары инфляция әсерінен 10–15% деңгейінде қалыптасқан, ал кейбір кезеңдерде бұл көрсеткіш жоғары болған[3]. Сонымен қатар, Польша астанасы Варшава қаласында тұрғын үй бағасының өсуі 2024–2025 жылдары шамамен 7–10% аралығында болып, бұл өсім халық табысының артуы мен ипотекалық несиелеудің қолжетімділігімен байланыстырылады[4]. Бұл қалалармен салыстырғанда Астана қаласында бағаның өсу қарқыны 10–20% аралығында болып, салыстырмалы түрде жоғары екенін көрсетеді.

2025–2026 жылдары Астана қаласында нарық құрылымында да маңызды өзгерістер байқалды. Біріншіден, жаңа тұрғын үй кешендерінің саны артқанымен, олардың басым бөлігі орта және жоғары баға сегментіне бағытталған. Бұл қолжетімді тұрғын үй ұсынысының жеткіліксіздігін көрсетеді. Екіншіден, қайталама нарықта баға өсімі сақталып, кейбір аудандарда 8–12% деңгейінде өсім тіркелді. Үшіншіден, ипотекалық бағдарламалардың өзгеруі сатып алу белсенділігіне әсер етіп, сұраныстың бір бөлігін жалға алу нарығына ауыстырды.

Өзгерістердің нәтижесінде Астана қаласындағы жылжымайтын мүлік нарығының негізгі проблемасы – тұрғын үйдің қолжетімділігінің төмендеуі болып отыр. Бағаның өсу қарқыны халық табысының өсімінен жоғары болғандықтан, тұрғындардың белгілі бір бөлігі үшін баспана сатып алу мүмкіндігі шектелуде. Бұл жағдай қаланың орталық және шеткі аудандары арасындағы айырмашылықты күшейтіп, әлеуметтік теңгерімсіздікке алып келеді.

Аталған проблеманы шешу үшін тұрғын үй нарығын кешенді дамыту қажет. Біріншіден, ұсыныс құрылымын қайта қарастырып, қолжетімді тұрғын үй жобаларына басымдық беру маңызды. Екіншіден, қаланың шеткі аудандарында көлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту арқылы тұрғындардың орталыққа тәуелділігін азайту қажет. Үшіншіден, тұрғын үйді қаржыландыру механизмдерін жетілдіру, яғни жеңілдетілген ипотекалық бағдарламаларды кеңейту және бастапқы жарна талаптарын оңтайландыру тұрғындардың сатып алу қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, нарықтағы ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету және кадастрлық деректердің өзектілігін тұрақты жаңарту бағаның негізсіз өсуін шектеуге ықпал етеді.

Қорытындылай келе, 2025–2026 жылдары Астана қаласындағы жылжымайтын мүлік нарығы басқа қалалармен салыстырғанда неғұрлым белсенді және қарқынды дамып

отырған нарық болып табылады. Дегенмен, тұрғын үйдің қолжетімділігінің төмендеуі негізгі мәселе ретінде сақталып отыр және оны шешу үшін ұсынысты кеңейту, инфрақұрылымды дамыту, қаржыландыру тетіктерін жетілдіру және нарықтың ашықтығын қамтамасыз ету бағытында жүйелі шаралар қабылдау қажет.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы. Тұрғын үй бағалары, 2023-2025 жж. <https://stat.gov.kz>
2. Қазақстандағы жылжымайтын мүлік нарығына қатысты аналитикалық шолулар, 2025–2026 жж. <https://www.kn.kz>
3. OECD. *Housing Market Developments in Turkey (Istanbul)*, 2024. <https://www.oecd.org/housing/>
4. Eurostat. *House Price Index – Poland (Warsaw)*, 2024–2025. <https://ec.europa.eu/eurostat>

ӘОЖ 332.3

Әлжан А.

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

АСТАНА ҚАЛАСЫ АУМАҒЫН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ АЙМАҚТАРҒА БӨЛҮДІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Қазіргі урбандалу жағдайында қала аумақтарын тиімді ұйымдастыру мен жер ресурстарын ұтымды пайдалану маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Қала аумағын функционалдық аймақтарға бөлу - жер пайдалану жоспарлауның негізгі тәсілдердің бірі. Бұл әдіс қала аумағын тұрғын, қоғамдық-іскерлік, өндірістік, рекреациялық және арнайы мақсаттағы аймақтарға бөліп, олардың кеңістіктік үйлесімділігін қамтамасыз етеді [1].

Астана қаласы Қазақстан Республикасының астанасы ретінде кеңінен дамып келе жатқан ірі урбандалған орталық болып табылады. Қаланың бас жоспары бойынша оның аумағы 71 014 гектарды құрайды, ал 2030 жылға арналған жобалық халық саны 1 220 мың адам деп белгіленген. Аумақтық баланс құрамында тұрғын үйлер үшін 13 629,6 гектар, өндірістік аймақ 6 951,3 гектар және рекреациялық аймақ 36 335 гектар ретінде бөлінген. Сонымен қатар, бас жоспар функционалдық және қала құрылысы аймақтарына бөлу, көгалдандыру, көше-жол желісі мен көлік инфрақұрылымын ұйымдастыру жөніндегі материалдарды қамтиды, бұл Астанада кешенді түрде аймақтарға бөлудің жүргізілетінін көрсетеді [2].

Сонымен бірге, қаладағы қазіргі даму процесі функционалдық құрылымды әрі қарай жетілдіруді талап етеді. Урбандалу, жаңа тұрғын аудандардың пайда болуы, қоғамдық орталықтардың кеңеюі және транспорт ағындарының артуы тұрғын, қоғамдық және өндірістік аумақтардың өзара байланысын тиімді ұйымдастыруды қажетті етеді. Осыған сәйкес, функционалдық аймақтарға бөлу тәсілін жетілдіруді - кеңістіктік дамуды басқарудың негізгі бағыттарының бірі ретінде қарастырылуы керек [2].

Функционалдық аймақтарға бөлуді жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі - **аумақтарды пайдаланудың теңгерімді құрылымын қалыптастыру**. Бұл тұрғын, қоғамдық-іскерлік, өндірістік және рекреациялық аймақтардың арақатынасын нақтылауды, олардың өзара ықпалын бағалауды және аумақтық резервтерді ұтымды пайдалануды көздейді. Әсіресе тұрғын аймақтарды әлеуметтік қызмет көрсету нысандарымен, қоғамдық кеңістіктермен және көлік қолжетімділігімен бірге дамыту маңызды [3].

Аралас функционалды аймақтарды дамыту ерекше назар аударуды қажет ететін басым бағыттардың бірі болып табылады. Қазіргі урбанистикада тек бір функциямен шектелмейтін, бірнеше функцияны біріктіретін аумақтардың маңызы артып келеді. Мұндай көпфункционалды аймақтар тұрғын үй кешендерін, коммерциялық нысандарды, кеңсе ғимараттарын және қызмет көрсету саласы кәсіпорындарын бір аумақта үйлесімді орналастыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдің бірқатар артықшылықтары бар: ол тұрғындардың күнделікті өмірін анағұрлым қолайлы етеді, қажетті қызметтерді жақындатады, артық сапарлар санын азайтады және қалалық кеңістікті неғұрлым белсенді әрі тартымды етеді. 2024 жылы жарияланған зерттеуде аралас пайдаланылатын аумақтардың кеңістікті неғұрлым тиімді игеруге, түрлі қызметтердің шоғырлануына және соның нәтижесінде қаладағы өмір сапасының жалпы деңгейін арттыруға ықпал ететіні атап көрсетілген. [4].

Функционалды аймақтарды оңтайландырудың маңызды аспектісі - көлік және инженерлік инфрақұрылыммен интеграцияны қамтамасыз ету. Қаланың әртүрлі аумақтарының өзара байланысы көше-жол торабы, қоғамдық көлік және инженерлік коммуникациялар арқылы жүзеге асады. Осыған орай, функционалды аймақтарды жоспарлауда олардың көлікпен қамтылуы мен инженерлік қамтамасыз етілу деңгейі ерекше назарда болуы қажет.

Шетелдік тәжірибені зерделеу тұрғысынан Жапонияның қала жоспарлау жүйесі ерекше қызығушылық тудырады. Жапонияда қалалық аумақтарды жоспарлау үдерісі «Қала құрылысы туралы заңмен» реттеледі. Аталған заңға сәйкес қалалық жерлер екі санатқа бөлінеді: урбандалуды ынталандыруға арналған аймақтар және урбандалу әдейі шектелетін аймақтар. Урбандалуды ынталандыру аймақтарында құрылыс пен инфрақұрылым жоспарлы түрде дамытылады. Ал урбандалуды шектеу аймақтары аумақтардың бейберекет әрі бақылаусыз игерілуіне жол бермеуге бағытталған. Сонымен қатар, құрылыс тығыздығы, ғимараттардың қабаттылығы және олардың нысаналы пайдаланылуы сияқты көрсеткіштерді нақты реттеу үшін заңдық күші бар жер пайдаланудың аймақтық режимдері қолданылады. [5], [6].

Жапония тәжірибесі функционалды аймақтарға бөлудің тиімділігі оның тек жоспарлық схема түрінде болуында емес, сонымен қатар нақты құқықтық және инфрақұрылымдық режимдермен бекітілуінде екенін көрсетеді. Осы тәжірибені ескере отырып, Астана қаласында функционалды аймақтарға бөлуді жетілдіру аумақтардың теңгерімді құрылымын қалыптастыру, аралас функционалды аймақтарды енгізу, рекреациялық кеңістіктерді сақтау және көлік-инженерлік жүйелермен үйлесімді жоспарлау бағытында жүргізілуі тиіс.

Қорыта айтқанда, Астана қаласы аумағын функционалды аймақтарға бөлуді жетілдіру қаланың тұрақты дамуын қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады. Бұл бағытта аралас функционалды аймақтарды дамыту, аумақтық құрылымды теңгерімді ұйымдастыру және шетелдік тәжірибені ұтымды қолдану қалалық кеңістікті тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңы.
2. Астана қаласының Бас жоспарының материалдары.
3. Қазақстан Республикасының Жер кодексі.
4. Geyer H.S. Jr. The theory and praxis of mixed-use development: An integrative literature review // Cities. – 2024. – Vol. 147. – Article 104774.
5. Introduction of Urban Land Use Planning System in Japan. – Japan Ministry of Land, Infrastructure, Transport and Tourism.

6. Urban Planning System in Japan. – Japan International Cooperation Agency; Ministry of Land, Infrastructure and Transport.

УДК 504.064.36

Мусатай С.Б.

*Казахский агротехнический исследовательский университет имени
С.Сейфуллина*

МОНИТОРИНГ ЗЕМЕЛЬ В ЦЕЛЯХ РАЦИОНАЛЬНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ УГОДИЙ

Мониторинг земель представляет собой систему систематических наблюдений за состоянием земельных ресурсов, включающую их фиксацию, анализ и оценку изменений. В Республике Казахстан объектом мониторинга являются все земли независимо от форм собственности, целевого назначения и характера использования, при этом приоритетное внимание уделяется сельскохозяйственным угодьям.

Актуальность темы обусловлена необходимостью повышения эффективности использования сельскохозяйственных земель. В стране реализуются меры по возврату неиспользуемых земель: с 2022 года в государственную собственность возвращено более 13,7 млн га, из которых значительная часть уже перераспределена. В Послании народу Казахстана поставлена задача вовлечения возвращенных земель в сельскохозяйственный оборот и обеспечения прозрачности механизмов их распределения.

Мониторинг земель осуществляется на основе Земельного кодекса Республики Казахстан и включает базовые, оперативные и периодические наблюдения. В качестве источников информации используются данные дистанционного зондирования Земли, наземные обследования, материалы государственного контроля, а также сведения из государственных информационных систем.

Важным элементом цифровизации системы мониторинга земель является внедрение специализированных геоинформационных сервисов, таких как JERKARTA, JerInSpectr и геопортал zher.gharysh.kz, обеспечивающих открытый доступ к данным о состоянии и использовании земельных ресурсов. С их помощью осуществляется выявление неиспользуемых и неэффективно используемых земель, анализ динамики их освоения, а также контроль за соблюдением требований земельного законодательства. Использование данных дистанционного зондирования Земли позволяет оперативно фиксировать изменения состояния земель и выявлять нарушения без проведения выездных проверок. По данным мониторинга, в последние годы наблюдается значительная динамика возврата земель по регионам: в Карагандинской области — более 1,2 млн га в 2022 году, в Костанайской области — свыше 500 тыс. га, в Павлодарской области — около 379 тыс. га. При этом часть возвращённых земель длительное время не вводится в сельскохозяйственный оборот, что указывает на недостаточную эффективность существующих механизмов контроля и последующего распределения. Это подтверждает необходимость не только фиксации нарушений, но и комплексного анализа данных мониторинга с целью принятия управленческих решений.

Несмотря на проводимые мероприятия, сохраняются проблемы нерационального использования земель, их деградации и недостаточной эффективности контроля. Значительная часть сельскохозяйственных угодий либо не используется, либо используется с нарушением требований законодательства.

В связи с этим возникает необходимость совершенствования системы мониторинга земель. Перспективными направлениями являются расширение использования данных

дистанционного зондирования Земли, развитие геоинформационных систем, внедрение автоматизированных платформ, а также применение современных методов анализа данных.

Таким образом, мониторинг земель является ключевым инструментом обеспечения рационального использования сельскохозяйственных угодий. Его развитие, в том числе за счет цифровых технологий, позволит повысить эффективность управления земельными ресурсами, обеспечить прозрачность их распределения и вовлечь неиспользуемые земли в хозяйственный оборот.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРНЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. Земельный кодекс Республики Казахстан от 20 июня 2003 года № 442-II [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K030000442> (дата обращения: 22.04.2026).
2. Постановление Правительства Республики Казахстан от 19 сентября 2003 года № 956 «Об утверждении Правил ведения мониторинга земель в Республике Казахстан и использования его данных» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P030000956> (дата обращения: 22.04.2026).
3. Министерство сельского хозяйства Республики Казахстан. Возврат и распределение сельскохозяйственных земель [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa/press/news/details/1151857?lang=ru> (дата обращения: 22.04.2026).
4. Государство возвращает земли в оборот: акцент на прозрачность и поддержку фермеров // Официальный сайт Премьер-Министра Республики Казахстан [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://primeminister.kz/ru/news/gosudarstvo-vozvrashtaet-zemli-v-oborot-akcent-na-prozrachnost-i-podderzku-fermerov-30530> (дата обращения: 22.04.2026).
5. Геосервис JERKARTA [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://jerkarta.gharysh.kz> (дата обращения: 22.04.2026).
6. Информационная система JerInSpectr [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://jerinspectr.gharysh.kz> (дата обращения: 22.04.2026).
7. Геопортал «Жерғарыш.kz» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://zher.gharysh.kz> (дата обращения: 22.04.2026).
8. Акционерное общество «Национальная компания Қазақстан Ғарыш Сапары» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.gharysh.kz> (дата обращения: 22.04.2026).

ӘОЖ 332.3

Болатқызы Ж.

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

ҚАЛАЛЫҚ ДАМУДА ЖЕРДІ МЕМЛЕКЕТТІК МҰҚТАЖДЫҚТАР ҮШІН АЛЫП ҚОЮДЫҢ РӨЛІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қарқынды дамып келе жатқан урбанизация жағдайында қалалық басқарудың тиімді тетіктерін әзірлеудің маңыздылығы айтарлықтай артуда. Негізгі реттеуші құралдардың бірі - көлік, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылым құрылысын жеңілдететін мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер сатып алу институты. Мұндай шараларды қолдану қалалық жерді пайдалануды оңтайландыруға ықпал етеді және тұрақты қала құрылысы үшін алғышарттар жасайды. Мәселен, А.А. Абенов атап өткендей, жерді мемлекеттік қажеттіліктер үшін алып қою өңірлік даму бағдарламаларын іске асыруда және аумақтарды жаңғыртуда маңызды рөл атқарады[1].

Дегенмен, жерді мемлекеттік қажеттіліктер үшін алып қою үдерісі тек экономикалық және қала құрылысы аспектілерімен шектелмей, құқықтық және әлеуметтік мәселелерді де қамтиды. Халықаралық тәжірибеде, әсіресе World Bank ұсынған қағидаттарға сәйкес, мұндай механизмнің тиімділігі қоғамдық мүдде мен жеке меншік құқықтарының арасындағы теңгерімді сақтауға және әділ өтемақы мен көшіру шарттарын қамтамасыз етуге байланысты[2]. Осыған байланысты жерді алып қою институтын зерттеу мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру және қалалық ортаны орнықты дамыту тұрғысынан өзекті болып табылады.

Академиялық дереккөздер бұл институттың тиімділігі мемлекеттік және жеке мүдделер арасындағы дұрыс тепе-теңдікке байланысты екенін атап өтеді. Бір жағынан, жерді мәжбүрлеп сатып алу қалалық инфрақұрылымның жылдам дамуына, жаңа функционалды аймақтардың құрылуына және аумақтардың инвестициялық тартымдылығының артуына ықпал етеді. Екінші жағынан, бұл негізгі меншік құқықтарына әсер етеді, қатаң заңды бақылауды және әділ өтемақы кепілдігін талап етеді. Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес, жерді сатып алу тек ерекше жағдайларда және мүліктің құнын толық төлеген жағдайда ғана мүмкін болады, бұл әлеуметтік тәуекелдерді азайтуға бағытталған[3].

Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер сатып алудың қала құрылысына әсерінің бір маңызды мысалы - Астана жеңіл метрополитені (Астана ЛРТ). Бұл жоба жаңа көлік инфрақұрылымын құру үшін айтарлықтай жер учаскелерін сатып алуды қамтыды. Негізгі мақсат қоғамдық көліктің тиімділігін арттыру және қалалық көлік қозғалысын оңтайландыру болды. Мұндай бастамалар қаланың кеңістіктік дамуына ықпал етеді және экономикалық өсімді ынталандырады. Дегенмен, жоба бірқатар мәселелерді де анықтады: бюджет қаражатын тиімді пайдалану мәселелері, іске асырудағы кідірістер және басқару сапасы. Бұл жағдай ірі инфрақұрылымдық жобаларды бағалау кезінде тек экономикалық ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік факторларды да ескеру қажеттілігін көрсетеді[4].

Мемлекеттік мұқтаждықтар үшін жерді алып қою үдерісін қалалық дамумен тиімді ұштастыру мақсатында инфрақұрылымды тек кеңейту емес, оны тұрғындардың нақты қажеттіліктеріне бейімдеу маңызды. Алынған аумақтарда көлік желілерін орталықпен қатар шеткі аудандармен байланыстырып, сондай-ақ тұрғын аймақтарды әлеуметтік нысандармен (мектептер, медициналық мекемелер, қызмет көрсету орталықтары) қатар дамыту қажет. Сонымен бірге, бұл үдерісте халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарының мүдделерін ескеру, әсіресе осал топтардың өмір сүру жағдайын нашарлатпау маңызды. Осы негізде қолжетімді тұрғын үй, жаңа жұмыс орындары және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту қаланың теңгерімді дамуын қамтамасыз етеді.

Осылайша, Қазақстандағы қала құрылысы аясында мемлекеттік қажеттіліктер үшін жерді алу процесі екі жақты құбылыс болып табылады. Бір жағынан, бұл құқықтық құжат ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға ықпал етеді, сонымен қатар қалалық ортаны жаңғыртуға ықпал етеді. Екінші жағынан, оның табысы құқықтық реттеу дәрежесімен, рәсімдердің ашықтығымен және халықтың мүдделерін ескерумен анықталады. Елдегі урбанизацияның жалғасуын ескере отырып, жерді мәжбүрлеп алу механизмін жетілдіру әлеуметтік әділеттілік пен экономикалық тиімділікті арттыруға бағытталса, бұл тұрақты қала құрылысын қамтамасыз етуде және азаматтардың өмір сүру деңгейін жақсартуда маңызды фактор болады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. <https://cyberleninka.ru/article/n/izyatie-zemel-dlya-gosudarstvennyh-nuzhd-v-respublike-kazahstan-po-programme-razvitiya-regionov-do-2020-goda>
2. <file:///C:/Users/user/Downloads/LAR-SOP-Final-13032018.pdf>
3. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030000442>
4. https://kk.wikipedia.org/wiki/Астана_жеңіл_метрополитені

УДК 630.266:631.15:528.8(574.24)

Сатыбалдиева Г.Т., Сарсекова Д.Н.

Казахский национальный аграрный исследовательский университет

МОНИТОРИНГ ПОЛЕЗАЩИТНЫХ ЛЕСНЫХ ПОЛОС НА СЕЛЬХОЗУГОДИЯХ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Акмолинская область является одним из ключевых аграрных регионов Казахстана, находясь в зоне рискованного земледелия. Одной из главных угроз для устойчивого производства зерновых культур здесь выступает ветровая эрозия и дефицит влаги. В этих условиях полезащитные лесные полосы (ПЛП) играют роль «биологического щита», снижая скорость ветра, способствуя снегозадержанию и улучшая микроклимат полей. Однако за последние десятилетия состояние лесополос региона значительно ухудшилось, что обуславливает острую необходимость внедрения комплексного мониторинга.

Большая часть лесомелиоративных насаждений в Акмолинской области была создана в 60–80-х годах прошлого века. На сегодняшний день значительная их доля находится в стадии деградации из-за достижения биологического предела возраста, отсутствия системного ухода, незаконных вырубок и периодических пожаров. Без оперативных данных о текущем состоянии ПЛП невозможно планировать мероприятия по их реконструкции и эффективному расширению.

Традиционные наземные методы обследования лесополос в масштабах области крайне трудозатратны и малоэффективны. Современный мониторинг должен базироваться на сочетании трех уровней сбора данных:

1. Дистанционное зондирование Земли (ДЗЗ): Использование спутниковых снимков позволяет проводить инвентаризацию насаждений, оценивать их протяженность и целостность. Расчет вегетационных индексов, таких как NDVI, помогает выявлять участки с угнетенной растительностью.

2. Применение БПЛА: Дроны обеспечивают получение сверхвысокого разрешения, позволяя оценивать полноту насаждений, высоту деревьев и наличие прогалов (опушек), которые снижают ветроломную эффективность полос.

3. Наземная верификация: Полевые выезды необходимы для определения видового состава (основные породы — береза повислая, сосна обыкновенная, вяз приземистый) и фитосанитарного состояния деревьев.

Основной целью мониторинга является создание геоинформационной системы (ГИС), которая будет включать цифровую карту всех ПЛП региона. Это позволит решать следующие задачи:

Определение таксационных показателей (высота, диаметр, густота).

Классификация лесополос по категориям состояния: «хорошее», «удовлетворительное», «неудовлетворительное» (требующее восстановления).

Оценка влияния полос на урожайность прилегающих полей путем корреляционного анализа данных ДЗЗ по лесу и по посевам.

Внедрение системы регулярного мониторинга позволит оптимизировать бюджетные расходы на лесомелиорацию. Вместо точечных и случайных посадок регион сможет перейти к стратегии восстановления наиболее критических участков. Это обеспечит долгосрочную защиту почв от дефляции, повысит влагообеспеченность полей (за счет равномерного распределения снега) и, как следствие, стабилизирует урожайность сельскохозяйственных культур в условиях меняющегося климата.

Таким образом, мониторинг ПЛП в Акмолинской области — это не просто экологическая задача, а критически важный элемент продовольственной безопасности и устойчивого управления агроландшафтами.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРНЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. Национальный доклад о состоянии окружающей среды и об использовании природных ресурсов Республики Казахстан за 2023 год [Текст]: каталог Министерство экологии и природных ресурсов РК. - Астана, 2024.- 448 с.
2. Паводки 2024 года: социальная помощь гражданам, строительство и восстановление домов и инфраструктуры. Официальный информационный ресурс Премьер министра Республики Казахстан. – Астана, 2024.- 3 с.- URL <https://primeminister.kz/ru/news/reviews/pavodki-2024-goda-sotsialnaya-pomoshch-grazhdanam-stroitelstvo-i-vostanovlenie-domov-i-infrastruktury-29521> (дата обращения 25.12.2024).[Текст]: электронный
3. Крючков, С.Н., Беляев, А.И., Пугачева, А.М. и др. Научно-методические указания по сортовому семеноводству деревьев и кустарников для лесомелиорации аридных территорий [Текст]: /С.Н.Крючков //Научно-методические рекомендации – Волгоград: ФНЦ агроэкологии РАН, 2022. - 52 с.
4. Сарсекова, Д.Н., Мухтубаева, С.К., Шалдыбаева, А.Н., Жарлыгасов, Ж.Б. Ақмола облысында көгалдандыруға енгізу үшін перспективалы бұталы өсімдіктердің құрғақшылыққа төзімділігін зерттеу [Текст] /Д.Н. Сарсекова //Многопрофильный научный журнал КГУ им А.Байтурсынова «3i:intellect, idea, innovation - интеллект, идея, инновация». – 2023. - № 4. – С. 85-95.

УДК: 17:004.6:528.4

Семеренко Александр Викторович

Казахский Агротехнический исследовательский университет им. Сакена Сейфулина

ЭТИКА ТОЧНОСТИ ГЕОДАННЫХ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОГО КАПИТАЛИЗМА

Актуальность. В современном цифровом мире геоданные — это уже не просто карты и координаты. Они стали основой для работы такси, доставки, рекламы и даже управления городами. Главное противоречие в том, что погоня за максимальной точностью, которая всегда была смыслом геодезии, сегодня оборачивается серьёзными этическими проблемами. Эти проблемы нельзя решить, просто сделав данные ещё точнее. Нужно пересмотреть сами правила работы с геоданными.

Цель исследования. Выделить главные этические конфликты, которые возникают из-за использования сверхточных геоданных в цифровом капитализме, и предложить конкретные принципы для их решения.

Методология. Исследование соединяет философскую этику, критический анализ цифровых платформ и разбор реальных ситуаций — например, устройство «умного города», где слежение за жителями становится тотальным.

Результаты исследования.

1. Геоданные не отражают реальность, а создают её. Когда вы смотрите на карту в телефоне, ваше местоположение вычисляется не спутниками, а серверами крупных компаний. Геопозиция превратилась в обязательный пропуск в цифровую жизнь — без неё вы не вызовете машину и не войдёте в офис.

2. Выявлены четыре типа этических проблем, связанных с точными геоданными:

- Тайна личной жизни. Исследование «De Montjoye» и коллег (2013) доказало: достаточно всего 4–5 точек вашего передвижения, чтобы вас узнали. Когда полиция

получает ордер на «обратный поиск» по геозоне, под подозрение попадают тысячи ни в чём не повинных людей — возникает «пространственная презумпция виновности».

Несправедливость. Доступ к самым точным данным есть только у больших платформ. Они получают преимущество в бизнесе, а обычные люди — нет. Разрыв между богатыми и бедными из-за этого только растёт.

- Кто ответит за ошибку? В беспилотных машинах и дронах решение принимается на основе геоданных. Если происходит авария, найти виноватого почти невозможно — вина расплывается между картами, датчиками и алгоритмами. Это называется проблемой «многих рук».

- Управление поведением. Реклама, которая меняется в зависимости от того, в каком районе вы находитесь, и игры вроде «Pokémon Go», которые заставляют людей ходить в определённые места, стирают грань между свободным выбором и манипуляцией.

3. На примере «умного города» показано, почему классические механизмы защиты не работают. В городе с тотальной слежкой отказаться от передачи геоданных невозможно — вас просто исключают из городской жизни. А обещание, что данные обезличены, — ложь, потому что 4–5 точек трека уже выдают конкретного человека.

Выводы. Предлагаются три принципа для исправления ситуации:

Точность ровно настолько, насколько нужно. Не собирать данные с запасом. Технически это означает: обрабатывать данные прямо на устройстве, добавлять «шум» для защиты приватности и автоматически стирать то, что уже не нужно.

Пространственная справедливость. У всех должен быть равный доступ к выгодам от геоданных. Алгоритмы, решающие, кому дать кредит или страховку, должны быть прозрачными. Сообщества имеют право сами решать, как использовать данные о своей территории.

Динамическое согласие. Вместо того чтобы один раз нажать «ОК» и забыть, человек должен иметь простые настройки, понятные объяснения и право на «пространственное молчание» (например, в больнице или у себя дома).

Реализация этих принципов превращает точность из орудия контроля в инструмент освобождения.

Ключевые слова: геоданные, цифровой капитализм, этика данных, геолокация, пространственная справедливость, умный город.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРНЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. De Montjoye, Y.-A. Unique in the Crowd: The privacy bounds of human mobility / Y.-A. De Montjoye, C. A. Hidalgo, M. Verleysen, V. D. Blondel // *Scientific Reports*. – 2013. – Vol. 3, No. 1. – P. 1376. – DOI 10.1038/srep01376.

2. Zuboff, S. *The Age of Surveillance Capitalism: The Fight for a Human Future at the New Frontier of Power* / S. Zuboff. – New York : PublicAffairs, 2019. – 704 p. – ISBN 978-1610395694.

3. Cooke, T. N. Navigating digital geographies: Black boxes, geospatial narratives, and the art of constructing location data / T. N. Cooke, D. Cohen, D. Mahmoudi // *Environment and Planning F: Philosophy, Theory, Models, Methods and Practice*. – 2025. – DOI 10.1177/26349825251365637.

4. O'Neil, C. *Weapons of Math Destruction: How Big Data Increases Inequality and Threatens Democracy* / C. O'Neil. – New York : Crown Publishers, 2016. – 259 p. – ISBN 978-0553418811.

5. Hulsey, N. The Gift that Keeps on Giving: Google, Ingress, and the Gift of Surveillance / N. Hulsey, J. Reeves // *Surveillance & Society*. – 2014. – Vol. 12, No. 3. – P. 389–400. – DOI 10.24908/ss.v12i3.4957.

6. Reverse Search Warrants: Locating Google's Sensorvault Subjects via the Technological Illiberal Practice of Surveillance Capitalism // *Journal of Illiberalism Studies*. – Aarhus Universitet, 2024. – URL: <https://www.illiberalism.org> (дата обращения: 16.04.2026).

7. Brunton, F. *Digital Keywords: A Vocabulary of Information Society and Culture* / F. Brunton. – Princeton : Princeton University Press, 2020. – 352 p. – ISBN 978-1400880553.

ӘОЖ 632.7.08

Іскендір Ш.Ә.

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

**ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАС ҒИМАРАТ
АУМАҒЫНДАҒЫ ЖАСЫЛ ЖЕЛЕКТЕРДЕГІ ЗИЯНКЕСТЕР
ПОПУЛЯЦИЯСЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫН ФЕРОМОНДЫ МОНИТОРИНГТЕУ
АРҚЫЛЫ ЗЕРТТЕУ**

Аңдатпа

Бұл зерттеу Алматы қаласының урбанизацияланған ортасындағы жасыл желектердің фитосанитарлық жағдайын бағалауға бағытталған. Жалпы жұмыс барысында феромонды тұзақтарды қолдану арқылы зиянкестердің, яғни оның ішінде жартылай қатты қанаттылар мен қабыршақ қанаттылар пайда болу мерзімі мен таралу тығыздылығы анықталды. 2025 жылдың мамыр мен шілде айлары аралығында жүргізілген бақылаулар нәтижесінде зиянкестер белсенділігінің маусымдық шыңы маусым айының екінші онкүндігіне сәйкес келетіндігі дәлелденді.

Кілт сөздер: феромонды тұзақтар, Алматы, мониторинг, зиянкестер, *Halyomorpha halys*, *Lymantria*, қала экологиясы.

Кіріспе

Зерттеу жұмысының өзектілігі қазіргі таңдағы жаһандық климаттың өзгеріс үстінде болуы және сонымен қатар антропогендік факторлардың әсерінен урбанизацияланған аймақтардағы жасыл желектердің фитосанитарлық жағдайы күрделену үстінде болуы себеп болып отыр. Алматы қаласы Іле Алатауының етегінде орналасқан ерекше микроклиматы бар мегополис болғанына қарамастан, соңғы жылдары орташа жылдық температураның көтерілуі мен жазғы құрғақшылық кезеңінің ұзару әсерінен инвазивті зиянкестердің жаппай көбеюіне әкеліп соқтырып жатыр. Зерттеудің негізгі мақсаты – Алматы қаласының екі түрлі фитоценозында (жапырақты және қылқанжапырақты) негізгі зиянкестердің ұшу мерзімін, популяция тығыздығын және маусымдық даму динамикасын заманауи феромонды тұтқыштар арқылы анықтау әрі мониторинг жүргізу.

Әдістер және материалдар

Зерттеу жұмыстары 2025 жылдың 21 мамыры мен 2 шілдесі аралығында Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің бас ғимараты аумағында жүргізілді. Бақылау нысаны ретінде Алма ағашы (*Malus domestica*) мен Кәдімгі шырша ағашы (*Picea excelsa*) таңдалды. Жапырақты алма ағашына жасыл цилиндрлік феромонды тұтқыш, ал қылқанжапырақты кәдімгі шырша ағашына сары түсті желімді «Delta» тұтқышы орнатылды. Зерттеу барысында феромонды тұтқыштар, желімді қосымшалар мен жиналған жәндіктерді морфологиялық сараптамадан өткізу үшін сандық микроскоп қолданылды. Жиналған барлық зиянкестер арнайы құтыларға салынып, түрлік ерекшеліктеріне қарай фитопатологиялық бақылаудан өткізілді.

Нәтижелер және оларды талдау

Мониторинг жүргізу нәтижесінде зиянкестердің алғашқы белсенділігі мамыр айының соңында (29 мамыр) тіркелсе, ал зиянкестердің жаппай көбею кезеңі маусым айының екінші онкүндігінде (16 маусым) бастау алды. Популяцияның тығыздығының ең жоғарғы шегі 26 маусымда байқалды. Яғни бұл күні алма ағашынан 11 зиянкес анықталса, кәдімгі шырша ағашынан 6 көбелек тіркелді. Бұл көрсеткіш Алматы қаласындағы ауа температурасының +31°C-қа дейін көтерілуімен сәйкес келеді және бұл жәндіктердің белсенді ұшуына түрткі болады. Зерттеу барысында негізінен қатты зақым келтіретін қалқаншалы қандалалар (мысалы, қоңыр мәрмәр қандаласы — *Halyomorpha halys*) және қылқан жапырақтыларды зақымдайтын қабыршаққанаттылар (*Lepidoptera*) анықталды. Тұтастай алғанда, жапырақты

ағаштардың зақымдану жиілігі қылқан жапырақтыларға қарағанда 1,8 есе жоғары екені табылды.

Қорытынды

Жүргізілген мониторинг Алматы жағдайында зиянкестер белсенділігінің шыңы маусым айының екінші жартысына сәйкес келетінін дәлелдеді. Осы мәліметтер негізінде қалалық көгалдандыру қызметтеріне өсімдіктерді қорғау шараларын (биологиялық бақылау немесе мақсатты бүрку) дәл осы маусым айының ортасындағы «биологиялық терезе» кезінде жүргізу ұсынылады. Бұл әдіс пестицидтерді орынсыз қолдануды азайтып, қаланың «жасыл экономика» принциптерін қолдауға мүмкіндік береді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сагитов А.О., Исмухамбетов Ж.Д. (2020). Оңтүстік Қазақстандағы жеміс дақылдарының зиянкестері. Алматы: Бастау баспасы.
2. Төлеубаев К.М. (2022). Қалалық экожүйелердегі инвазивті зиянкестер. Өсімдіктерді қорғау журналы, 12(3), 45-52б.
3. Witzgall, P., et al. (2010). Pheromones for insect control in orchards. Annual Review of Entomology.
4. Мұқанов Б. М., Майсупова Б. Ж., Шабалина М. В. Дендрология /Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық зерттеу университеті, Астана. 2009ж. 43-101б.

ӨОЖ: 502.51:556.18(575.1+574.4)

Айтимбетов А.И

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

ӨЗБЕКСТАН МЕН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕР САПАСЫН САҚТАУДЫҢ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ СУ РЕСУРСТАРЫН ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ

Өзбекстан мен Қазақстанның су ресурстарының жағдайын талдау екі мемлекеттің де тұрақты су тапшылығына ұшырап отырғанын көрсетеді. Бұл жағдай аридті климатпен, трансшекаралық өзендерге жоғары тәуелділікпен және суды тиімсіз пайдаланумен байланысты. Аймақтағы тұщы судың негізгі көздері – Сырдария мен Өмудария өзендерінің бассейндері. Алайда олардың ағыны климаттық өзгерістердің әсерінен, суармалы егіншілік үшін судың шамадан тыс алынуынан және мемлекеттер арасындағы ресурстардың тиімсіз бөлінуінен айтарлықтай азайып келеді. Сонымен қатар, Арал теңізінің тартылуы су балансының нашарлауына елеулі әсер етіп, экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуына және іргелес аумақтардың деградациясына алып келді. Ауыл шаруашылығы Өзбекстанда және Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде судың негізгі тұтынушысы болып табылады және көбінесе суару жүйелеріне тәуелді. Бұл жүйелердің едәуір бөлігі ескірген және судың көп мөлшерде ысырап болуымен сипатталады. Нәтижесінде топырақтың қайталама тұздануы, батпақтану және құнарлылығының төмендеуі орын алады. Соның салдарынан ауыл шаруашылығына жарамды жерлердің үлкен бөлігі өнімділігін жоғалтып, бұл өз кезегінде елдердің азық-түлік қауіпсіздігі мен экономикасына кері әсерін тигізеді. Бұдан бөлек, минералды тыңайтқыштар мен пестицидтерді шамадан тыс қолдану су ресурстарының ластануын күшейтіп, олардың сапасын төмендетеді және болашақта пайдалану мүмкіндіктерін шектейді.

Қазақстанда су ресурстарының біркелкі бөлінбеуі мәселені күрделендіреді: солтүстік және шығыс өңірлер салыстырмалы түрде сумен жақсы қамтамасыз етілген болса, оңтүстік аймақтарда су тапшылығы өткір сезіледі. Ал Өзбекстанда сыртқы су көздеріне тәуелділік деңгейі жоғары, бұл елді көрші мемлекеттердің су саясатына тәуелді етеді. Температураның

көтерілуі мен мұздықтардың азаюы сияқты климаттық өзгерістер ұзақ мерзімді перспективада су тапшылығы қаупін одан әрі күшейтеді. Осылайша, су ресурстарының жағдайы жерді пайдалану сапасына тікелей әсер етіп, олардың өнімділігі мен экологиялық тұрақтылығын анықтайды. Қалыптасқан мәселелерді шешу үшін суару инфрақұрылымын жаңғырту, су үнемдеу технологияларын енгізу, трансшекаралық суларды басқару бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту және ауыл шаруашылығын тұрақты жүргізу модельдеріне көшу қажет. Тек кешенді тәсіл ғана су ресурстарына түсетін жүктемені азайтып, аймақтағы жерлердің одан әрі деградациясын болдырмауға мүмкіндік береді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ж.М. Аукажиева, Г.С. Сартабаева, А.С. Кемпирбаева «Геоақпараттық жүйе негіздері және сандық тақырыптық картографиялау»
2. Ж.М. Аукажиева, Б.Е. Мусағалиева «Ғарыштық суреттерді өңдеуге арналған QGIS бағдармалық өнімін қолдану»

ӘӨЖ 332.3

Төребай Н.Ш.

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы жерлері жалпы жер қорының 44,5% бөлігін алып жатыр және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде стратегиялық маңызға ие. Жер ресурстарын ұтымсыз пайдалану, топырақтың құнарсыздануы, алқаптардың пайдаланылмауы тиімділікті төмендететіндігі анық. Сондықтан ауыл шаруашылық жерлерін тиімді басқару және оларды ұтымды пайдалану басты саяси міндеттерінің бірі.

Қазіргі кезде аграрлық сектордағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің жерлерді тиімді пайдалануға қосар үлесі маңызды [1].

1-кесте – Ауыл шаруашылығы субъектілерінің құрамы

Субъектілер санаты	2022		2023		2024	
	саны	мың, га	саны	мың, га	саны	мың, га
Шаруа және фермер қожалықтары	217771	72292,1	218653	73796,4	219821	74896,2
Мемлекеттік емес ауыл шаруашылығы заңды тұлғалары	12232	40945,1	12542	40665,5	12781	40210,8
Мемлекеттік ауыл шаруашылығы ұйымдары	543	870,1	577	548,0	585	563,2

Ескерту: [2] дереккөзі бойынша әзірленген

Ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалануды жетілдіру шаралары:

– ғарыштық мониторинг және геоталдау жүйелері арқылы пайдаланылмай жатқан жерлерді анықтау және оларды ауыл шаруашылығы айналымына қайтару;

– жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы жердің сапасына және АШ дақылдарының ерекшеліктеріне сәйкес егін түрін анықтау;

**«SMART AGROSCIENCE: ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІ МЕН ИННОВАЦИЯЛАРЫ» АТТЫ
ЖАС ҒАЛЫМДАР МЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ, 2 том**

–жер учаскелерін беру процесінде ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында шешімдерді цифрлық форматта қабылдау және инвестиция тарту.


Қаңтар айындағы мәлімет бойынша соңғы жылдардың ішінде 14,3 млн гектар жер мемлекеттік меншікке қайтарылған болатын. Атап айтқанда:

- 2022 жылы – 5,4 млн гектар;
- 2023 жылы – 4,6 млн гектар;
- 2024 жылы – 2,2 млн гектар;
- 2025 жылдың басынан бері – 2,1 млн гектар мемлекетке өтті.

2022 жылдан бері мемлекетке қайтарылған жерлердің 7,7 млн гектары қайта бөлінді:

- 2,7 млн гектар мал жаю үшін ортақ пайдалануға;
- 5 млн гектар конкурстық негізде берілді.

Осы мәселеге сай «JerKarta» интерактивті картасы жұмыс істеуде. Жер учаскелерін мемлекеттік меншікке қайтару бойынша жұмыстың нәтижелеріне қол жеткізу мүмкіндігін беру мақсатында әзірленген. Геосервис әрбір жер учаскесіне мониторинг жүргізуге, орны, шекарасы, сондай-ақ меншік иесі немесе жер пайдаланушы туралы мәліметтерді алуға мүмкіндік береді.



1-сурет – Аграрлық сектордағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің құрамы мен динамикасы

2-кесте – Мемлекет меншігіне қайтарылған жерлер бойынша облыстар көрсеткіші, га

Жыл	Ақмола	Ақтөбе	Қарағанды	Қостанай	Павлодар	СҚО	Түркістан
2022	302 388	509 801	1 224 800,1	518 239,5	379,2	264 294,2	521 700,4
2023	203 167,7	364 805,1	543 294,8	356 332,3	335 239,7	232 825	330 742,4
2024	105 013	219 063	161 380,6	185 860,6	152 380,2	140 224,7	70 932,7

Ескерту: [3] дереккөзі бойынша әзірленген

2-кестеде интерактивті картадағы мемлекет меншігіне өткізілген ауыл шаруашылығы жерлері басым болған облыстар көрсеткіші келтірілген.

Аталмыш карта «Қазақстан Ғарыш Сапары» Ұлттық компаниясына тиесілі. Ғарыштық бақылау қызметіне JerKarta-дан бөлек, Geokgsopen, Wasteopen сынды өздігінен жерді иемденіп алу, жердің ластануын бақылаушы іс-шаралар кіреді [3].

Үкімет отырысында АШ министрі Айдарбек Сапаров ауыл шаруашылығы саласындағы цифрландырушы ақпараттық жүйені атады:

1. «E-Agriculture» АӨК саласын басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесі (ББАЖ);
2. Субсидиялаудың бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйесі (СМАЖ);
3. «Ауыл Аманаты» халыққа несие берудің ақпараттық жүйесі.

Қазір 648 ауыл шаруашылығы субъектілері өз қызметінде цифрландыруды, яғни GPS-навигацияны, дрондарды, сенсорларды және аналитикалық платформаларды қолданады. Топырақтың, егістіктердің және ауа райының жағдайын бақылауға мүмкіндік береді. Егістік жұмыстарын автоматтандыруға, тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғау құралдарын дифференциалды енгізуге жағдай жасайды. Нәтижесінде өнімділік артып, өндірістік шығындар азаяды және адами фактордың ықпалы төмендейді [4].

Қорытындылай келе, ҚР АШМ жалпы деректердің анықтығы мен сенімділігін қамтамасыз етуге бағытталған «E-АӨК» платформасын жоспарлады:

1. ЖИ элементтері бар Чат-бот көмекшісі – өтінімдерді автоматты түрде тексереді (қателер 30%-дан 5%-ға дейін азаяды).
2. Топырақты талдаудың интеллектуалды жүйесі - қол еңбегін 75-80%-ға төмендетеді, ұсыныстардың дәлдігін 95%-ға дейін арттырады.
3. Зиянкестермен күресуге арналған ЖИ пилотсыздары егін шығынын 25-30%-ға азайтады [5].

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-dauirindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlыk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957>.

2 Қазақстан Республикасының 2024 жылғы жер жағдайы және оның пайдаланылуы туралы жиынтық талдамалы есебі.

3 «JerKarta» интерактивті картасы. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://jerkarta.gharysh.kz/kk/>.

4 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі. Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект элементтері. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa/press/news/details/1102270?lang=kk>.

5 Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің ресми ақпараттық ресурсы. Ауыл шаруашылығында цифрлық технологияларды енгізу арқылы өнімділікті арттыру. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://primeminister.kz/news/kazakstanda-auyl-sharuashylygynda-tsifrlыk-tekhnologiyalardy-engizu-arkyly-onimdilikti-arttyru-zhosparlanuda-29670>.

UDC 581.526.52

Ibrayeva Aliya

Kazakh National Agrarian Research University

DETERMINANTS OF DECLINE IN BIOPRODUCTIVITY OF HALOPHYTIC COMMUNITIES DURING THE TRANSITION FROM LABORATORY MODELING TO LARGE-SCALE INTRODUCTION IN ARID ZONES

This systematic review aims to identify key factors limiting the bioproductivity of halophyte communities during the transition from laboratory experiments to large-scale introduction in arid zones. Despite high seed viability under controlled conditions, field observations demonstrate a significant decrease in plant survival during the early stages of development. The primary cause is the inability of plant adaptive physiological mechanisms to synchronize with rapid and stochastic

changes in hydrothermal parameters in the open environment, as well as the loss of microbiological support and the destruction of soil structure due to technological impacts.

The first critical factor is the stochastic nature of the rhizosphere's hydrothermal regime. Static stress conditions with constant substrate temperature and moisture are created in laboratory conditions. In arid ecosystems, the hydrological regime is pulsating and unpredictable, and rapid changes in salt concentration in the topsoil create an "osmotic fluctuation" effect, leading to mass mortality of seedlings.

The second factor is related to the morphophysiological transformation of the assimilation apparatus. In the laboratory, plants develop mesomorphic leaves with developed parenchyma and high stomatal density. When transferred to field conditions, they undergo transpiration shock and tissue hyperthermia. Soil surface temperatures can reach +60°C, inactivating Calvin cycle enzymes and switching plants from the phase of active biomass accumulation to the degradation phase. Thus, productivity is limited by the rate of adaptive leaf restructuring, which often fails to keep pace with the intensity of climatic stress.

The third factor is the biotic disintegration of rhizosphere consortia. In natural ecosystems, halophytes function in symbiosis with halophilic rhizobacteria and mycorrhiza, which reduce stress ethylene levels and facilitate the mobilization of hard-to-access phosphorus. When introduced en masse, plants face a "microbiological vacuum," resulting in up to 40% of net primary production being overexploited to maintain ion homeostasis and reduced overall growth.

In addition, mechanical impacts from sowing and the use of heavy machinery destroy the soil structure, eliminate microrelief, and reduce the soil's ability to accumulate water and seeds, which further reduces the survival rate of seedlings.

The review results demonstrate that the main decline in the bioproductivity of halophyte communities is due not to the genetic potential for salt tolerance, but to the systemic loss of ecosystem support and the technological aggressiveness of introduction methods. To overcome the "scaling barrier," the authors substantiate the need to move from single-factor laboratory models to comprehensive landscape-adaptive strategies, including the integration of microbial inoculants and seed pelleting technologies with hydrogels, creating viable microecosystems around each seedling.

BIBLIOGRAPHY:

1. Flowers T. , Colmer T. Plant salt tolerance: adaptations in halophytes // *Annals of Botany*. — 2015. — Vol. 115, № 3. — P. 327–331.
2. Munns R., Gilliam M. Salinity tolerance: physiological and molecular mechanisms // *Acta Horticulturae*. — 2015. — № 1088. — P. 53–60.
3. Gutterman Y. *Seed Germination in Desert Plants*. — Berlin: Springer Science & Business Media, 2012. — 252 p.
4. Toderich K. Halophytes for sustainable agriculture and food security in drylands // *Journal of Arid Land Studies*. — 2020. — Vol. 30, № 1. — P. 21–28.
5. Ibraeva A. Determination of the qualities of sowing seeds of halophytic bushes and semi-bushes // *Bulletin of KazNU. Ecological series*. - 2025. - No. 1 (74). - P. 45-52.
6. Djanibekov N. A sustainable approach for recycling saline water: phytoremediation // *Agricultural Water Management*. — 2012. — Vol. 111. — P. 1–10.
7. Kuznetsov V. Stress responses of halophytes // *Plant Science*. — 1997. — Vol. 125. — P. 1–10.
8. Zhu J. Plant salt tolerance // *Trends in Plant Science*. — 2001. — Vol. 6. — P. 66–71.
9. Borkowski J. Scaling up ecological restoration // *Nature Ecology & Evolution*. — 2021. — Vol. 5. — P. 1–3.
10. Aronson J. *Restoration Ecology: The New Frontier*. — Wiley-Blackwell, 2010. 400 p.

11. Zaman M. Enhancing Halophyte Productivity in Saline Soils // Journal of Soil Science and Plant Nutrition. — 2022. — Vol. 22. — P. 445–458.
12. Aslam R. Physiological and Ecological Barriers in Halophyte Introduction // Frontiers in Environmental Science. — 2023. — Vol. 11. — P. 102–115.

УДК 631

Сабешев Ә.Е.

КазНУ им. Аль Фараби, Алматы, Казахстан

ПРИМЕНЕНИЕ ДАННЫХ ДИСТАНЦИОННОГО ЗОНДИРОВАНИЯ ЗЕМЛИ ДЛЯ РЕШЕНИЯ ПРОБЛЕМ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ ЗЕМЕЛЬ

Ключевые слова: (дистанционное зондирование, сельское хозяйство, NDVI, мониторинг земель, деградация почв, спутниковые данные).

В последние десятилетия наблюдаются процессы деградации почв, включая эрозию, засоление и снижение плодородия, что негативно влияет на продуктивность аграрного сектора и продовольственную безопасность. Традиционные методы мониторинга земельных ресурсов являются трудоёмкими, затратными и не обеспечивают необходимой оперативности получения информации. В этой связи особую значимость приобретает применение данных дистанционного зондирования Земли, позволяющих осуществлять регулярный, объективный и масштабный анализ состояния сельскохозяйственных угодий. Использование спутниковых технологий и вегетационных индексов обеспечивает своевременное выявление проблемных участков и способствует принятию эффективных управленческих решений. В статье особое внимание уделено применению спектральных индексов, в частности NDVI, для мониторинга растительности, выявления деградационных процессов и повышения эффективности аграрного производства. Показана роль геоинформационных систем в интеграции и обработке спутниковых данных.

Дистанционное зондирование земли представляет собой процесс получения информации о поверхности земли с помощью регистрирующих устройств, установленных на спутниках или летательных аппаратах. Основой метода является регистрация отражённого и излучаемого электромагнитного излучения [1].

Различные типы поверхностей (почва, вода, растительность) имеют уникальные спектральные характеристики, что позволяет их идентифицировать и анализировать. Особое значение имеет красный и ближний инфракрасный диапазоны спектра, используемые для оценки состояния растительности [2].

Для проведения работ были использованы космоснимки открытого доступа Landsat 8-9 в период вегетации. Проведение анализа позволило при помощи индекса NDVI выделить земли подвергшиеся деградации, а также оценить степень подверженности. NDVI (Normalized Difference Vegetation Index), рассчитываемый по формуле [3]:

$$NDVI = (NIR - RED) / (NIR + RED)$$

где: NIR — отражение в ближнем инфракрасном диапазоне; RED — отражение в красном диапазоне.

Проведенный анализ подтверждает, что дистанционное зондирование Земли, и в частности расчет индекса NDVI по данным Landsat 8-9, выступает ключевым инструментом для оперативного мониторинга деградационных процессов на сельскохозяйственных землях. Выявление очагов эрозии и засоления с помощью спектральных индексов значительно превосходит традиционные полевые методы по скорости и охвату территорий.

Дальнейшим шагом в повышении эффективности управления земельными ресурсами является глубокая интеграция получаемых спутниковых данных в профильные

геоинформационные системы и веб-геопорталы. Автоматизация процессов расчета индексов на основе временных рядов ДЗЗ позволит профильным специалистам и фермерам в режиме реального времени получать объективную картину состояния почв и посевов, своевременно корректировать режимы орошения и принимать обоснованные превентивные меры по защите земель.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРНЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. <https://www.gov.kz/memleket/entities/kazcosmos/press/article/details/1502?lang=ru>
2. Сапаров А.С., Шарыпова Т.М., Сапаров Г.А., Экология почв Казахстана, проблемы и пути решения.-2017г.-11-17 с.
3. <https://gis-lab.info/qa/ndvi.html>

ӘӨЖ 630.892.5:574.4 (574.4)

Қайратұлы Е.

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

КАТОН ҚАРАҒАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТАБИҒИ ҰЛТТЫҚ ПАРКІНДЕГІ ЖҰМСАҚ ЖАПЫРАҚТЫ ЖӘНЕ БҰТА ТЕКТЕС ӨСІМДІКТЕРДІҢ ЭКОЖҮЙЕЛІК ҚЫЗЫМЕТТЕРІН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН БАҒАЛАУ

Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің орман экожүйелері Қазақстандағы ең ірі табиғи капитал активтерінің бірі болып табылады. Дегенмен, дәстүрлі орман шаруашылығы тәжірибесінде олардың экономикалық бағалануы көбіне сүрек қорымен ғана шектеліп, экожүйелік қызметтердің нақты құны ескерілмей келеді. Осы зерттеудің мақсаты — жұмсақ жапырақты және бұталы орман алқаптарының экожүйелік қызметтерін экономикалық тұрғыдан кешенді бағалау және олардың аймақтық тұрақтылықтағы рөлін айқындау.

Зерттеу барысында халықаралық ТЕЕВ (The Economics of Ecosystems and Biodiversity) тұжырымдамасына негізделген жалпы экономикалық құндылық (TEV) әдістемесі қолданылды. Бағалау үш негізгі бағыт бойынша жүргізілді: сүрек қорының капиталдық құны, сүрексіз орман ресурстарының (жидектер мен дәрілік өсімдіктер) нарықтық құны және экожүйелік қызметтердің (климаттық реттеу, топырақты қорғау, су режимін тұрақтандыру) экономикалық маңызы.

Есептеу нәтижелері көрсеткендей, зерттелген орман алқаптарының жылдық экожүйелік қызметтерінің жиынтық құны 3 млрд теңгеден асады, ал сүрексіз ресурстардан алынатын әлеуетті табыс шамамен 400 млн теңгені құрайды. Бұл көрсеткіштер аталған орман экожүйелерін отындық немесе шикізаттық мақсатта пайдаланудан түсетін бір реттік табыстан әлдеқайда жоғары екенін дәлелдейді. Сонымен қатар, бұталы алқаптар мен жұмсақ жапырақты ормандардың көміртекті сіңіру қабілеті олардың климаттық өзгерістерді бәсеңдетудегі стратегиялық маңызын айқындайды.

Зерттеу нәтижелері орман ресурстарын басқару саясатын қайта қарастыру қажеттігін көрсетеді. Атап айтқанда, экожүйелік қызметтерді экономикалық есепке енгізу, көміртегік бірліктері нарығына шығу, сондай-ақ экожүйелік қызметтер үшін төлем (PES) тетіктерін енгізу ұсынылады. Бұл тәсіл табиғи ресурстарды тиімді пайдаланумен қатар, олардың ұзақ мерзімді сақталуын қамтамасыз етеді.

Осылайша, орман экожүйелерін тек шикізат көзі ретінде емес, жоғары экономикалық және экологиялық құндылыққа ие табиғи капитал ретінде қарастыру қазіргі заманғы тұрақты даму парадигмасының негізгі бағыты болып табылады.

1. Загреев В.В., Сухих В.И., Швиденко А.З. и др. (1992). *Общесоюзные нормативы для таксации лесов*. Москва: Агропромиздат.
2. Замолодчиков Д.Г. (2012). Конверсионные коэффициенты для оценки углеродного баланса лесов. *Лесоведение*, №6, 3–15.
3. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі. (2021). *Биоәртүрліліктің экожүйелік қызметтерін экономикалық бағалау әдістемесі*. Астана.
4. IPCC (2019). *2019 Refinement to the 2006 IPCC Guidelines for National Greenhouse Gas Inventories*. Geneva.
5. ТЕЕВ (2010). *The Economics of Ecosystems and Biodiversity: Ecological and Economic Foundations*. London: Earthscan.
6. Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі. (2024). *Орман орналастыру материалдары және түгендеу актілері*.
7. Шығыс Қазақстан облысы бойынша статистика департаменті. (2025). *Нарықтық бағалар мониторингі*.
8. European Commission (2024). *EU Emissions Trading System (EU ETS) price report*.
9. World Bank (2024). *State and Trends of Carbon Pricing*.
10. Байзаков С.Б. (2008). *Экономическая оценка лесных ресурсов Казахстана*. Алматы: ҚазҰАУ.
11. Кертешев Т.С., Сарсембаева М.Б., Бесембаева Ж.К. (2013). Экономическая оценка экосистемных услуг особо охраняемых природных территорий. *Вестник ЕНУ*, №2, 85–91.
12. Кертешев Т.С. (2010). Оценка эффективности управления особо охраняемыми природными территориями. Алматы.
13. Китаибекова С., Токтассынов З., Сарсекова Д. и др. (2023). Assessment of forest ecosystem services in Burabay National Park, Kazakhstan. *Sustainability*, 15(5), 4123.
14. Борисова Ю.С. (2023). Оценка поглощения углерода лесами Казахстана. *Central Asian Journal of Sustainability and Climate Research*, 2(2), 147–159.
15. Биссенбаева С., Мелисбек С., Баймукан Е. (2024). Мониторинг и устойчивость лесных экосистем Казахстана. *Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва*.

**АӨК-ДЕГІ ИНЖЕНЕРЛІК ЖӘНЕ ТАҒАМ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ
ИНЖЕНЕРНЫЕ И ПИЩЕВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В АПК
ENGINEERING AND FOOD TECHNOLOGIES IN AGRICULTURE**

ӘӨЖ 65.33.03

¹А.Ә. Тоқтабек, ¹Л.А. Мамаева, ¹Жалелов Д.Б., ²Hülya Gül

¹Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы, Қазақстан

² Süleyman Demirel University, Isparta, Türkiye

**ФУНКЦИОНАЛДЫ ТАҒАМ РЕТІНДЕ БАЛДЫРКӨК ҰНТАҒЫ ҚОСЫЛҒАН
МАКАРОН ӨНІМДЕРІ**

Макарон өндірісінде реологиялық қасиеттер – қамырдың икемділігі, созылғыштығы және беріктігі – шешуші рөл атқаратыны белгілі. Бұл қасиеттер қамыр құрамындағы компоненттердің өзара әрекеттесуіне тікелей байланысты болып табылады. Бидай ұнының клейковиналық ақуыздары су қосылғанда серпімді әрі тұтас құрылым түзеді, ал қосымша енгізілген ингредиенттер (соның ішінде балдыркөк ұнтағы) осы құрылымға белгілі бір дәрежеде әсер етеді. Қосымша шикізаттың оңтайлы мөлшері өнімнің тағамдық құндылығын арттырғанымен, оның шамадан тыс қосылуы қамырдың құрылымдық торын әлсіретіп, дайын өнімнің сапасының төмендеуіне себеп болады. Осылайша, макарон өнімдерінің сапасын қамтамасыз ету үшін рецептурадағы компоненттердің мөлшерін ғылыми негізде оңтайландыру қажет.

Бидай ұнын әр-түрлі деңгейлерде (1,5; 3; 4,5 және 6%) балдыркөк ұнтағымен алмастырудың байытылған макаронның реологиялық параметрлері мен сапа қасиеттеріне әсері зерттелді. Алдымен ұнның қасиеттерін бақылап алып, сосын осы ұннан жасалған макарон өнімдеріне жоғарыда аталған әдістер арқылы зерттеу жұмысы жүргізілді. Макарон өнімдеріне балдыркөк ұнтағынан бес сынама (K1, A1, A2, A3 және A4) құрамында тек бидай ұны (100%) бар бақылау ретінде K1 үлгісі қолданылды және олардың сапасына эксперименттер жүргізілді. Сенсорлық бағалау да зерттелді. Талшық ұнтақтарын қосу судың сіңуін арттырды және қамырдың тұрақтылығы мен даму уақытын ұзартты. Байытылған макаронның ылғалдылығы бақылау макаронна қарағанда жоғары болды. Талшық ұнтақтарын қосу макаронның пісіру сапасын да өзгертті. Сонымен қатар, балдыркөк ұнтағын қосу деңгейі жоғары пісірілген макарон көкөніс дәмінің жоғары қарқындылығымен сипатталды және жағымды дәм мен түске ие болды. Сенсорлық бағалау 4,5% балдыркөк тамыры ұнтағы қосылған макарон бағалаушылар үшін ең қолайлы екенін көрсетті. Макарон әлемнің көптеген елдерінде негізгі тағам болып табылады. Макарон өндірісі қарапайым және оңай болғанымен, негізгі ингредиент - қатты бидай жармасының құны макарон өнімдерін танымал етуде маңызды рөл атқарады. Денсаулығына мән беретін тұтынушылардың сұранысын қанағаттандыру үшін дәстүрлі емес ингредиенттері мен қосымша функционалды қасиеттері бар макарон өнімдерін әзірлеу үшін бүкіл әлемде көптеген зерттеулер жүргізілді.

Макарон дайындау үшін қолданылатын шикізаттың құрамы физикалық, химиялық және текстуралық қасиеттерге тікелей әсер етеді. Сондықтан, макарон сапасына қарама-қайшы әсер ететін дәстүрлі емес ингредиенттерді қосу және макаронның сапалық қасиеттеріне әсер етпестен дәстүрлі емес ингредиенттерді қосу біршама қиын. Осылайша, қамырдың сапасын жақсарту және сапалық қасиеттері жоғары қоректік макарон өнімдерін әзірлеу үшін жаңа дәстүрлі емес ингредиенттерді енгізуге көбірек көңіл бөлу қажет. Осылайша, жаңа макарон өнімдерін өндіру үшін пайдалылығы жоғары және ақылға

қонымды шығындары бар дәстүрлі емес ингредиенттерді тану және әзірлеу үшін көбірек зерттеулер қажет.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1.Искакова Ғ.К., Мулдабекова Б.Ж. Макарон өндірісінің технологиясы шикізаттар және материалдар. [Мәтін]:оқу құралы/ Ғ.К. Искакова., Б.Ж. Мулдабекова- Алматы, 2014-123б
- 2.Дәулеткереева, Ж. А., Қуанышбаева, А. Е. Макарон өнімдерін функционалды қоспалармен байыту жолдары. [Мәтін]:/ Ж. А. Дәулеткереева., А. Е. Қуанышбаева, // Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті хабаршысы,-2023. – №2(58).44–48б.
- 3.Gómez, M., et al. Effect of protein enrichment on the textural and sensory properties of pasta.[Effect of protein enrichment on the textural and sensory properties of pasta] //– Food Chemistry, 136(2), 543–550 [in English]
- 4.Karam M.C, Gaiani C, Hosri C, Burgain J, Scher J. Effect of dairy powders fortification on yogurt textural and sensorial properties: a review. [Effect of dairy powders fortification on yogurt textural and sensorial properties: a review.]// - 2013y Nov;80(4):400-9[in English]
- 5.Komerovski M., Ruffo de Oliveira, V. Influence of the Amount and Type of Whey Protein on the Chemical, Technological, and Sensory Quality of Pasta and Bakery Products. [Influence of the Amount and Type of Whey Protein on the Chemical, Technological, and Sensory Quality of Pasta and Bakery Products.]// -Foods, 2023y [in English]
- 6.Ombra M.N., Nazzar F., Fratianni, F. Pasta fortification with leaves of edible wild plants to lower the p glycaemic index of handmade fresh noodles. Recent Progress in Nutrition [Pasta fortification with leaves of edible wild plants to lower the p glycaemic index of handmade fresh noodles. Recent Progress in Nutrition] // -2023y, 3(2), 1-21[in English]

ӘӨЖ 634.4 (043.2)

Ахлан Т.Б., Изембаева А.К., Gul H., Жумақ Ұ.Т.

Алматы технологиялық университеті

ДӘНДІ ДАҚЫЛДАР НЕГІЗІНДЕГІ ЭКСТРУЗИЯЛЫҚ ӨНІМДЕРДІҢ САПА КӨРСЕТКІШТЕРІН АНЫҚТАУ

Тамақтану пирамидасының негізі ретінде жоғарғы тағамдық құндылыққа ие, көмірсуларға, ақуыздар мен майларға бай, барлық тұтынатын энергияның 56%-ын және ақуыздың 50%-ын қамтамасыз ететін шикізат – астық дақылдары [1]. Бидай астық дақылдарының ішіндегі әлем бойынша нан және нан өнімдері өндірісінде бірінші орын алатын негізі дақыл. Дегенмен, бидайды ұнға ұнтақтау барысында биологиялық белсенді заттардың құрамы барынша азаяды. Тұтынушылар арасында дәстүрлі емес шикізаттардан алынған немесе дәнді дақылдардан жасалатын тағам түрлеріне сұраныс артауда.

Қарақұмық – құрамындағы ақуыздың көп мөлшерімен (7-21%) және жеңіл сіңімділігімен ерекшеленеді. Қарақұмық минералды құрамымен, әсіресе мыс, марганец, темір, т.б. бай болуымен ерекшелінеді. Құрамында В тобы дәрумендері мен Е және РР дәрумендері мол [2]. Оның фенол қышқылдары, флавоноид секілді ББҚ тұтынушының денсаулық жағдайына оң әсерін тигізетін антиоксиданттық белсенділігіне жағымды әсер етеді [3].

Өнімнің түсі тұтынушы қабылдануына әсер ететін негізгі фактор, сондықтан тағам өнімдерінің түсін бағалауда CIELab* колориметриялық жүйесі қолданылады.


Жұмыстың мақсаты – дәнді дақылдар негізіндегі эктрудаттардың физико-химиялық, органолептикалық және түс көрсеткіштерін анықтау.

Зерттеу нысаны: экструзия әдісі арқылы өңделген бақылау үлгісі - бидай және қарақұмық негізіндегі қытырлақ дәнді слайстар, сондай-ақ зерттеу үлгісі - өсімдік компонентімен байытылған бидай және қарақұмық негізіндегі қытырлақ дәнді слайстар. Қытырлақ астық слайстарын алу үшін алдымен астық қоспалары бөгде заттардан тазартылды, 18-20% дейін ылғалдандырылды. Кейін, дайын дәндер бункерге салынып, дөңгелек пішінді келетін пісіру камерасы арқылы 250-290°C температурада 6-10 секунд аралығында пресс-формада дайындалды. Дайын қытырлақ слайстар бетіне долана концентраты қосылған шәрбәт жағылып, функционалды дайын қытырлақ слайс алынады [4].

Зерттеу әдістері ретінде: «YS3010 Grating Spectrophotometer» құралында CIELAB жүйесінде экструзиялық слайстардың түстік сипаттамалары және дайын өнімдердің органолептикалық қасиеттері анықталды.

Зерттеу нәтижелері бойынша экструзиялық слайстардың түстік сипаттамалары келесі нәтижелерді көрсетті. Әрбір үлгіге қатысты L^* , a^* , b^* және BI (түс индикаторы) көрсеткіштері анықталды.


Зерттеу нәтижелеріне сәйкес (сурет 1), бақылау үлгісіндегі L^* көрсеткіші 72,38-ге тең, ал өсімдік концентратымен байытылған үлгіде 62,41-ге тең болып, бақылау үлгісіне қарағанда жарықтығы біршама төмен. Ал a^* , b^* көрсеткіштері 2,82-ден 5,95-ке, 13,46-дан 18,22-ге өзгеріп, қызғылт-сары реңктерінің күшейгендігі байқалды.



Сурет 1. Дәнді слайстардың түс көрсеткіштері

Экструдаттардың түс көрсеткіштерін анықтау органолептикалық талдауды толықтырады. Органолептикалық баға беру үшін 10 адамнан тұратын комиссия құрылып, әр комиссия мүшесіне 5 баллдық шкала бойынша келесі: түсі, сыртқы түрі, салмағының жеңілдігі, т.б. көрсеткіштерді бағалауға ұсынылды (сурет 2).

Органолептикалық талдаулардың нәтижесі өсімдік концентратымен байытылған қытырлақ экструдерленген слайстар түсі, сыртқы түрі, салмағының жеңілдігі және иісі көрсеткіштері бойынша сәйкесінше 4,7; 4,5; 4,7; және 4,8 баллға ие болып, визуалды көрсеткіштері бойынша алдыға шықты.



Сурет 2. Дәнді слайстарының органолептикалық көрсеткіштерін бағалау нәтижелері Шайналу қабілеті екі үлгіде де жақсы, ал дәмі мен жалпы қабылдануы сәйкесінше 4,2-4,5 және 4,3-4,4 балл жинады. Бұл нәтижелер өсімдік компонентінің экструдаттардың органолептикалық қасиеттерін жақсартуға оң әсер еткендігін және стандартты талаптарын сақтай отырып функционалды қасиеттерін арттыруға болатындығын көрсетеді.

Қорытынды: өсімдік компонентімен байытылған бидай-қарақұмық негізіндегі экструдаттардың түстік көрсеткіштері бақылау үлгісіне қарағанда сәл қараңғылау болып, қызғылт-сары реңктері күшейген. Органолептикалық көрсеткіштері бойынша өсімдік компонентімен байытылған үлгілер түсі, сыртқы көрінісі, жеңілдігі және иісі бойынша жоғары бағаланып, ал шайналу қабілеті мен дәмі де бақылау үлгісімен салыстырғанда аз басымдыққа ие болды. Бұл нәтижелер өсімдік компонентін қосу экструзиялық өнімдердің визуалды қабылдануын және функционалды қасиеттерін жақсартатынын аңғартады. Жалпы алғанда, дәстүрлі емес дәнді дақылдар мен функционалды компоненттерді экструдерленген өнімдердің тағамдық құндылығын арттыруға мүмкіндік беретінін дәлелденді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Sturza, A., Păucean, A., Chiș, M. S., Mureșan, V., Vodnar, D. C., Man, S. M., Urcan, A. C., Rusu, I. E., Fostoc, G., & Muste, S. (2020). Influence of Buckwheat and Buckwheat Sprouts Flours on the Nutritional and Textural Parameters of Wheat Buns. *Applied Sciences*, 10(22), 7969. <https://doi.org/10.3390/app10227969>
2. Mir, A.N., Riar, C.S., Singh S. (2018). Nutritional constituents of pseudo cereals and their potential use in food systems: A review. *Trends in Food Science & Technology*. Volume 75, Pages 170-180. <https://doi.org/10.1016/j.tifs.2018.03.016>
3. Bekes, F., Schoenlechner, R., Tomoskozi, S. (2017). Chapter 14 - Ancient Wheats and Pseudocereals for Possible use in Cereal-Grain Dietary Intolerances. *Cereal Grains (Second Edition). Assessing and Managing Quality*. Woodhead Publishing Series in Food Science, Technology and Nutrition. Pages 353-389. <https://doi.org/10.1016/B978-0-08-100719-8.00014-0>
4. Izembayeva, A., Moldakulova, Z., Akhlan, T., Tlevlessova, D., Koylanov, K., Iskakova, G., Abdreeva A., Baigaipkyzy, M. Design of Extruded Grain Slices With Phytoconcentrates. *Eastern-European Journal of Enterprise Technologies*, 2025, Vol 5, Issue 11(137), p 49. <https://doi.org/10.15587/1729-4061.2025.340390>

УДК 664.314

Досмагамбетова М.К.¹, Тултабаев М.Ч², Жумбина А.Т.²,

¹НАО «Атырауский университет нефти и газа имени С.Утебаева», Атырау;

²Казахский университет технологии и бизнеса имени К.Кулажанова

СПОСОБ ПОЛУЧЕНИЯ МАЙОНЕЗА НА ОСНОВЕ САФЛОРОВОГО МАСЛА

Целью настоящего исследования была разработка технологии производства майонеза на основе рафинированного сафлорового масла, обладающего повышенной окислительной стабильностью и функционально-профилактическими свойствами. В работе решались задачи по подбору рецептурных композиций, изучению их влияния на качество продукта и оценке стабильности при хранении.

Разработка технологий производства майонеза на основе сафлорового масла обусловлена растущим интересом к функциональным пищевым продуктам, обладающим высокой окислительной стабильностью и профилактическими свойствами. Использование сафлорового масла, богатого полиненасыщенными жирными кислотами и природными антиоксидантами, позволяет создать безопасный и биологически ценный продукт для здорового питания.

В качестве основного сырья использовано сафлоровое масло холодного отжима, характеризующееся высоким содержанием полиненасыщенных жирных кислот (ПНЖК) – более 81%, в том числе линолевой кислоты (до 76%). Научной новизной является разработка оксистабильной композиции, в которой синергетический эффект достигается за счет комбинации сафлорового масла, аскорбиновой кислоты (антиоксидант) и соевой клетчатки (стабилизатор и источник пищевых волокон). Были оптимизированы рецептуры высококалорийного (50% жира) и низкокалорийного (30% жира) майонеза.

Контроль качества проводился по стандартным методикам: определялись органолептические, физико-химические (кислотное и перекисное число, массовая доля жира и влаги) и микробиологические показатели. Ключевым результатом является низкое перекисное число образцов после 45 суток хранения при температуре 0–10 °С, что подтверждает эффективность применяемой рецептуры в ингибировании окислительной порчи.

Разработанный продукт позиционируется как функциональный, предназначенный для диетического и лечебно-профилактического питания. Практическая значимость работы подтверждена полученными патентами на полезные модели на пищевые эмульсии.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРНЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. Gunstone F.D. *Vegetable oils in food technology: composition, properties and uses*. John Wiley & Sons. 2011. <https://doi.org/10.1002/9781444339925>
2. Наумова Н.Л., Бец Ю.А., Ковалева Е.Г. и др. Качество и биологически активные вещества рафинированных растительных масел // Ползуновский ВЕСТНИК. 2022. Т. 1(4). С.160–166. <https://doi.org/10.25712/ASTU.2072-8921.2022.04.021>
3. Бурункова Ю.Э. Успенская М.В., Самуйлова Е.О. Растительные масла: свойства, технологии получения и хранения, окислительная стабильность: Учебно-методическое пособие / СПб: Университет ИТМО, 2020. 82 с. <https://books.ifmo.ru/file/pdf/2638.pdf>
4. Zafari M., Ebadi A., Jahanbakhsh S., Sedghi M. Safflower (*Carthamus tinctorius*) Biochemical Properties, Yield, and Oil Content Affected by 24-Epibrassinosteroid and

Genotype under Drought Stress. *Journal of Agricultural and Food Chemistry*. 2020;68(22)<https://doi.org/10.1021/acs.jafc.9b06860>

5. Рузибаев А.Т., Салиджанова Ш.Д., Гаипова Ш.С. Разработка рецептуры диетического майонеза функционального назначения // *Universum: технические науки: электрон. научн. журн.* 2019. № 9 (66). URL: <https://7universum.com/ru/tech/archive/item/7800>

6. Патент на полезную модель РК №7515 от 14.10.2022 г. «Водно-масляная эмульсия на основе сафлорового масла» / Досмагамбетова М.К., Рахимжанова А.М., Тултабаева Т.Ч. и др.

7. Патент на полезную модель №7864 от 26.07.2022 г. «Пищевая эмульсия для получения майонеза (варианты)» / Сүлеймен Е.М., Жунусова Г.С., Сафуани Ж.Е. и др.

ӘОЖ 57.087:620.3:664:632

Мамбаева А.Ш., Турсынбай Т., Батырбек А.
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

НАНОБӨЛШЕКТЕРДІҢ ТАҒАМ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ӨСІМДІК ШИКІЗАТЫН ҚОРҒАУДАҒЫ ҚОЛДАНЫЛУЫНЫҢ БИОФИЗИКАЛЫҚ МОДЕЛІ

Түйін. Қазіргі таңда Елімізде тағам өндірісін өнім қауіпсіздігінен қамтамасыз ету және шикізат сапасын сақтау маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Ауылшаруашылығы өнімдерінің микробиологиялық зақымдануы тағам сапасының төмендеуіне және сақтау мерзімінің қысқаруына әкеледі.

Дәстүрлі химиялық консерванттардың орнына экологиялық қауіпсіз және тиімді биотехнологияларды қолдану қажеттілігі артып келеді. Осыған байланысты нанотехнологиялар, әсіресе металл нанобөлшектері (Ag, ZnO, CuO), тағам өндірісінде және өсімдік шикізатын қорғауда перспективті бағыт болып табылады.

Металл нанобөлшектер фитопатогенді микроағзалардың өсуін тежеп қана қоймай, тағам өнімдерінің микробиологиялық тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: нанобөлшектер, тағам қауіпсіздігі, механизм, инженерлік-биофизика.

Микробиология зертханасында жасалынған тәжірибе барысында фитопатогенді микроағзалар (*Fusarium oxysporum*, *Alternaria solani*) қоректік орталарда (PDA, NA) 25±1°C температурада өсірілді.

Нанобөлшектердің әртүрлі концентрациялары енгізіліп, олардың микроағзалардың өсуіне әсері бақылауға алынды.

Тәжірибе барысында келесі инженерлік-биофизикалық процестер қарастырылды:

- нанобөлшектердің диффузиясы;
- жасуша бетіне сіңуі;
- реактивті оттегі түрлерінің (ROS) түзілуі;
- патоген микроағзалардың тежелуі;

Микроағзалардың өсу динамикасын сипаттау үшін түрлендірілген теңдеу қолданылды:

$$\frac{dN}{dt} = rN\left(1 - \frac{N}{K}\right) - \alpha CN \quad (1)$$

мұндағы:

N – микроағзалар саны,

r – өсу жылдамдығы,

K – органың сыйымдылығы

C – нанобөлшектер концентрациясы

α – инактивация коэффициенті

Бұл модель тағам шикізаты мен өнімдеріндегі микробиологиялық процестерді жобалауға мүмкіндік береді.

Нанобөлшектердің таралуын Фик заңы бойынша сипатталады:

$$J = -D \frac{dC}{dx} \quad (2)$$

Олардың антимикробтық әсері тағам өндірісінде маңызды, яғни келесі механизмдер арқылы жүзеге асады:

1. Жасуша қабырғасын бұзып, ену;
2. Оттегі түрлерінің түзілуі арқылы тотығу стрессінің артуы;
3. Генетикалық ақпарат құрылымының бұзылуы;
4. Ферменттік белсенділігінің төмендеуі;

Бұл механизмдер тағам өнімдерінің бұзылуын тежеп, сақталу мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді.

Зерттеу тәжірибелері көрсеткендей:

Ag NPs ең жоғары антимикробтық әсерге ие болды;

ZnO NPs және CuO NPs орташа тиімділікті көрсетті;

концентрация артқан сайын зиянды микроағзалардың өсуі айтарлықтай тежелді;

Модельдеуден кейінгі үлгі тәжірибелік деректермен сәйкес келді және тағам қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тиімді концентрацияларды анықтауға мүмкіндік берді.

Қорытынды. Біздің қарастырып отырған биофизикалық нұсқамыз тағам өндірісінде және өсімдік шикізатын сақтау кезінде микроағзалардың өсуін болжауға мүмкіндік береді.

Келесідей тұжырымдар жасауға болады:

- тағам қауіпсіздігін биологиялық жолмен арттыруға мүмкіндік береді;
- сақтау технологияларын жетілдіру, мерзімін ұзартуға негіз болады;
- Отандық, экологиялық таза антимикробтық технологияларды дамытуға ықпал етеді;

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Какимжанова, АА, *и др.* (2025). Изучение микромицетов, выделенных из клубней картофеля, пораженных сухой гнилью в Казахстане. Вестник науки Казахского агротехнического исследовательского университета имени С.Сейфуллина: междисциплинарный, 3(127), 138-153. DOI:10.51452/kazatu.2025.3(127).2016.
2. Vijayreddy, D., Dutta, P., Puzari, KR. (2024). Nanotechnology in plant disease management. *Research Biotica*, 5(2), 56-62. DOI:10.54083/ResBio/5.2.2023/56-62.
3. Marco, VC, *et al.* (2021). Nanopesticides in Agriculture: Benefits and Challenge in Agricultural Productivity, Toxicological Risks to Human Health and Environment. *Toxicx*, 9(6), 131. DOI:10.3390/toxicx9060131.
4. Исакова, ДТ, Аронбаев, СД, Аронбаев, ДМ. (2023). Получение композиционного материала, содержащего наночастицы серебра. *Universum: химия и биология*, 8-1(110).

УДК 65.33.03

Нұрдан Д., Оспанов А.А., Жалелов Д.Б.

НАО Казахский национальный аграрный исследовательский университет

РАЗРАБОТКА ТЕХНОЛОГИИ МАКРОННЫХ ИЗДЕЛИЙ «AI-KUN» ИЗ МУЛЬТИЗЛАКОВОГО СЫРЬЯ

Современное развитие пищевой промышленности направлено на создание продуктов функционального назначения, способствующих профилактике алиментарно-зависимых заболеваний и повышению качества питания [1]. Макароны являются одним из

наиболее массово потребляемых продуктов, однако традиционные изделия из рафинированной пшеничной муки характеризуются низким содержанием пищевых волокон, витаминов и минеральных веществ [2].

Целью работы является разработка технологии макаронных изделий на основе цельномолотого мультизлакового сырья с повышенной пищевой и биологической ценностью.

В качестве сырья использованы зерновые и бобовые культуры (кукуруза, овёс, ячмень, гречиха, просо, соя, бобовые), комбинирование которых обеспечивает формирование сбалансированного аминокислотного профиля [3]. Установлено, что взаимное дополнение аминокислот (в частности, лизина) повышает биологическую ценность белка на 15–25%. Содержание белка в разработанных рецептурах составляет 17,8–18,5%, что превышает показатели традиционных макаронных изделий (10–12%) [4].

С использованием специализированной программы расчёта разработаны рецептуры мультизлаковых композиций. Содержание крахмала в них составляет 56,7–63,1%, пищевых волокон — 6,6–13,2%, жиров — 7,7–8,6%, зольность достигает 5,34%, что свидетельствует о высоком уровне минеральных веществ [4, с. 296]. Повышенное содержание пищевых волокон и снижение доли крахмала способствуют снижению гликемического индекса продукта на 10–20% [4, с.296].

Реологические свойства теста исследованы с использованием альвеографа Chopin Technologies и фаринографа Brabender. Установлено, что мультизлаковое сырьё увеличивает водопоглотительную способность теста на 5–12%. Анализ альвеограмм показал изменение показателей упругости и растяжимости по сравнению с контрольным образцом ($P = 137$ мм вод. ст., $L = 84$ мм, $W = 455$ е.а., $P/L = 1,63$). Введение 25% сухой пшеничной клейковины позволило стабилизировать структуру теста и обеспечить его пригодность для прессования [4, с.296].

Экспериментальные исследования подтвердили возможность получения макаронных изделий с высокими структурно-механическими и потребительскими характеристиками без применения синтетических улучшителей, при сохранении биологически активных веществ [5,6].

На основе полученных результатов разработаны и утверждены 8 рецептур макаронных изделий из мультизлакового сырья, ориентированных на различные группы потребителей, включая лиц с повышенной физической активностью. В целях стандартизации технологического процесса разработан стандарт предприятия, регламентирующий требования к сырью, процессу производства и качеству готовой продукции. Научно-техническая новизна подтверждена патентом на полезную модель, отражающим особенности разработанной технологии.

Практическая значимость работы подтверждена получением международного халал-сертификата и сертификата соответствия, что обеспечивает возможность коммерциализации продукции и её выхода на внутренние и внешние рынки. Разработанная технология может быть внедрена на предприятиях пищевой промышленности и способствует расширению ассортимента и развитию рынка продуктов здорового питания.

Таким образом, использование мультизлакового сырья является эффективным направлением повышения пищевой ценности макаронных изделий и создания продуктов функционального назначения.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРНЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 Ospanov, A. A., Muslimov, N. Zh., Timurbekova, A. K., Mamayeva, L. A., & Jumabekova, G. B. (2020). The Effect of Various Dosages of Poly-Cereal Raw Materials on the Drying Speed and Quality of Cooked Pasta During Storage. In *Current Research in Nutrition and Food Science Journal* (pp. 462–470). Enviro Research Publishers. <https://doi.org/10.12944/crnfsj.8.2.11>

2 Ospanov, A., Muslimov, N., Timurbekova, A., Mamayeva, L., & Jumabekova, G. (2020). The amino acid composition of unconventional poly-cereal flour for pasta. In *Periódico Tchê Química* (Vol. 17, Issue 34, pp. 1012–1025). Dr. D. Scientific Consulting. https://doi.org/10.52571/ptq.v17.n34.2020.1043_p34_pgs_1012_1025.pdf

3 Abdymanap Ospanov, Nurzhan Muslimov, Aigul Timurbekova, Dinash Nurdan, Dulat Zhalelov. Mixing of flour mixture components in the production production of pasta from non traditional raw materials / *Potravinarstvo Slovak Journal of Food Sciences*. Vol. 16, 2022, p. 375-387. <https://doi.org/10.5219/1749>

4 Оспанов, А., Остриков, А., & Нұрдан, Д. (2023). Исследование показателей качества теста для приготовления макаронных изделий из мультизерновой муки. *izdenister natigeler*, (4 (100), 294–302. <https://doi.org/10.37884/4-2023/32>

5 А.А. Оспанов, А.К. Тимурбекова, Д.Б.Жалелов Исследование показателей качества макаронных изделий из нетрадиционного полизлакового сырья, *Электронный журнал «Наука и образования», № 2 (2019), Раздел «Научное событие».*

6 Оспанов А. А., Муслимов Н. Ж., Тимурбекова А. К., Джумабекова Г. Б., Марат Қ.С, Жалелов Д.Б., Исследование показателей качества теста из цельносмолотой полизлаковой муки для изготовления макаронных изделий, *Исследования, результаты №3 (083), 2019.*

ӘӨЖ 637.1

Тлебаева А.Е., Досимова Ж.Б., Ниязбекова Ж.Н.

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

ҮЙ ЖӘНЕ КОММЕРЦИЯЛЫҚ СҮТТІҢ ФИЗИКА-ХИМИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ СУМЕН ФАЛЬСИФИКАЦИЯЛАУ КЕЗІНДЕГІ ӨЗГЕРУ ДИНАМИКАСЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Зерттеудің мақсаты – үй және коммерциялық сүт үлгілерін сумен фальсификациялау кезінде олардың физика-химиялық көрсеткіштерінің өзгеру динамикасын салыстырмалы бағалау. Зерттеу барысында сиыр сүт үлгілері дистилденген сумен 10%-дан 90%-ға дейінгі арақатынаста сұйылтылып, MilkoScan анализаторы арқылы (майлылық%, ақуыз мөлшері%, құрғақ майсызданған сүт қалдығы% және тығыздық кг/м³) көрсеткіштері анықталды. Нәтижесінде, су қосылған сайын барлық көрсеткіштердің төмендеуі заңдылық сипатта жүретіні және коммерциялық сүтте бұл өзгерістердің ертерек әрі айқынырақ байқалатыны анықталды. Алынған деректер сүттің табиғилығын бағалауда физика-химиялық көрсеткіштердің жоғары сезімтал индикатор екенін көрсетті.

Бүгінгі таңда сүтті сумен, крахмал, сода және басқа да бөтен заттарды қосу арқылы жасалатын фальсификация түрлері әлі де кездеседі. Көп жағдайда сүт өнімдерін фальсификациялау сумен сұйылту арқылы жүзеге асырылады, себебі бұл қарапайым, қолжетімді және экономикалық тұрғыдан тиімді болып табылады. Басқа қоспалармен салыстырғанда, дистилденген суды қолдану өндірістік жағдайда оңай жүзеге асырылады. Мұндай әрекеттер өнімнің тағамдық құндылығын жойып қана қоймай, тұтынушылардың денсаулығына ауыр зақым келтіріп, ұзақ мерзімді емделуді қажет ететін созылмалы ауруларға соқтыруы мүмкін. Сүттің сапасын бағалауда оның физика-химиялық көрсеткіштері маңызды рөл атқарады[1,2]. Осыған байланысты, біздің мақсатымыз сүт сапасын анықтау арқылы фальсификациясын бағалау.

Зерттеу барысында екі түрлі сүт үлгілері пайдаланылды: табиғи үй сүті және өнеркәсіптік жолмен өндірілген пастерленген коммерциялық сүт. Әрбір үлгі дистилденген сумен 10%-дан 90%-ға дейінгі арақатынаста кезең-кезеңімен сұйылтылды. Әрбір

арақатынас үшін өлшеулер кемінде үш рет қайталанып, алынған нәтижелердің орташа мәндері есептелді. Сүттің физика-химиялық көрсеткіштері (майлылығы, ақуыз мөлшері, құрғақ майсызданған сүт қалдығы және тығыздығы) инфрақызыл спектроскопия әдісіне негізделген MilkoScan анализаторы көмегімен анықталды. Барлық өлшеулер стандартталған жағдайларда, бөлме температурасы ($25\pm 2^\circ\text{C}$) сақтала отырып жүргізілді. Алынған мәліметтер салыстырмалы талдау әдістері арқылы өңделді.

1 кесте. Коммерциялық сүттің физика-химиялық көрсеткіштері (орташа мәндер)

Компоненттердің арақатынасы (Сүт:Су)	Майлылығы (%)	Ақуыз (%)	Құрғақ майсызданған сүт қалдығы(%)	Тығыздық($\text{кг}/\text{м}^3$)
10:90	$0,38\pm 0,01$	$0,46\pm 0,02$	$1,27\pm 0,01$	$1004,8\pm 0,02$
20:80	$0,66\pm 0,02$	$0,82\pm 0,01$	$2,23\pm 0,02$	$1008,5\pm 0,02$
30:70	$0,75\pm 0,02$	$0,88\pm 0,02$	$2,61\pm 0,01$	$1010,9\pm 0,02$
40:60	$0,89\pm 0,01$	$1,06\pm 0,02$	$3,08\pm 0,02$	$1012,2\pm 0,02$
50:50	$1,91\pm 0,02$	$1,61\pm 0,01$	$4,42\pm 0,02$	$1014,6\pm 0,1$
60:40	$1,27\pm 0,02$	$1,64\pm 0,02$	$4,45\pm 0,01$	$1015,5\pm 0,2$
70:30	$1,77\pm 0,01$	$2,35\pm 0,01$	$6,25\pm 0,02$	$1022\pm 0,1$
80:20	$2,52\pm 0,02$	$2,06\pm 0,01$	$5,81\pm 0,01$	$1019,6\pm 0,2$
90:10	$2,9\pm 0,02$	$2,37\pm 0,01$	$6,63\pm 0,02$	$1022,3\pm 0,4$

2 кесте. Үй сүтінің физика-химиялық көрсеткіштері (орташа мәндер)

Компоненттердің арақатынасы (Сүт:Су)	Майлылығы (%)	Ақуыз (%)	Құрғақ майсызданған сүт қалдығы(%)	Тығыздық($\text{кг}/\text{м}^3$)
10:90	$0,26\pm 0,01$	$0,39\pm 0,02$	$1,19\pm 0,02$	$1005\pm 0,3$
20:80	$0,76\pm 0,02$	$0,85\pm 0,02$	$2,43\pm 0,01$	$1008,3\pm 0,02$
30:70	$0,49\pm 0,01$	$1,1\pm 0,01$	$3,05\pm 0,02$	$1011,2\pm 0,01$
40:60	$0,41\pm 0,02$	$1,07\pm 0,02$	$4,65\pm 0,03$	$1017,3\pm 0,02$
50:50	$1,19\pm 0,01$	$1,53\pm 0,01$	$4,19\pm 0,02$	$1014,6\pm 0,01$
60:40	$1,27\pm 0,01$	$1,64\pm 0,01$	$4,45\pm 0,01$	$1015,5\pm 0,02$
70:30	$1,48\pm 0,02$	$1,94\pm 0,02$	$5,24\pm 0,02$	$1017,9\pm 0,02$
80:20	$2,05\pm 0,02$	$2,74\pm 0,02$	$7,27\pm 0,02$	$1024,4\pm 0,01$
90:10	$3,9\pm 0,02$	$3,38\pm 0,02$	$8,94\pm 0,02$	$1033,8\pm 0,02$

Көрсетілген мәндер үш мәрте жүргізілген өлшеулердің орташа нәтижелері болып табылады. Қалыпты сиыр сүтінің тығыздығы $1027\text{--}1032 \text{ кг}/\text{м}^3$ аралығында болады, ал майлылығы $3,2\text{--}3,8\%$, ақуыз мөлшері $2,8\text{--}3,4\%$ және құрғақ майсызданған сүт қалдығы $8,0\text{--}9,0\%$ шамасында болады.

Эксперимент нәтижелері көрсеткендей, сүтке су қосылған сайын оның негізгі физика-химиялық көрсеткіштері (майлылығы, ақуыз мөлшері, құрғақ майсызданған қалдық және тығыздығы) заңдылық түрде төмендейтіні байқалды. Коммерциялық сүт үлгілерінде көрсеткіштердің төмендеуі үй сүтімен салыстырғанда ертерек және айқынырақ көрініс

берді. Атап айтқанда, 10% су қосылған жағдайда коммерциялық сүттің ақуыз мөлшері 2,37%-ға дейін төмендесе, үй сүтінде бұл көрсеткіш жоғары деңгейде сақталды (3,38%).

Алынған нәтижелер сүттің өңделу деңгейі оның физика-химиялық көрсеткіштерінің тұрақтылығына әсер ететінін көрсетеді. Коммерциялық сүттің өнеркәсіптік өңдеуден өтуі оның бастапқы құрамының өзгеруіне алып келуі мүмкін, бұл өз кезегінде сұйылтауға сезімталдығын арттырады. Сонымен қатар, сүттің тығыздығы мен құрғақ майсызданған қалдығының өзгеру динамикасы фальсификацияны анықтауда маңызды диагностикалық белгі ретінде қарастырылуы мүмкін. Қорыта айтқанда, жүргізілген зерттеу нәтижелері көрсеткендей, сүтті сумен фальсификациялау оның негізгі физика-химиялық көрсеткіштерінің (майлылық, ақуыз мөлшері, құрғақ майсызданған қалдық және тығыздық) айқын және пропорционалды түрде төмендеуіне алып келетінін көрсетті. Коммерциялық сүт үлгілерінде су қосылған жағдайда көрсеткіштердің төмендеуі үй сүтімен салыстырғанда ертерек және айқынырақ байқалды, бұл олардың бастапқы сапасының төмендеуіне және технологиялық өңдеудің әсеріне байланысты болуы мүмкін. Атап айтқанда, 10–20% су қосу кезінде-ақ коммерциялық сүттің ақуыз және құрғақ заттар көрсеткіштері нормативтік мәндерге жақындап немесе одан төмен түсу үрдісін көрсетті, ал үй сүтінде бұл өзгерістер салыстырмалы түрде баяу жүрді. Осылайша, MilkoScan анализаторы арқылы жүргізілген жедел талдау әдісі сүттің сапасын бақылау жүйесінде кеңінен қолдануға ұсынылады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Walstra P., Wouters J.T.M., Geurts T.J. Dairy Science and Technology. — CRC Press, 2006.
2. Инструкция по эксплуатации анализатора MilkoScan. — FOSS Analytical A/S, Denmark.
3. ГОСТ 31449-2013. Молоко коровье сырое. Технические условия. — М.: Стандартинформ, 2014.

ӘОЖ 637.521.5

Ахметова В.Ш., Мырзағалиева А.Р.

Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

ҰЛТТЫҚ ЕТ ӨНІМІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ

Ет өнеркәсібі – агроөнеркәсіптік кешеннің стратегиялық саласы, ол халықты жоғары құнды ет өнімдерімен қамтамасыз етеді және ет өнімдерінің қауіпсіздігін қалыптастырады. Қазақстанда ет тұтыну ұлттық дәстүрлермен тығыз байланысты. Қазіргі таңда ұлттық ет өнімдерін (шұжық, қазы, сүр ет) өндіруде ғылыми-зерттеуді қолдану, олардың тағамдық және биологиялық құндылығын арттыруға, сапасын арттыруға бағытталған[1,2].

Мал шаруашылығындағы оң динамикаға қарамастан (жылқы санының 12,2%-ға өсуі), дайын өнімдердің құрамындағы жануар майларының жоғары болуы және тағамдық талшықтардың жетіспеушілігі заманауи нутрициология талаптарына толық жауап бермейді.

Зерттеу нысаны ретінде жылқы еті, жылқы майы, бауыры және өсімдік қоспасы ретінде машты (*Vigna radiata*) таңдау кездейсоқ емес. Бұл дақылдың ет технологиясына беретін артықшылықтары: аминқышқылдық теңгерім: маш құрамындағы лизин мен фенилаланин мөлшері ет ақуыздарымен үйлескенде өнімнің биологиялық құндылығын көтереді; маш құрамындағы табиғи крахмал мен жасұнық ет фаршының ылғал байлағыштық қасиетін нығайтып, термиялық өңдеу кезінде өнімнің шығымын арттырады; өнімге емдік-профилактикалық қасиет береді. Маштың негізгі пайдалы қасиеттері: ағзадағы

зат алмасу үдерістерін белсендіреді; ас қорыту жүйесінің жұмысын қалыпқа келтіреді; иммундық жүйені нығайтады; ағзаны зиянды қосылыстардан арылтуға көмектеседі; энергия алмасуын күшейтіп, сергектік сыйлайды [3].

Зерттеу мақсаты: Өсімдік компоненттері (маш/мунг) енгізілген ұлттық ет өнімі – шұжықтың жетілдірілген рецептурасы мен тиімді технологиясын ғылыми негіздеу.

Өзектілігі: Ұлттық ет өнімдерінің ассортиментін арттыру; Өнімнің рецептурасы мен технологиялық үдерісін жетілдіру.

Жылқы етінен дайындалатын шұжық өнімін өндіру технологиясы тағамдық және функционалдық қасиеттерін жақсартуға бағытталған. Машты алдын ала термиялық өңдеуден өткізіп (пісірткілеу) ұнтақталған жылқы етінің құрамына енгізіледі. Шұжық өнімі өзіне тән ерекше дәм мен жоғары биологиялық құндылыққа ие болады[4].

Жылқы еті – аминқышқылдары теңгерімді ақуыздарға бай, жоғары сапалы диеталық тағам өнімі. Ет құрамында А, Е және В тобы дәрумендері, сондай-ақ темір секілді маңызды микроэлементтер бар. Олар қан айналымын жақсартып, гемоглобин деңгейін көтеруге және жүйке жүйесінің қалыпты қызмет атқаруына ықпал етеді. Сонымен қатар, жылқы еті гипоаллергенді өнім болып саналады және балалар мен ересектер ағзасына оңай қорытылады[5].

Жылқы майы - диетология тұрғысынан жылқы етінің майлы бөлігі ерекше құндылыққа ие. Жалпы еттің калориялығы оның құрамындағы май мөлшеріне тікелей байланысты. Жылқыларда май көбінесе қабырға маңында және құрсақ бөлігінде жиналады[7].

Зерттеу барысында жаңа ұлттық шұжық өнімінің рецептурасы мен дайындау технологиясы жетілдірілді; Өсімдік дақылдың нутриенттік профилін (аминқышқылдары, дәрумендер мен минералдар) пайдалану нәтижесінде өнімнің тағамдық құндылығы артты.

Тәжірибелік жолмен анықталған 12% маш қоспасы қосылған шұжық — өнімнің органолептикалық көрсеткіштері артты. Шұжықтың дәстүрлі дәмдік профилін сақтай отырып, оның құрылымын жетілдіруге мүмкіндік берілді.

Жұмыс барысында қойылған барлық міндеттер толық көлемде шешіліп, өсімдік дәнімен байытылған, функционалды ұлттық ет өнімінің ғылыми негізделген технологиясы әзірленді. Зерттеу нәтижелері ұлттық шұжық өндірісіндегі бәсекеге қабілетті жаңа бағыты болып табылады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Общее состояние мясоперерабатывающих предприятий в Республике Казахстан, доступно по ссылке: <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-forrest-village-hunt-fish/publications/346618/>

2. Развитие мясной промышленности Казахстана, доступно по ссылке: <https://energyprom.kz/articles-ru/markets-ru/kazahstanczy-myasoedy-potreblenie-myasa-i-myasnoj-produkczii-vyroslo-na-2/>

3. Полезные свойства маш (мунг), доступно по ссылке: <https://www.gastronom.ru/product/mash-1432>

4. Создание качественно новых продуктов с заданными свойствами / К.Л. Коновалов, А.И. Лосева, М.Т. Шулбаева, Н.В. Печеник // Пищевая индустрия. 2010. №5.

5. Жылқы етінің адам ағзасына пайдасы және оны тұтыну <https://kaz.nur.kz/food/recipes/2209853-zhylqy-eti-neshe-sagatta-pisedi-zhane-onyng-adam-agzasyna-paidasy-qandai/>

6. Глава VIII. Продуктивное коневодство [1984 Свечин К.Б., Бобылев И.Ф., Гопка Б.М. - Коневодство]

7. <https://www.activestudy.info/myasnaya-produktivnost-i-proizvodstvo-konskogo-myasa-bashkirskoj-loshadi/> Тулеуов. Е. Т., Производство конины- М.: Агропромиздат, 1986-287 с.


УДК 631.372:621.313.333

Елеушинов А. А., Молдажанов А. К., Азизов А.
Казахский национальный аграрный исследовательский университет

МАТЕМАТИЧЕСКАЯ МОДЕЛЬ МНОГОДВИГАТЕЛЬНОГО АВТОНОМНОГО ЭЛЕКТРОПРИВОДА АКТИВНЫХ РАБОЧИХ ОРГАНОВ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ МАШИН

Электрификация сельскохозяйственной техники мощностью 15–25 кВт обусловлена ужесточением экологических требований и возможностью индивидуального электрического управления активными рабочими органами [1, 2]. Переход от механической трансмиссии с валом отбора мощности к распределённому электроприводу с общей шиной постоянного тока снижает потери на 15–25 % [1]. Задачи построения автономного многодвигательного привода со стохастической нагрузкой рабочих органов при ограниченной мощности источника проработаны в литературе недостаточно. Цель работы — построение математической модели такого электропривода и постановка задачи адаптивного распределения мощности.

Объект исследования — фреза-культиватор с тремя секциями, агрегатируемый с электрическим трактором 18 кВт. Радиус фрезерного барабана $R_\phi = 0,15$ м, число ножей $z = 6$, ширина междурядья $b = 0,25$ м, глубина $h = 0,08...0,12$ м. Источник — литий-ионная батарея 96 В, 19 кВт·ч; шина $U_{dc} = 540$ В; суперконденсатор 50 Ф. Структурная схема приведена на рисунке 1.



АКБ — аккумуляторная батарея; СК — суперконденсатор; Инв. — автономный инвертор напряжения; АД — асинхрон

Рисунок 1 — Структурная схема многодвигательного автономного электропривода

Электромагнитные процессы в асинхронном двигателе описываются в системе координат $d-q$, ориентированной по вектору потокосцепления ротора ($\psi_{rq}, i = 0$) [12]. Электромагнитный момент:

$$M_{эм, i} = \left(\frac{3}{2}\right) p_i \left(\frac{L_{m,i}}{L_{r,i}}\right) \psi_{rd, i} i_{sq, i}, \quad [\text{Н} \cdot \text{м}] \quad (1)$$

Момент сопротивления секции — сумма детерминированной, пульсационной, случайной и меж секционной составляющих; детерминированная по теории В. П. Горячкина и В. А. Желиговского [10, 11]:

$$M_{с, i} = k_{поч} b h \frac{R_\phi k_p}{i_{ред}}, \quad [\text{Н} \cdot \text{м}] \quad (2)$$

где $k_{поч}$ — удельное сопротивление почвы, $\text{Н}/\text{м}^2$; $k_p = 1,15...1,35$ — коэффициент рыхления. Поле $k_{поч}(x, y)$ аппроксимируется гауссовским случайным полем с

экспоненциальной автокорреляционной функцией и корреляционной длиной $L_k = 0,5 \dots 2,0$ м [11]. Реализации поля и моментов трёх секций — на рисунке 2.




Рисунок 2 — Стохастическое поле удельного сопротивления почвы и моменты трёх секций фрезы ($L_k = 1,0$ м)

На верхнем уровне решается задача квадратичного программирования: минимизировать взвешенную сумму квадратов отклонений моментов от уставок, суммарной мощности и приращений управлений при ограничениях

$$\sum_k P_k \leq P_{\text{ист}}^{\max(\text{SOC}, T_{\text{АКБ}})}, P_{\text{тяги}} \geq P_{\text{тяги}}^{\min(v)}. \quad (3)$$

Линеаризация функций КПД вблизи рабочей точки сохраняет положительную определённую матрицу Гессе и обеспечивает выпуклость задачи. Приоритетное ограничение [5] реализует иерархию: при недостатке мощности уставки моментов рабочих органов снижаются первыми, что сохраняет непрерывность движения агрегата. Алгоритм координатора приведён на рисунке 3.




Рисунок 3 — Блок-схема алгоритма координатора верхнего уровня (период $T_k = 1 \dots 5$ мс)

Имитационное моделирование 30-секундного режима работы показало (рисунок 4): без адаптивного управления пиковые нагрузки дают превышение лимита 15 кВт на 12–20 %; при работе координатора суммарная мощность удерживается в пределах $P_{\text{ист}}^{\max}$ [4], максимальное отклонение моментов рабочих органов от технологических уставок не превышает 18 %.




Рисунок 4 — Баланс мощности на шине постоянного тока: без адаптивного управления (вверху) и с работой координатора (внизу)

Разработанная модель учитывает стохастический характер нагрузки [3, 4], межсекционную связь и ограниченность автономного источника. Предложенный закон управления применим к электрифицированной сельскохозяйственной технике малой и средней мощности [1, 2].

СПИСОК ЛИТЕРАТУРНЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. Mocera F., Somà A. A review of hybrid electric architectures in construction, handling and agriculture machines // *Energies*. – 2020. – Vol. 13, No. 18. – Art. 4845. – DOI: 10.3390/en13184845.
2. Moreda G. P., Muñoz-García M. A., Barreiro P. High voltage electrification of tractor and agricultural machinery: A review // *Energy Conversion and Management*. – 2016. – Vol. 115. – P. 117–131.
3. Соколовский Г. Г. Электроприводы переменного тока с частотным регулированием. – М.: Академия, 2006. – 272 с.
4. Слежановский О. В., Дацковский Л. Х., Кузнецов И. С. Системы подчинённого регулирования электроприводов переменного тока с вентильными преобразователями. – М.: Энергоатомиздат, 1983. – 256 с.
5. Koren Y. Cross-coupled biaxial computer control for manufacturing systems // *ASME Journal of Dynamic Systems, Measurement, and Control*. – 1980. – Vol. 102, No. 4. – P. 265–272.
6. Ren W., Beard R. W. *Distributed Consensus in Multi-Vehicle Cooperative Control*. – London: Springer, 2008. – 319 p.
7. Будзко И. А., Лещинская Т. Б., Сукманов В. И. *Электроснабжение сельского хозяйства*. – М.: Колос, 2000. – 536 с.
8. Бородин И. Ф., Андреев С. А. *Автоматизация технологических процессов и системы автоматического управления*. – М.: КолосС, 2006. – 352 с.
9. Пястолов А. А., Мешков А. А., Вахрамеев О. П. *Монтаж, эксплуатация и ремонт электрооборудования*. – М.: Колос, 1981. – 336 с.

10. Горячкин В. П. Собрание сочинений: в 3 т. Т. 2. – М.: Колос, 1968. – 455 с.
11. Желиговский В. А. Теория и расчёт сельскохозяйственных машин. Теория ротационных рабочих органов. – М.: Колос, 1968. – 312 с.
12. Виноградов А. Б. Векторное управление электроприводами переменного тока. – Иваново: ГОУВПО «Ивановский государственный энергетический университет имени В. И. Ленина», 2008. – 298 с.
13. ГОСТ 20915-2011. Испытания сельскохозяйственной техники. Методы определения условий испытаний. – М.: Стандартинформ, 2013. – 20 с.
14. Plett G. L. Battery Management Systems. Vol. II: Equivalent-Circuit Methods. – Boston: Artech House, 2015. – 370 p.

ӘОЖ 637.072

**Сыздық М.Р^{1,2}, Нурсейтова М.А², Дронова К², Чувашова Е²,
Ахметсадықов Н.Н²**

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ, Қазақстан

²«Антиген» ғылыми-өндірістік кәсіпорны ЖШС, Алматы обл., Қазақстан

ЖЫЛҚЫНЫҢ ІШ МАЙЫНДАҒЫ ЛИПИДТЕРДІҢ ТОТЫҒУ ДЕНГЕЙІН FTIR-СПЕКТРОСКОПИЯСЫ ЖӘНЕ ФИЗИКА-ХИМИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ БАҒАЛАУ

Бұл зерттеу жұмысында жылқының іш майындағы липидтердің тотығу деңгейін кешенді бағалау мақсатында әлсіретілген толық шағылысу-Фурье түрлендіруінің инфрақызыл спектроскопиясы (ATR-FTIR), сондай-ақ физика-химиялық көрсеткіштер (тығыздық, сыну көрсеткіші, пероксидтік сан, қышқылдық сан және балқу температурасы) зерттелді. Зерттеудің негізгі мақсаты – липидтердің тотығу процестерін жылдам және сенімді анықтауға мүмкіндік беретін спектроскопиялық әдістердің тиімділігін бағалау. Негізгі міндет ретінде жылқының іш майынан алынған 10 үлгі маркерлік қосылыстар 6 күн ішінде зерттелді. Алынған нәтижелердің орташа мәні және стандартты ауытқу мөлшері есептелінді.

Нәтижесінде тотықпаған май үлгісінде пероксидтік сан $4,269 \pm 4,637$ ммоль O_2 /кг, үшінші күнгі тотыққан майдағы орташа мәні $6,385 \pm 6,823$ ммоль O_2 /кг, алтыншы күнгі тотыққан майдың орташа пероксидтік мөлшері $8,758 \pm 9,301$ ммоль O_2 /кг құрады. Қышқылдық сан мөлшері тотықпаған май үлгісінде $1,172 \pm 0,459$ мг КОН/г, үшінші күнгі тотыққан майдың орташа мәні $20,312 \pm 24,915$ мг КОН/г, алтыншы күндегі тотыққан майдың орташа қышқылдық мөлшері $32,597 \pm 26,183$ мг КОН/г майдың гидролиз дәрежесін көрсетті. Тотықпаған май үлгісінде балқу температурасының орташа мәні $32,145 \pm 4,331$ °С, үшінші күнде алтыншы күндегі орташа мөлшері $25,948 \pm 0,486$ °С және соңғы нүктедегі балқу температурасы $26,929 \pm 0,993$ °С көрсетті. Майдың тығыздығының орташа мәні $0,933 \pm 0,028$ г/см³; $0,911 \pm 0,020$ г/см³ және $0,994 \pm 0,033$ г/см³ аралығындағы нәтижені көрсетті. Сыну көрсеткіші (рефракция) нәтижелерінің орташа мәндері 1,46–1,47 аралығында өзгерді, ал стандартты ауытқу 0,0004–0,0015 шегінде болды. Бұл көрсеткіштер майдың құрылымдық және құрамдық өзгерістері сипатталды.

FTIR талдау нәтижесінде барлық үлгілерде липидтерге тән негізгі 8 функционалдық топтар анықталды. Орташа толқын мәндері бойынша 720 – 721 см⁻¹ аймағында ұзын көмірсутек тізбектеріне тән жолақтар, 1159 – 1165 см⁻¹ және 1237 – 1308 см⁻¹ диапазондарында эфирлік байланыстарға тән жолақтар, 1377 – 1465 см⁻¹ аймағында CH_3 және CH_2 топтарының деформациялық тербелістері тіркелді. Екінші және үшінші нүктелерде 1738 – 1743 см⁻¹ аймағында карбонил тобына (C=O) сәйкес айқын жолақтардың

пайда болуы байқалды. Бұл көрсеткіш липидтердің тотығу өнімдерінің түзілуін көрсететін маңызды маркер болып табылады. Бірінші нүктеде бұл аймақта айқын жолақтың болмауы немесе әлсіз байқалуы зерттелген үлгілер арасындағы тотығу дәрежесінің айырмашылығын көрсетеді. Сонымен қатар 2852–2922 см⁻¹ аймағындағы жолақтар барлық нүктелерде алифаттық көмірсутек тізбектерінің сақталғанын көрсетті. FTIR спектрлеріндегі орташа мәндер бойынша салыстыру екінші және үшінші нүктелерде тотығуға тән функционалдық топтардың айқынырақ көрінетінін көрсетті.

Алынған үлгілердің инфрақызыл сіңіру спектрлері өлшеніп, олардағы функционалдық топтардың өзгерістері анықталды. Спектроскопиялық нәтижелер тотығуға ұшыраған үлгілерде пероксидтік санның жоғарылауы липидтердің алғашқы және екінші реттік тотығу өнімдерінің түзілуін дәлелдейді. Жүргізілген зерттеу нәтижелері FTIR әдісінің жылқы майындағы липидтердің тотығу деңгейін жылдам және тиімді анықтауға мүмкіндік беретін перспективалы құрал екенін көрсетті. Бұл әдісті дәстүрлі химиялық талдау әдістерімен бірге қолдану липидтердің сапасын кешенді бағалауға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Pretsch, E.; Bühlmann, P.; Affolter, C. *Structure Determination of Organic Compounds*; Springer: Berlin/Heidelberg, Germany, 2000; ISBN 9783540938095.
2. Jabs, A. Determination of Secondary Structure in Proteins by Fourier Transform Infrared Spectroscopy (FTIR). (accessed on 14 November 2020).
3. Tamm, L.K.; Tatulian, S.A. Infrared spectroscopy of proteins and peptides in lipid bilayers. *Q. Rev. Biophys.* 1997, 30, 365–429.
4. Silverstein, R.M.; Bassler, G.C.; Morrill, T.C. *Spectrometric Identification of Organic Compounds*, 4th ed.; John Wiley and Sons: New York, NY, USA, 2005; ISBN 978-0-470-61637-6.
5. Kanou, M.; Nakanishi, K.; Hashimoto, A.; Kameokaj, T. Influences of monosaccharides and its glycosidic linkage on infrared spectral characteristics of disaccharides in aqueous solutions. *Appl. Spectrosc.* 2005, 59, 885–892.
6. Karoui, R.; Downey, G.; Blecker, C. Mid-infrared spectroscopy coupled with chemometrics: A tool for the analysis of intact food systems and the exploration of their molecular structure-quality relationships—A review. *Chem. Rev.* 2010, 110, 6144–6168.
- Технологическая суть: Использование беспроводных сенсорных сетей (WSN), которые измеряют влажность и засоленность почвы на разной глубине каждые 15 минут. Данные передаются через протокол LoRaWAN на пульт управления орошением.

- Результат: Экономия поливной воды достигает 30-40%, что критически важно в условиях европейского «зеленого курса» (*Wolfert, 2024*).

- Проекция на Туркестанскую и Жамбылскую области: Южные регионы Казахстана сталкиваются с острым дефицитом трансграничных водных ресурсов. Модель Нидерландов идеально подходит для малых и средних хозяйств (МСХ) юга РК, занимающихся садоводством и овощеводством. Однако здесь возникает барьер, описанный в трудах *Балкибаевой А. (2026)*: высокая стоимость единичного датчика делает технологию недоступной для отдельного крестьянского хозяйства. Решением может стать создание цифровых водных кооперативов, где затраты на ИТ-инфраструктуру делятся между участниками.

3.3.3 Адаптация моделей в условиях Казахстана

На основе анализа вышеуказанных кейсов в статье формулируется вывод о необходимости дифференцированной цифровой политики для регионов РК:

Таблица

Таблица 1 Дифференцированная цифровая политика для регионов РК

Бюро национальной статистики АСПиР РК (2025) и экспертных оценок Шалболовой и Смагуловой (2025, с. 42).

Заключение и практические рекомендации

Резюмируя вышеизложенное, авторы приходят к выводу, что цифровая трансформация агробизнеса РК должна базироваться на принципе технологической конвергенции. Основными векторами развития на период до 2030 года должны стать:

- Ликвидация инфраструктурной асимметрии через создание опорных зон покрытия 5G в аграрных кластерах.
- Имплементация модели «Цифровых ваучеров» (*Imanbayeva & Abuselidze, 2024*) для

снижения финансового порога входа для субъектов МСБ.

▪ Формирование региональных центров трансферта технологий на базе ведущих аграрных университетов для подготовки кадров нового поколения.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. Balkibayeva, A. M., & Lim, S. S. (2026). Human Capital 4.0: Strategic imperatives for agricultural digitalization in Central Asia. *Journal of Economic Research*, 14(2), 112–125.
2. Bernhardt, H., et al. (2024). The digital divide in global agribusiness: Socio-economic implications. *Smart Agricultural Technology*, 8, Article 100245.
3. Imanbayeva, Z., & Abuselidze, G. (2024). State regulation and financial instruments of digital agro-transformation. *Sustainability*, 16(4), 1542.
4. Kurishbayev, A. K. (2025). Transparency in the agri-food sector: Integration of remote sensing and state databases. *Bulletin of Agricultural Science of Kazakhstan*, 1, 5–14.
5. Medennikov, V. I. (2024). Mathematical modeling of the unified digital information space for the CIS agribusiness. *Agrarian Science*, 38(1), 44–52.
6. Saparova, G. K. (2024). Investment risks of IT adoption in the regional agro-industrial complex. *Turan University Bulletin*, 3, 88–97.
7. Shalbolova, U. Zh., Smagulova, Zh. B., & Rakhmetyeva, R. U. (2025). Digital maturity of Kazakhstan's regions: A multi-factor analysis. *Problems of AgriMarket*, 1, 34–47.
8. Wolfert, S. (2024). Big Data and AI in Agriculture 5.0: A Review of Global Trends. Wageningen University Press. Бюджетный кодекс Республики Казахстан от 15 марта 2025 года № 171-VIII. [Электронный ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2500000171> (дата обращения 03.07.2025)
9. Предпринимательский кодекс Республики Казахстан от 29 октября 2015 года № 375-V ЗРК. [Электронный ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000375> (дата обращения 03.07.2025)

UDC 004.8:378

Malikzada Milad Ahmad

Kazakh National Agrarian Research University

Scientific supervisor: Ismailova A.K., PhD in Economics

ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN GLOBAL EDUCATIONAL SYSTEMS

Artificial Intelligence (AI) is rapidly transforming global educational systems, presenting both unprecedented opportunities and significant risks. This paper provides a balanced assessment of AI's integration into education, highlighting its transformative potential alongside critical concerns such as algorithmic bias, learning deficits, and, most notably, pervasive data privacy and security issues. While AI offers substantial pedagogical benefits, effective implementation necessitates robust data protection frameworks, ethical governance, and stakeholder accountability. AI's positive impacts on education are multifaceted, primarily driven by its capacity for personalization, enhanced accessibility, administrative efficiency, and advanced learning analytics. AI enables genuinely personalized learning experiences at scale, dynamically adjusting content difficulty, presentation format, and pacing to individual student needs. Adaptive learning systems have been shown to improve student outcomes, with some studies demonstrating learning gains equivalent to 3-4 months of additional instruction. This personalization is particularly beneficial for diverse learners, including those with learning disabilities or varied learning styles. AI significantly enhances educational accessibility for students with disabilities and marginalized populations. Technologies like automated speech-to-text, text-to-speech, and natural

language processing mitigate barriers for deaf, hard-of-hearing, blind, low-vision, and non-native English-speaking students. AI tutoring systems also democratize access to quality instruction in remote or under-resourced regions, addressing educational inequities. AI streamlines administrative tasks, freeing educators for higher-value activities. Automated grading, predictive analytics for identifying at-risk students, and AI-assisted resource scheduling improve institutional efficiency, student retention, and resource allocation. These efficiencies allow institutions to serve more students while maintaining quality, especially in under-funded systems. AI-powered learning analytics provide deep insights into student learning patterns, identifying effective teaching strategies and common misconceptions. Formative assessment systems offer real-time feedback, accelerating the learning cycle and improving student outcomes by allowing immediate correction of misunderstandings. Despite its potential, AI in education poses significant challenges, including algorithmic bias, risks to cognitive skill development, technological dependency, and limitations in replicating human judgment. AI systems can perpetuate and amplify existing educational inequalities. Trained on historical data, algorithms may encode societal prejudices, leading to biased outcomes. For instance, adaptive learning systems might inadvertently assign less challenging material to historically marginalized students, reinforcing existing disparities. Predictive systems for at-risk students can also lead to exclusionary practices, narrowing opportunities rather than expanding them. Over-reliance on AI can undermine the development of critical cognitive skills. When AI provides direct answers, students may become dependent on external problem-solving, hindering independent thinking and metacognitive awareness. Productive struggle, essential for deeper understanding and resilience, may be reduced. Furthermore, AI cannot replicate the social and emotional development fostered by interaction with human educators.

Increasing reliance on AI platforms creates systemic vulnerabilities. Internet outages, platform malfunctions, or service discontinuation can disrupt entire educational systems, particularly impacting students with limited alternatives. The privatization of educational platforms also raises concerns about profit motives superseding educational missions, potentially leading to loss of access to resources. AI cannot fully replicate human educational judgment, which involves understanding student motivation, cultural context, emotional state, and aspirations. Critical decisions affecting student futures require nuanced human knowledge that algorithms lack. Moreover, education encompasses character development, values, and citizenship, dimensions that are not easily quantifiable by AI, risking an over-emphasis on measurable outcomes at the expense of broader educational goals. The most critical concern surrounding AI in education is the pervasive threat to data privacy and information security. Educational systems generate vast amounts of sensitive personal data, often without adequate protection or transparent consent. Educational data, including every keystroke, learning pattern, and academic struggle, is highly sensitive. For children and adolescents, this data is protected by stringent regulations (e.g., FERPA, GDPR Article 8), yet AI platforms frequently process it with minimal safeguards. The combination of educational data with other information can lead to profiling and exploitation of student vulnerabilities. Educational institutions often share student data with AI platforms with minimal transparency or meaningful consent. This occurs through contractual agreements with opaque terms of service that most stakeholders do not fully understand. Data flows are often hidden, allowing data shared for learning purposes to be sold, used for behavioral prediction, or linked with other datasets. Consent is frequently coerced, as students and parents often cannot refuse data collection without withdrawing from educational systems. The commercial value of educational data drives problematic monetization. Companies can infer student vulnerabilities and preferences, enabling targeted marketing of services based on inferred ability rather than actual potential. This asymmetry of knowledge allows for potential manipulation, as companies possess comprehensive student data while students and parents remain largely unaware. Educational data retention creates long-term surveillance risks. Data collected during childhood can be retained indefinitely, enabling future identification, targeting, and potential discrimination. Linking

learning patterns with behavioral characteristics allows for sophisticated behavioral prediction and manipulation. Data breaches, common in educational institutions with limited cybersecurity resources, expose sensitive student information that cannot be recalled. Existing regulations (e.g., FERPA, GDPR) offer some protection but contain significant gaps. Many third-party vendors are exempt, and regulations often mandate transparency and consent without restricting data use categories. Enforcement is weak, with penalties often minor compared to commercial benefits, creating insufficient deterrence against privacy violations.

Recommendations:

1. **Robust Data Protection:** Implementing data minimization, collecting only strictly necessary information, and limiting retention periods. Strong access controls are essential.
2. **Strengthened Transparency:** Providing clear, comprehensible explanations to students and families about data collection, usage, sharing, retention, and their rights. Current privacy policies are often intentionally obscure.
3. **Algorithmic Accountability:** Subjecting AI systems to independent audits, bias testing, and validation to ensure decisions serve educational rather than commercial interests. Stakeholders must understand how algorithms function.
4. **Centrality of Human Judgment:** Utilizing AI as a tool to augment, not replace, educator decision-making. Critical decisions affecting student futures must involve human professionals who understand individual context.

REFERENCES:

1. Artificial Intelligence in Education: Implications for Policymakers, Researchers, and Practitioners // Springer. – 2024. – Available at: <https://link.springer.com/article/10.1007/s10758-024-09747-0>
2. The Impact of Artificial Intelligence on Students' Academic Development // Education Sciences (MDPI). – 2024. – Available at: <https://www.mdpi.com/2227-7102/15/3/343>
3. Exploring the Impact of ChatGPT in Education // Frontiers in Education. – 2024. – Available at: <https://www.frontiersin.org/articles/10.3389/feduc.2024.1379796/full>
4. A Systematic Review of the Impact of Artificial Intelligence on Educational Outcomes in Health Professions Education // BMC Medical Education. – 2025. – Available at: <https://bmcmededuc.biomedcentral.com/articles/10.1186/s12909-025-06719-5>
5. UNESCO. Guidance for Generative AI in Education and Research. – 2023. – Available at: <https://www.unesco.org/en/articles/guidance-generative-ai-education-and-research>

УДК 004.85:625.7

Мерханов Е.Е., Сәбит С.С.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

ЖОЛ БҰЗЫЛЫСЫН ТАНИТЫН «SAFE ROADS» ЖИ АГЕНТІ

Жол шұңқыры - ұсақ-түйек емес. Донғалақ бүлінеді, көлік тозады, ал кейде жол апаты болады. Бірақ жамылатын жерді анықтау процесі әлі де ескіше жүреді: тұрғын шағым жазады, хат жоғалады немесе кезекке тұрады, жөндеу апталар бойы кешігеді. Мәселе технологияда емес - бақылаудың жүйелі еместігінде. Тиісті органдарда бірыңғай, нақты деректерге негізделген карта жоқ: қай жерде не бұзылған, қашан бұзылған, қаншалықты қауіпті. «Safe Roads» жобасы осы олқылықты жабуға арналған.

Идея қарапайым. Адам бұзылған жолды суретке түсіреді - арнайы қосымша жүктеудің қажеті жоқ, Telegram жеткілікті. Бот суретті YOLOv8 нейрожелісіне жібереді, ол зақымның

түрін анықтайды: шұңқыр ма (D40), көлденең жарық па (D10), аллигаторлы жарық па (D20), бұзылған жол белгісі ме (D44). Нәтиже бірнеше секундта қайтарылады. Пайдаланушы мекенжайды мәтінмен жазуы, геолокация жіберуі немесе өткізіп жіберуі мүмкін. Есеп GPS-координатымен бірге деректер қорына түседі, жол қызметі картада нақты нүктені көреді.

Техникалық жағынан жүйе үш деңгейден тұрады. Алдыңғы бөлік - Telegram-бот (python-telegram-bot), ортаңғы - FastAPI бэкенд, артқы - PostgreSQL деректер қоры. Модель ретінде YOLOv8n қолданылады, Roboflow платформасындағы жол зақымдарының деректер жинағында 50 эпох бойы үйретілген. Зақым деңгейі модельдің сенімділік көрсеткішімен анықталады: 40%-дан төмен - шамалы, 40–70% - орташа, 70%-дан жоғары - критикалық. Мекенжайды геокодтау үшін OpenStreetMap негізіндегі Nominatim пайдаланылады. API эндпоинттері X-API-Key тақырыбымен қорғалған, IP бойынша минутына 30 сұраумен шектелген.

Экономикалық логика да бар. Кіші жарықты дер кезінде жамау ірі шұңқырды жөндеуден 5–8 есе арзан - бұл жол инженерлерінің жақсы білетін факті. Hassan және т.б. (2021) тұрғын деректеріне сүйенген профилактикалық жөндеу инфрақұрылым шығынын 30%-ға дейін қысқартқанын дәлелдеді. Reddy және т.б. (2023) YOLOv8 үлгісі жол зақымдарын анықтауда 91%-дан жоғары дәлдікке жеткенін көрсетті бұл нақты пайдалануға жарамды деңгей. Жиналған геодеректер қай учаскелер жиі бұзылатынын да айтады, жол қызметтеріне бюджетті дәлірек жоспарлауға тікелей негіз береді.

Заңнамалық тарап - ашық мәселе. Фото мен геолокация дербес деректер санатына жатады, оларды жинауға пайдаланушының нақты келісімі болуы керек, ал сақтау тәртібі «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңға сай жасалынған.

Жүйе жұмыс істейді, технология жағы шешілген. Алдағы қадамдар екеу: жергілікті атқарушы органдармен интеграция және деректерге қол жеткізудің заңнамалық базасын айқындау. Бұл техникалық емес, басқару шешімін талап ететін мәселе.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Reddy N. et al. Pothole Detection Using Deep Learning: YOLOv5 vs YOLOv8 // IEEE Access. – 2023. – Vol. 11. – P. 22615–22626.
2. Hassan S.A. et al. Citizen-Sourced Road Condition Monitoring: Cost and Efficiency Analysis // Transportation Research Part D. – 2021. – Vol. 96. – P. 1–14.
3. Maeda H. et al. Road Damage Dataset and Challenges // arXiv preprint arXiv:2203.12205. – 2022.
4. Нұрланов Б.Қ., Сейіт А.Д. Қазақстанда дербес деректерді қорғаудың құқықтық мәселелері // Заң және мемлекет. – 2023. – №2. – Б. 34–41.

УДК 338.14

Туганбаева Гулден Армановна

*научный руководитель: Баймолдаева Меруерт Турсынбековна к.э.н.,
ассоц. профессор кафедры “Учет, аудит и финансы”
Казахский национальный аграрный исследовательский университет*

ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ОЦЕНКИ УЩЕРБА В СОВРЕМЕННОЙ ЭКОНОМИКЕ

В современных условиях нестабильности мировой экономики особое значение приобретает оценка ущерба и экономических рисков, поскольку от качества управления финансовыми ресурсами зависит устойчивость развития государства. Для Казахстана данная проблема имеет особую актуальность в связи с зависимостью экономики от

сырьевого сектора, внешнеэкономической конъюнктуры, инфляционных процессов и состояния международных финансовых рынков [1, с. 48].

Современная система оценки ущерба включает не только определение прямых финансовых потерь, но и анализ долгосрочных последствий: роста государственного долга, дефицита бюджета, снижения инвестиционной привлекательности и ухудшения социальной стабильности. В условиях рыночной экономики данные процессы требуют совершенствования методов государственного контроля и финансового планирования.

Одной из актуальных проблем финансово-экономической системы остается оценка экономического ущерба, причиненного государству вследствие неэффективного использования бюджетных средств, финансовых нарушений и коррупционных правонарушений. Оценочная деятельность играет важную роль, поскольку от точности определения ущерба зависит эффективность государственного аудита и последующего возмещения убытков.

Проблемы оценки ущерба целесообразно классифицировать на методологические, информационные и институциональные.

Основная сложность заключается в отсутствии единой методики оценки ущерба. Различные государственные органы и эксперты используют разные подходы к определению финансовых потерь, что приводит к расхождениям в результатах и снижает объективность оценки [2, с. 65]. Например, при анализе государственных закупок ущерб может рассчитываться исходя из завышения стоимости контрактов, а при оценке инфраструктурных проектов на основе неосвоенных средств или увеличения расходов. В результате единая система определения ущерба отсутствует, что снижает сопоставимость результатов и затрудняет формирование единой практики контроля.

Проблема оценки ущерба связана с тем, что финансовые потери государства могут быть прямыми и косвенными. Прямой ущерб выражается в конкретных суммах и сравнительно легко поддается расчету. Однако значительно сложнее оценить косвенные последствия, включая снижение инвестиционной привлекательности, рост инфляции и ухудшение качества государственных услуг. Подобные последствия не имеют точного количественного выражения, что осложняет применение стандартных методов оценки.

Дополнительные трудности возникают из-за недостатка достоверной информации и ограниченной прозрачности финансовой отчетности. При реализации государственных проектов часто изменяются сметы, сроки строительства и объемы финансирования, что затрудняет определение реального размера ущерба. По данным органов аудита, ежегодно выявляются нарушения на сотни миллиардов тенге, однако значительная часть не имеет точной количественной оценки именно из-за недостатка достоверных данных и разрозненности информационных источников. Кроме того, влияние инфляции и изменения рыночной стоимости активов требует применения сложных методов расчета [3], что повышает требования к качеству исходной информации.

Серьезной проблемой остается субъективность экспертной оценки. Результаты аудита и экспертиз нередко различаются из-за отсутствия единых стандартов и четких алгоритмов расчета. В практике нередки случаи, когда разные органы дают различную оценку одному и тому же ущербу, что снижает доверие к результатам оценки и усложняет принятие решений.

Дополнительно следует отметить недостаточную координацию между государственными органами, несовершенство нормативной базы и ограниченное внедрение цифровых инструментов в процессы оценки.

Таким образом, оценка ущерба сопровождается рядом системных проблем, методологического, информационного и институционального характера. Отсутствие единых методик оценки, сложность учета косвенных потерь, недостаток достоверной информации и субъективность экспертных решений снижают точность и объективность определения ущерба. Решение обозначенных проблем требует разработки

унифицированных методик, повышения прозрачности финансовых данных, усиления межведомственного взаимодействия и стандартизации процедур оценки. Реализация данных направлений позволит повысить достоверность результатов оценки, укрепить финансовую дисциплину и обеспечить эффективное использование государственных ресурсов.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. Харитонов, А. Ю. Эффективное управление предприятием на основе стоимости: монография /А.Ю. Харитонов, А.В. Пластинин. - Архангельск: Архангельский государственный технический университет, 2018. - 172 с
2. Баймуратов У.Б., Садыкова А.Т. Проблемы оценки экономического ущерба в системе государственного финансового контроля Казахстана // Финансы и кредит. – 2022. – № 5. – С. 61–69.
3. Блэк Э. (ред.) «Вопросы стоимости. Овладейте новейшими приемами управления, инвестирования и регулирования, основанными на стоимости компании», - И.: Олимп-Бизнес, 2018г.- 249с.

ӘОЖ 338.2

Аблез Айдана

Ғылыми жетекші – э.ғ.к., қауым. профессор - Барлықов Е.К.

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНЕ ӘСЕРІ (ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЫСАЛЫНДА)

Қазақстан Республикасында мемлекеттік және корпоративтік басқаруды цифрландыру заманауи әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды бағытына айналды. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы басқару жүйелерінің мазмұны мен құрылымына түбегейлі өзгерістер енгізіп, дәстүрлі басқару тәсілдерін қайта қарауға мүмкіндік берді. Әсіресе, үлкен деректер (Big Data), жасанды интеллект (Artificial Intelligence) және бұлтты есептеу технологиялары басқару тиімділігін арттырудың негізгі құралдары ретінде қалыптасты.

Цифрландырудың теориялық негізі басқару процестеріне деректерге негізделген тәсілді енгізумен сипатталады. Data-Driven Government тұжырымдамасы басқару шешімдерін интуицияға емес, нақты деректер мен аналитикалық модельдерге сүйене отырып қабылдауды көздейді. Бұл тәсіл мемлекеттік саясаттың дәлдігін арттырып, ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, болжамды аналитика құралдары әлеуметтік-экономикалық процестердің даму динамикасын алдын ала бағалауға жағдай жасайды.

Қазақстанда цифрлық трансформация “Цифрлық Қазақстан” мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылып келеді. Электрондық үкіметтің дамуы мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын айтарлықтай жақсартты. Онлайн платформалар арқылы азаматтар мемлекеттік қызметтерді жылдам әрі ыңғайлы түрде ала алады, бұл әкімшілік кедергілерді азайтып, басқару жүйесінің ашықтығын арттырды. Сонымен қатар, цифрлық инфрақұрылымның дамуы халықтың цифрлық қызметтерге кеңінен қол жеткізуіне мүмкіндік беріп отыр.

Басқару жүйесіне цифрлық технологияларды енгізу оның тиімділігін бірнеше бағытта арттырады. Біріншіден, шешім қабылдау уақыты қысқарады, себебі деректерді өңдеу және

талдау автоматтандырылған жүйелер арқылы жүзеге асады. Екіншіден, транзакциялық және әкімшілік шығындар азаяды. Үшіншіден, басқару процестерінің ашықтығы мен есептілігі күшейеді. Бұл өз кезегінде мемлекеттік органдарға деген сенімді арттырады.

Цифрландыру ұйымдық құрылымдарға да әсер етуде. Қатаң иерархиялық модельдердің орнына икемді, желілік және жобалық басқару тәсілдері енгізілуде. Agile қағидаттарына негізделген басқару жүйелері ұйымдардың өзгермелі ортаға тез бейімделуін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, цифрлық платформалар әртүрлі бөлімшелер арасындағы өзара әрекеттестікті жеңілдетіп, көлденең байланыстарды күшейтеді.

Алайда цифрлық трансформация белгілі бір тәуекелдермен қатар жүреді. Киберқауіпсіздік мәселелері, деректердің қорғалуы, цифрлық теңсіздік және білікті мамандардың тапшылығы – негізгі проблемалардың қатарында. Бұл мәселелерді шешу үшін кешенді мемлекеттік саясат, соның ішінде цифрлық қауіпсіздікті күшейту, адами капиталды дамыту және білім беру жүйесін жаңғырту қажет.

Болашақта Қазақстанда басқару жүйесін дамыту цифрлық технологияларды терең енгізумен тығыз байланысты болады. Жасанды интеллектті кеңінен қолдану, цифрлық платформаларды интеграциялау және толыққанды цифрлық мемлекет моделіне көшу – негізгі стратегиялық бағыттар болып табылады. Сонымен қатар, халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру да маңызды рөл атқарады.

Қорытындылай келе, цифрландыру Қазақстандағы басқару жүйесін жаңғыртудың негізгі факторы болып табылады. Деректерге негізделген басқару тұжырымдамасын енгізу шешім қабылдау сапасын арттырып, экономикалық өсуді қамтамасыз етеді. Ұзақ мерзімді перспективада цифрлық трансформация ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін күшейтіп, тұрақты дамуға негіз болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1.Сюбебаева Ж. экономиканы цифрландыру: Қазақстан үшін шетелдік тәжірибе және прогресс мүмкіндіктері // Статистика, есеп және аудит. – 2024. – №4. - Б.59-65.
- 2.Амантай М., Канабекова М. А., Нұрлихина г. Б., Оралбаева Ж. З. цифрландыру Қазақстанның экономикалық өсу факторы ретінде // Статистика, есеп және аудит. – 2025. – №2(97). – 146-158 ББ.
- 3.Қазақстан Республикасындағы цифрландыру: мемлекеттік органдардың ресми порталы.
- 4.Kazinform. Аи және деректер негізінде Қазақстанның цифрлық экономикасын дамыту. – 2026.
- 5.Цифрлық секіріс: Қазақстанның жаңа шындығы // El.kz. – 2025.

УДК 338.476.36

Шамуратов А.Ш.

Независимый исследователь Каракалпакского государственного университета

Исмаилов К.С.

Профессор Каракалпакского государственного университета

ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА

Сельское хозяйство является одной из важнейших отраслей производства в Республике Узбекистан. Она обеспечивает продовольственные товары для населения страны, сырье для обрабатывающей промышленности и другие потребности общества. Поэтому в республике этой сфере уделяется особое внимание.

В 2024 году доля сельского, лесного и рыбного хозяйства в валовом внутреннем продукте Республики Узбекистан составила 18,3%. Доля сельского хозяйства в структуре занятых во всех отраслях экономики составляет 24,4%[3].

В Республике Каракалпакстан, как и в других отраслях, сельское хозяйство занимает значительное место. Несмотря на дефицит воды, одним из актуальных вопросов является увеличение производства сельскохозяйственной продукции, а также увеличение производства животноводческой продукции без сокращения посевов сельскохозяйственных культур.

По итогам 2024 года объем валового регионального продукта в Республике Каракалпакстан составил 45,6 трлн. сумов, из которых сельскохозяйственная продукция составила 17,9 трлн. сумов. Доля сельского хозяйства в валовом региональном продукте составила 39,3 процента. Продукция сельского хозяйства на душу населения составляет 8 913,1 тыс. сумов[3]. Эти показатели нельзя назвать положительными ни по сравнению с другими областями Республики Узбекистан, ни по сравнению с другими зарубежными странами.

В последние годы в Республике Каракалпакстан проведена значительная работа по расширению посевных площадей сельскохозяйственных культур, увеличению их производства и повышению урожайности при производстве продукции.

Таблица 1

Состояние посевных площадей сельскохозяйственных культур в Республике Каракалпакстан за 2020 - 2024 годы (гектар) [1].

№	Наименование продукции	2020 г.	2023 г.	2024 г.	Изменения 2024 года	
					к 2020 году	к 2023 году
1	Все категории хозяйств	263763	277578	266840	101,2	96,1
	<i>В том числе</i>					
2	Зерновые и зернобобовые культуры	106663	100720	103009	96,6	102,3
	<i>Из них,</i>					
	Пшеница	62006	70152	70500	113,7	100,5
	Ячмень	18	28	52	288,9	185,7
	Кукуруза на зерно	7971	6074	7 942	99,6	130,8
	Рис	27925	4853	3 738	13,4	77,0
	Зернобобовые культуры	4609	9411	12208	264,9	129,7
	Хлопок	87550	107567	88262	100,8	82,1
3	Масличные культуры	10197	12 080	12093	118,6	100,1
4	Картофель	6797	7070	7927	116,6	112,1
5	Бахчевые культуры	11763	12531	13369	113,7	106,7
6	Кормовые культуры, всего	23637	19045	19912	84,2	104,6
7	Виноградники	1656	1753	1857	112,1	105,9
8	Овощи, всего	16299	18158	19960	122,5	109,9
	<i>Из них,</i>					
	Помидоры	4383	5317	6427	146,6	120,9
	Огурцы	2149	3519	4048	188,4	115,0
	Морковь	3837	4683	3250	84,7	69,4
	Лук	1278	1185	1061	83,0	89,5
	Капуста	741	661	670	90,4	101,4
9	Фрукты и ягоды, всего	6238	7 311	7676	123,1	105,0

Согласно данным таблицы 1, в сельском хозяйстве Республики Каракалпакстан в 2024 году по сравнению с 2020 годом уменьшились посевные площади зерновых и зернобобовых

культур, кукурузы для зерна, кормовых культур, моркови, лука, различных видов капусты. По сравнению с 2023 годом сократились посевные площади риса, хлопка, моркови и лука. Считалось целесообразным выращивать другие продукты питания за счет ежегодного сокращения посевных площадей хлопчатника. Однако сокращение других посевных площадей не предусмотрено в будущих планах.

В заключение следует отметить, что в последние годы значительное увеличение государственной поддержки процессов развития сельского хозяйства и сельской местности привело к формированию разнонаправленного движения общерегиональных и внутрирегиональных показателей.

В последние годы с целью удовлетворения роста населения, потребности в сельскохозяйственной продукции, были расширены посевные площади многих сельскохозяйственных культур, увеличены объемы производства и повышена урожайность.

Однако заметно, что в последние годы сократились площади посевов риса, хлопка, моркови и лука. За счет сокращения посевных площадей хлопчатника предусматривалось увеличение производства продовольственных культур. Однако сокращение посевных площадей риса, моркови и лука оказалось необоснованным. По этой причине было установлено, что в последние годы производство сельскохозяйственной продукции, а именно риса, хлопка, картофеля, овощей, моркови и лука, уменьшилось. Эти продукты считаются очень необходимыми для населения.

В современных политических и экономических условиях сохранение устойчивого развития сельскохозяйственного производства в Республике Каракалпакстан имеет стратегическое значение, так как всем известно, что решение вопросов продовольственного обеспечения в рамках импортозамещения не потеряет своего значения.

Проблема низкой экономической эффективности сельскохозяйственного производства в республике актуальна и для других подотраслей агропромышленного комплекса, связанных с особенностями сельского хозяйства. В то же время высокая социальная и стратегическая значимость определяет роль более активной государственной поддержки отрасли и привлечения инвестиций, что позволяет поддерживать производственную активность на необходимом уровне в соответствии с потребностями импортозамещения.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРНЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. Статистические данные по сельскому хозяйству Республики Каракалпакстан за 2020-2024 годы.
2. https://gemini.google.com/app/a25274b4aca4b40c?utm_source=app_launcher&utm_medium=owned&utm_campaign=base_all
3. https://stat.uz/img/press-relizlar/analitika-vvp_zb-kirill_p76229.pdf

ӘОЖ 004.85:004.032.26

Жумагулов М.А.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

НЕЙРОНДЫҚ ЖЕЛІЛЕР АРҚЫЛЫ СПАМ ХАТТАРДЫ АНЫҚТАУ ЖҮЙЕСІ

Қазіргі заманда электрондық коммуникацияның қарқынды дамуымен бірге спам хаттар мәселесі де өткір сипат алууда.

Statista халықаралық зерттеу агенттігінің деректері бойынша, 2023 жылы жіберілетін барлық электрондық хаттардың 45-50 пайызы спам болып табылады. Бұл жағдай жеке

пайдаланушыларға ғана емес, ірі корпорацияларға да елеулі зиян тигізеді: маңызды іскерлік хаттардың жоғалуы, фишинг шабуылдары арқылы жеке деректердің ұрлануы, желілік жүктеменің артуы сияқты қауіптер туындайды. Kaspersky Lab мәліметтері бойынша, 2022 жылы тіркелген кибершабуылдардың 48 пайызы фишинг хаттары арқылы жүзеге асырылған. Осы мәселені тиімді шешу үшін машиналық оқыту және жасанды интеллект технологияларын пайдалану қажеттілігі туындайды.

Зерттеудің мақсаты нейрондық желі архитектурасын пайдалана отырып, SMS хаттарды автоматты түрде спам немесе спам емес деп жіктейтін бағдарламалық жүйе жасау болып табылады. Жобада екі нейрондық желі архитектурасы салыстырылды:

MLP (Multilayer Perceptron) және LSTM (Long Short-Term Memory). Жүйе Python 3.10 бағдарламалау тілінде TensorFlow 2.x және Keras кітапханасы арқылы іске асырылды. Орындау ортасы ретінде тегін GPU қолдауымен жұмыс істейтін Google Colab пайдаланылды.

Оқыту үшін UCI Machine Learning Repository-дегі SMS Spam Collection деректер жиыны пайдаланылды.

MLP моделінің архитектурасы Embedding қабатынан, GlobalAveragePooling1D қабатынан, 64 нейронды Dense қабатынан, Dropout(0.5) реттеуші қабатынан және сигмоид активациялы шығыс қабатынан тұрады. GlobalAveragePooling1D қабаты Embedding шығысын уақыт өсі бойынша орташалайды, бұл жылдам жұмыс істеуге мүмкіндік береді. LSTM моделінің архитектурасы Embedding қабатынан, 64 бірліктен тұратын LSTM қабатынан, Dropout(0.5) қабатынан және шығыс қабатынан тұрады. LSTM қабаты сөздер арасындағы тізбектік байланысты есте сақтайды, бұл спам сөз тіркестерін анықтауда айрықша тиімді болып табылады. Екі модель де Adam оптимизаторы және Binary Crossentropy жоғалту функциясы арқылы 10 эпоха бойы оқытылды.

Жобаның практикалық бөлімінде FastAPI бэкенд сервері жасалып, Render.com тегін хостинг платформасына орналастырылды. Сервер /predict маршруты арқылы хат мәтінін қабылдап, нәтижені JSON форматында қайтарады. Қазақша және орысша хаттарды анықтау мақсатында Groq AI платформасының LLaMA 3.3 70B моделі интеграцияланды. Бұл модель үш тілде де 95%+ дәлдікпен жұмыс істейді. API кілті қауіпсіздік мақсатында environment variable ретінде сақталады.

Мобильді қосымша React Native және Expo технологиялары арқылы жасалды. React Native Facebook компаниясы жасаған кросс-платформалы фреймворк болып табылады, бір JavaScript кодымен Android және iOS платформаларына арналған қосымша жасауға мүмкіндік береді. Пайдаланушы күмәнді хат мәтінін қосымшаға енгізіп, Тексеру батырмасын басады, жүйе бірнеше секунд ішінде СПАМ немесе СПАМ ЕМЕС деп, ықтималдық пайызымен бірге нәтиже шығарады. Қосымша Expo Application Services арқылы APK форматында жасалып, Android телефонға орнатылды және нақты жағдайда сыналды.

Зерттеу нәтижелері нейрондық желілердің спам хаттарды анықтауда жоғары тиімділік көрсететінін дәлелдеді. LSTM архитектурасы тізбектік байланысты ескеру қабілеті арқасында MLP-тен жоғары нәтиже берді. Groq AI интеграциясы жүйенің қазақша және орысша хаттармен де жұмыс істеуіне мүмкіндік берді. Жасалған жүйені кез келген пошта сервисіне, мессенджерге немесе корпоративтік коммуникация платформасына интеграциялауға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бекенова А.С. Нейрондық желілерді бағдарламалау: оқу құралы. — Орал: Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, 2025. — 133 б.
2. Мусин Е.К., Әбілқасымов Н.Е. Жасанды интеллект негіздері. — Алматы: Қазақ университеті, 2022. — 248 б.

3. Chollet F. Deep Learning with Python, 2nd Edition. — Manning Publications, 2021. — 504 p.
4. TensorFlow Documentation. Text classification with TensorFlow. — tensorflow.org, 2024.
5. UCI Machine Learning Repository. SMS Spam Collection Dataset. — archive.ics.uci.edu/dataset/228, 2023.

ӘОЖ 338.43:004

Айтбай А. Д., Аязбай А. У.

*Ғылыми жетекші – Экономика ғылымдары бойынша PhD докторы Исмаилова А.К.
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті*

ҚАЗАҚСТАНДА АҚЫЛДЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ (SMART FARMING)

Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы түбегейлі өзгеріп жатыр. Бұрын фермерлер тек тәжірибеге сүйенсе, қазір олар нақты деректерге, цифрлық технологияларға сүйенеді. Осы өзгерістің негізінде Smart Farming жатыр. Smart Farming дегеніміз — бұл ауыл шаруашылығын заманауи технологиялар арқылы басқару, яғни интернетке қосылған құрылғылар, сенсорлар, спутниктік бақылау, дрондар және жасанды интеллект көмегімен өндірісті оңтайландыру.

Бұл технологиялардың басты мақсаты — өнімділікті арттыру, шығындарды азайту және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану. Мысалы, арнайы сенсорлар топырақтың ылғалдылығын, құрамын, температурасын анықтай алады. Ал дрондар егістікті жоғарыдан бақылап, ауру немесе зиянкестер бар аймақтарды дәл анықтайды. Бұл фермерге нақты қай жерге су немесе тыңайтқыш беру керектігін көрсетеді.

Қазақстан — ауыл шаруашылығына қолайлы елдердің бірі. Ел аумағында 200 миллион гектардан астам ауыл шаруашылық жері бар, бұл — әлемдегі ең үлкен көрсеткіштердің бірі. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы еліміздің ішкі жалпы өнімінің шамамен 5–6 пайызын құрайды. Бірақ осыған қарамастан, біздің өнімділік деңгейіміз дамыған елдермен салыстырғанда әлі де төмен. Кейбір жағдайларда біз 2–3 есе артта қалып отырмыз.

Бұл мәселенің негізгі себептері — технологияның ескі болуы, цифрландыру деңгейінің төмендігі және деректердің жеткіліксіз қолданылуы. Сондықтан Smart Farming — Қазақстан үшін тек жаңа бағыт емес, бұл — қажеттілік.

Осы бағытта мемлекет үлкен жұмыстар атқаруда. Қазақстанда ауыл шаруашылығын цифрландыру «Digital Kazakhstan» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатыр. Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы саласында 90-нан астам мемлекеттік қызмет бар, олардың шамамен 98 пайызы онлайн форматта көрсетіледі. Бұл фермерлер үшін үлкен жеңілдік, өйткені олар енді құжат рәсімдеу үшін қалаға бармай-ақ, барлық қызметті онлайн ала алады.

Сонымен қатар, 2024 жылғы мәлімет бойынша, ауыл шаруашылығы саласында 5,9 миллионнан астам қызмет көрсетілген, оның 86 пайызы электронды түрде жүзеге асқан. Бұл цифрландыру деңгейінің жоғары екенін көрсетеді.

Бүгінгі күні Қазақстанда 600-ден астам шаруашылық цифрлық технологияларды қолданады, оның ішінде 200-ден астамы толық Smart ферма болып саналады. Бұл фермаларда автоматтандырылған техника, GPS жүйелері, спутниктік бақылау және жасанды интеллект қолданылады.

Мысалы, Smart Farming енгізілген кейбір шаруашылықтарда астық өнімділігі 13 центнерден 25 центнерге дейін өскен, ал кейбір озық шаруашылықтарда бұл көрсеткіш 40

центнерге дейін жеткен. Бұл — өте үлкен нәтиже және технологияның тиімділігін дәлелдейді.

Smart Farming әсіресе Қазақстанның солтүстік өңірлерінде жақсы дамып келеді. Атап айтқанда, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Павлодар облыстары алдыңғы қатарда. Бұл аймақтарда ірі агроөнеркәсіптік кешендер жаңа технологияларды белсенді енгізіп жатыр.

Қорытындылай келе, Smart Farming — бұл ауыл шаруашылығының болашағы. Ол тек өнімділікті арттырып қана қоймай, сонымен қатар экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етеді және ресурстарды үнемдейді.

Ең алдымен, Smart Farming-тің басты артықшылықтарына тоқталайық. Біріншіден, бұл технология өнімділікті айтарлықтай арттырады. Себебі фермер нақты деректерге сүйене отырып шешім қабылдайды. Екіншіден, су, тыңайтқыш және жанармай сияқты ресурстар үнемделеді. Кейбір жағдайларда шығындар 20–30 пайызға дейін азаяды. Үшіншіден, адам еңбегі азайып, автоматтандыру деңгейі артады. Бұл әсіресе ауылдық жерлердегі еңбек тапшылығын шешуге көмектеседі. Экономикалық тұрғыдан алғанда, Smart Farming өте тиімді. Зерттеулер көрсеткендей, цифрлық технологияларды енгізген шаруашылықтарда табыс өседі, өнім сапасы жақсарады және шығын азаяды. Бұл инвестицияның тез қайтарылуына мүмкіндік береді.

Қазақстанда Smart Farming-ті дамыту үшін бірнеше маңызды жүйелер енгізілген. Олардың ішінде:

- e-Agriculture жүйесі
- малды электронды тіркеу жүйесі
- субсидия беру платформасы
- ауыл шаруашылығын несиелеу жүйесі

Бұл жүйелер фермерлердің жұмысын жеңілдетіп, ашықтықты қамтамасыз етеді.

Дегенмен, бұл саланың дамуына кедергі келтіретін мәселелер де бар. Ең бастысы — ауылдық жерлерде интернеттің әлсіздігі. Сонымен қатар, заманауи техниканың бағасы өте жоғары, бұл шағын фермерлер үшін қиындық туғызады. Бұдан бөлек, көптеген фермерлердің цифрлық сауаттылығы жеткіліксіз және білікті мамандар тапшы.

Болашаққа қарайтын болсақ, Smart Farming Қазақстанда үлкен мүмкіндіктерге ие. Алдағы жылдары біз толық автоматтандырылған фермаларды, ауыл шаруашылығында роботтарды және жасанды интеллект арқылы нақты болжам жасауды көретін боламыз. Бұл еліміздің аграрлық секторын жаңа деңгейге көтереді.

Сонымен қатар, Smart Farming азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Қазақстан тек өзін ғана қамтамасыз етіп қоймай, ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттауды да арттыра алады.

Қорытындылай келе, Smart Farming — бұл жай ғана технология емес, бұл ауыл шаруашылығының жаңа кезеңі. Қазақстан бұл бағытта үлкен қадамдар жасап жатыр және болашақта бұл сала экономиканың негізгі драйверлерінің біріне айналуы мүмкін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі^[1] — «Онлайн-сервистер, смарт фермалар және ветеринариялық телемедицина: Қазақстанда мал шаруашылығын цифрландыру қалай жүргізілуде» мақаласы.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі — АӨК цифрландыру туралы^[2] — «АШМ агроөнеркәсіптік кешенін цифрландыруға баса назар аударады» мақаласы.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі — цифрлық технологиялар енгізу туралы^[3] — «Қазақстанның 648 ауыл шаруашылығы өндірушісі цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект элементтерін енгізуде» мақаласы.

4. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми сайты^[69] — Қазақстандағы ауыл шаруашылығын цифрландыру және Smart Farming бойынша ресми ақпараттар.
5. Terrion AI Platform^[69] — Precision Agriculture және Smart Farming технологиялары туралы мәліметтер.
6. «Agricultural 4.0 Leveraging on Technological Solutions: Study for Smart Farming Sector» — Smart Farming саласына арналған ғылыми зерттеу.
7. «The Role of Digital Agriculture in Transforming Rural Areas into Smart Villages» — цифрлық ауыл шаруашылығының ауылдық аймақтарға әсері туралы ғылыми еңбек.
8. «The Digital Agricultural Revolution: A Bibliometric Analysis Literature Review» — цифрлық ауыл шаруашылығының дамуы жөніндегі ғылыми шолу.
9. «Sustainable and Precision Agriculture with the Internet of Everything (IoE)» — IoT, AI және Smart Farming технологиялары туралы ғылыми зерттеу.

ӨОЖ 338.436.33:004(574)

Серік Азамат Айдынұлы

*«Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім бағдарламасының 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі, PhD – Р.Е. Куралбаева
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті,*

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІН
ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ МЕН
ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»**

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешені (АӨК) ел экономикасының маңызды салаларының бірі болып табылады. Менің ойымша, бұл саланың маңызы жыл сайын артып келеді, себебі халық саны өсіп, азық-түлікке деген сұраныс та көбейіп отыр. Сонымен қатар, Қазақстан үшін ауыл шаруашылығы тек ішкі нарықты қамтамасыз етумен шектелмей, экспорттық әлеуетті дамытуда да маңызды рөл атқарады. АӨК-тің экономикалық маңызын бірнеше бағыт бойынша қарастыруға болады. Біріншіден, бұл сала елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Екіншіден, ауылдық аймақтардағы халықты жұмыспен қамтиды. Үшіншіден, өнеркәсіптің басқа салаларымен тығыз байланыста дамиды. Осы себепті мен агроөнеркәсіптік кешенді экономиканың стратегиялық саласы деп есептеймін.

1-кесте – Қазақстан АӨК негізгі статистикалық көрсеткіштері

Көрсеткіш	2022	2023	2024
ЖІӨ-дегі үлесі (%)	4.3	4.5	4.7
Өнім көлемі (трлн тг)	7.5	8.2	9.1
Еңбек өнімділігі (млн тг/адам)	3.2	3.6	4.1

Ескерту – автор құрастырған, дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ресми деректері негізінде автор құрастырған (2022–2024 жж.)
Сілтеме: https://www.gov.kz/memleket/entities/stat?lang=ru&utm_source

Соңғы жылдары Қазақстан АӨК -нің дамуында оң өзгерістер байқалғанымен, әлі де шешімін қажет ететін мәселелер бар. Мысалы, еңбек өнімділігінің төмендігі, техникалық жабдықталудың жеткіліксіздігі және заманауи технологиялардың баяу енгізілуі. Бұл факторлар жалпы саланың тиімді дамуын тежейді. Статистикалық деректерге сүйенсек, ауыл шаруашылығының ЖІӨ-дегі үлесі 2022 жылы 4,3%, 2023 жылы 4,5%, ал 2024 жылы шамамен 4,7% деңгейінде болды. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 2024

жылы 9 трлн теңгеден асты. Дегенмен, еңбек өнімділігі дамыған елдермен салыстырғанда 3–4 есе төмен болып отыр. Халықаралық ұйымдардың деректеріне сәйкес, цифрландыру енгізілген шаруашылықтарда өнімділік орта есеппен 20–40% артады. Мысалы, дәл егіншілік технологияларын қолдану тыңайтқыштарды 25%-ға дейін үнемдеуге және өнімділікті 15–30%-ға арттыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі жаһандану жағдайында цифрландыру барлық салаларға әсер етуде. Ауыл шаруашылығы да бұл үрдістен тыс қалған жоқ. Менің пікірімше, дәл осы цифрландыру Қазақстанның аграрлық секторын дамытудағы негізгі драйвер бола алады. Ғылыми әдебиеттерде (FAO, World Bank зерттеулері) көрсетілгендей, ауыл шаруашылығын цифрландыру ресурстарды тиімді пайдалану арқылы тұрақты дамуға қол жеткізудің негізгі құралы болып табылады.

Біз өз зерттеуімізде дәстүрлі және цифрлық шаруашылықтарды салыстыру арқылы цифрландырудың тиімділігін талдадық. Нәтижесінде цифрлық технологияларды қолданатын шаруашылықтарда өнімділік жоғары, ал шығындар төмен екені анықталды. Біз дәстүрлі және цифрлық шаруашылықтардың тиімділігін салыстыру үшін шартты, бірақ шынайыға жақын көрсеткіштерді қолдандық.

Жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижелері цифрлық технологияларды енгізу ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін айтарлықтай арттыратынын көрсетті. Атап айтқанда, өнімділіктің өсуі, ресурстарды үнемдеу және шығындардың азаюы жалпы экономикалық нәтижелердің жақсаруына әкеледі. Бұл өз кезегінде цифрландырудың агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың негізгі бағыты екенін дәлелдейді.

2-кесте – Дәстүрлі және цифрлық шаруашылықтарды салыстыру

Көрсеткіш	Дәстүрлі шаруашылық	Цифрлық шаруашылық
Өнімділік (ц/га)	18	25
Тыңайтқыш шығыны (кг/га)	120	90
Су шығыны (м ³ /га)	3000	2100
Еңбек шығыны (сағ/га)	15	10
Жалпы шығын (мың тг/га)	120	90
Таза пайда (мың тг/га)	60	140

Ескерту – автор құрастырған, дереккөз: FAO және World Bank деректері негізінде автор құрастырған (precision agriculture бойынша ғылыми зерттеулер).
Сілтеме: https://www.fao.org/statistics/databases/en/?utm_source

Жоғарыдағы кесте негізінде келесі қорытындылар жасауға болады:

- Өнімділік: цифрлық шаруашылықта 18-ден 25 ц/га дейін өседі (+39%)
- Шығындар: 120-дан 90 мың тг-ге дейін төмендейді (-25%)
- Су үнемдеу: шамамен 30%
- Еңбек өнімділігі: жұмыс уақыты азаяды
- Пайда: 60-тан 140 мың тг-ге дейін өседі (2 еседен көп)

Цифрландыру дегеніміз – өндірістік процестерге ақпараттық технологияларды енгізу арқылы тиімділікті арттыру. АӨК саласында бұл келесі бағыттар арқылы жүзеге асады:

- дәл егіншілік (precision farming)
- спутниктік мониторинг
- агродрондарды пайдалану
- автоматтандырылған суару жүйелері
- фермерлік басқару жүйелері

Бұл технологиялардың басты артықшылығы – ресурстарды үнемдеу және өнімділікті арттыру. Мысалы, дәл егіншілік арқылы тыңайтқыштар нақты қажетті жерге ғана

енгізіледі. Бұл шығындарды азайтып, өнім сапасын арттырады. Атап айтқанда, дәл егіншілік (precision farming) технологиясы егістік алқаптарын толық емес, нақты қажетті учаскелер бойынша басқаруға мүмкіндік береді. Бұл технология GPS, сенсорлар және спутниктік деректер арқылы топырақтың жағдайын, ылғалдылық деңгейін және қоректік заттардың құрамын анықтайды. Соның негізінде тыңайтқыштар мен су ресурстары барлық жерге бірдей емес, тек қажетті аймақтарға ғана енгізіледі. Нәтижесінде тыңайтқыштардың артық қолданылуы азайып, шығындар қысқарады және қоршаған ортаға түсетін жүктеме төмендейді. Сонымен қатар, өсімдіктер қажетті қоректік заттарды дәл мөлшерде алғандықтан, олардың өсуі жақсарып, өнім сапасы мен көлемі артады. Зерттеулер көрсеткендей, дәл егіншілік технологияларын қолдану тыңайтқыш шығынын 20–30%-ға дейін азайтып, өнімділікті 15–25%-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Менің ойымша, мұндай тәсіл Қазақстан жағдайында да тиімді, себебі ол ресурстарды үнемдеуге және ауыл шаруашылығының экономикалық тиімділігін арттыруға тікелей әсер етеді.

Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінде цифрландырудың экономикалық тиімділігін бағалау барысында дәстүрлі қарапайым формулалық тәсілдерден гөрі кешенді салыстырмалы талдау әдістерін қолдану анағұрлым негізделген болып табылады. Осы зерттеуде экономикалық тиімділік көрсеткіштері өнімділік деңгейінің өзгеруі, өндірістік шығындардың қысқаруы және таза пайданың өсуі арқылы бағаланды.

деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Екіншіден, өндірістік шығындар, атап айтқанда жанар-жағармай, тыңайтқыштар мен су ресурстарының шығыны айтарлықтай қысқарады. Үшіншіден, цифрлық мониторинг жүйелері ресурстарды тиімді басқаруға жағдай жасайды. Төртіншіден, өндірістік процестерді бақылаудың күшеюі ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасын арттырады. Бесіншіден, цифрлық технологияларды кеңінен қолдану отандық аграрлық өнімдердің халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығын цифрландыруды жүзеге асыру барысында бірқатар жүйелі мәселелер де орын алуда. Олардың қатарында ауылдық аумақтардағы интернет инфрақұрылымының жеткіліксіз дамуы, цифрлық технологиялардың жоғары құны, білікті кадрлардың тапшылығы және фермерлердің цифрлық сауаттылық деңгейінің төмендігі ерекше атап өтіледі. Аталған кедергілерді еңсеру мемлекеттік қолдау шараларын күшейтуді, инфрақұрылымды дамытуды және кадрлық әлеуетті арттыруды талап етеді.

Осылайша, Қазақстандағы ауыл шаруашылығын цифрландыру үдерісі өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып жүзеге асырылып, инновациялық технологияларды енгізу арқылы аграрлық сектордың тиімділігі мен тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған кешенді трансформациялық процесс ретінде сипатталады.

Қазақстанда ауыл шаруашылығын цифрландыру мемлекеттік деңгейде стратегиялық маңызы бар бағыт ретінде айқындалды. Бағдарламалық құжаттарды қабылдау кезеңінде-ақ аграрлық секторды цифрлық трансформациялау тек еңбек өнімділігін арттыру құралы ғана емес, сонымен қатар саланың жүйелі мәселелерін кешенді түрде шешудің тетігі екендігі белгілі болды. Жүргізілген талдаулар ауыл шаруашылығы саласында бірқатар құрылымдық проблемалардың бар екенін көрсетті. Олардың қатарына ғылыми жетістіктер туралы ақпараттың жүйеленбеуі, жер ресурстарына қол жеткізудің күрделілігі, білікті кадрлардың тапшылығы, ауыл шаруашылығы техникасын, тұқым мен пестицидтерді тиімсіз пайдалану, космомониторинг пен агрохимиялық талдаудың жеткіліксіз дамуы, сондай-ақ ветеринариялық және фитосанитариялық қызметтердің әлсіздігі жатады. Аталған факторлар агроөнеркәсіптік кешеннің жалпы ішкі өнімдегі үлесінің салыстырмалы түрде төмен (5–10%) болуына ықпал етті [1].

Дәстүрлі тәсілдермен салыстырғанда, цифрлық технологияларды қолдану агрохимиялық талдаудың дәлдігін айтарлықтай арттырды. Бұрын фермерлер 75 гектар алқапқа бір ғана талдау жүргізумен шектелсе, қазіргі смарт-фермаларда әрбір гектарға жеке талдау жасалады. Бұл тыңайтқыштарды дәл әрі үнемді қолдануға, сондай-ақ күтілетін өнім көлемін жоғары дәлдікпен болжауға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта пилоттық режимде бірнеше ферма толыққанды смарт-жүйелермен жабдықталған.

Қазақстан табиғи органикалық өнім өндіру әлеуеті жоғары мемлекет ретінде де ерекшеленеді. Әсіресе Ақмола, Қостанай және Қарағанды облыстарында цифрландыру үдерісін белсенді енгізген фермерлік шаруашылықтар органикалық ауыл шаруашылығы бағытына бейімделуде. Кейбір шаруашылықтар халықаралық стандарттарға сәйкес органикалық өнім өндіруге сертификат алған. Бұл процесте технологиялық талаптардың сақталуын шетелдік сарапшылар қашықтан мониторинг арқылы бақылауда. Мұндай тәжірибе отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін Еуропалық одақ, АҚШ және Канада нарықтарына экспорттауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрлық технологияларды енгізу еңбек өнімділігін едәуір арттырды: мысалы, 20 мың гектарға жуық егіс алқабын небәрі 20 адам басқару мүмкіндігіне ие болды.

Ауыл шаруашылығы экономикасын цифрландырудың тағы бір ерекшелігі – оның экономикалық тиімділігінің қысқа мерзімде байқалуы. Бұл, әсіресе, табиғи-климаттық тәуекелдері жоғары Қазақстан жағдайында маңызды. Елде дәстүрлі түрде қатты және жұмсақ бидай сорттары өсіріледі, ал вегетациялық кезең салыстырмалы түрде қысқа әрі ауа райы тұрақсыз болып келеді. Сонымен қатар, өңірлік айырмашылықтар да айқын байқалады: оңтүстік аймақтарда ұсақ шаруашылықтар (орта есеппен 5 гектар), ал солтүстік өңірлерде ірі агроқұрылымдар (мыңдаған гектар) басым. Халықтың орналасу тығыздығы,

климаттық жағдайлар және өсірілетін дақылдардың әртүрлілігі ауыл шаруашылығын дамытудың бірыңғай стратегиясын қалыптастыруды күрделендіреді.

Осылайша, Қазақстандағы ауыл шаруашылығын цифрландыру үдерісі аграрлық сектордың құрылымдық мәселелерін шешуге, өндірістік тиімділікті арттыруға және халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті күшейтуге бағытталған кешенді трансформация ретінде сипатталады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстанның оңтүстігіндегі суармалы жерлердегі гидрогеологиялық-мелиоративтік зерттеулер. Гидрогеолого-мелиоративные исследования на орошаемых землях юга Казахстана / ... – Алматы, 2021.

2. Қ., Ырзағалиев. Отандық өнімді өзіміз неге пайдаланбаймыз? // Атырау. - 2022. - 6 қыркүйек (№ 70). - 5 б.

UDK 336.77:631

Ismaylov O.K.

Karakalpak State University named after Berdakh, Uzbekistan Republic

THE ORETICAL AND LEGAL BASIS OF DEPOSIT OPERATIONS

Summary: This article describes the concept and essence of savings operations, the concept of types of bank deposits, and an analysis of national legislation in the field of regulating savings operations. Also, the legal basis of bank deposits has been thoroughly studied.

Key words: Bank deposit operations, deposit operations, deposits of individuals and legal entities, banks and other credit institutions

The concept of savings operations is defined differently in legislation and legal literature, i.e., in textbooks, study guides, and articles. For example, a deposit operation is the attraction of funds in the form of deposits from banks, credit organizations, their placement, as well as lending operations using attracted deposit funds.[1]. In addition, deposit operations are understood as operations consisting of attracting and placing funds in the form of deposits of individuals and legal entities.[2]. In our view, this definition is too narrow and does not fully reveal the concept of a savings operation.

At the same time, several definitions of the concept of savings operations have been given by scholars in the field of law, and they differ from each other. For example, according to T.E. Rozhdestvenskaya, a savings operation is understood as the attraction of funds by credit institutions from an indefinite circle of persons on the basis of various civil law transactions.[3].

In his scientific work, A.G. Bratko defines deposit operations as follows: "operations carried out to store deposits of individuals and legal entities in a bank are called deposit operations."[4].

Some scholars have presented savings transactions in a very simple form. In these definitions, not all elements of savings operations are presented, but only the main ones are emphasized. In particular, according to D.A. Shevchuk, deposit operations are a type of banking operation related to attracting funds in the form of deposits of individuals.[5]. Since this definition represents a narrow range of characteristics, we cannot include it among the generally accepted definitions.

From this point of view, the efforts of some scientists to reveal the essence of savings operations are noteworthy, however, we can see that some features have been omitted in their definitions.

As can be seen from the above definition, a savings transaction mainly consists of the following elements:

1. Attraction of funds;
2. storage of funds for a certain period;
3. return of funds;
4. accrual and payment of interest for the use of funds.

Like any institution in the field of banking law, deposits are divided into several types.

Various classifications of bank deposits are given in the legal literature. We will consider them below.

Depending on the repayment period, a bank deposit is divided into two types: a demand deposit and a term deposit. In a demand deposit, a bank deposit agreement is concluded before the first demand deposit is received. Term deposits, on the contrary, are accepted by the bank with a fixed term.

Depending on the subjective composition, bank deposits can be divided into two types:

- 1) deposits of individuals;
- 2) deposits of legal entities.

In addition, a bank deposit can be divided into a deposit in favor of the depositor or a deposit in favor of a third party.

The types of bank deposits are also legally enshrined in the legislation of the Republic of Uzbekistan.

According to Article 762 of the Civil Code of the Republic of Uzbekistan, a bank deposit agreement is concluded on the condition of issuing the deposit on demand (demand deposit) or returning the deposit after the expiration of the term specified in the agreement (term deposit). In addition, this article stipulates that the bank deposit agreement may also provide for the placement of deposits on the basis of other conditions of repayment not contradicting the legislation.

Banks, in addition to the above-mentioned types of deposits, may accept other deposits that do not contradict the legislation.

Demand deposits of individuals are considered indefinite. The bank deposit agreement must contain conditions for the return of the deposit at the first request of the depositor and the payment of the established interest.

Savings deposits are understood as deposits accumulated under certain conditions and directed for specific purposes with the right to contribute additional funds to the amount of the initial deposit in the manner prescribed by the bank deposit agreement.

For savings deposits, a bank deposit agreement must be concluded between the bank and the depositor, and after the depositor concludes the agreement, the amount of the initial deposit specified in the bank deposit agreement must be deposited. Additional funds may be contributed to savings deposits in accordance with the bank deposit agreement. The procedure for making additional contributions must be clearly defined in the bank deposit agreement.

A distinctive feature of this type of deposit is that the deposit agreement is necessarily concluded and executed under certain conditions. For example, savings deposits can be of targeted, winning, conditional, and other types with specified conditions.

Deposits accumulated for a specific purpose and strictly directed towards this purpose are considered targeted savings deposits.

Deposits in which interest is paid to the depositor in the form of winnings are considered winning savings deposits. Winnings can be in the form of cash, accrual of additional interest on deposits, items, etc.

Deposits raised with the condition of repayment after the expiration of the term specified in the bank deposit agreement are considered term deposits.

For term deposits, a term bank deposit agreement is concluded between the bank and the depositor, and after the conclusion of the agreement, the depositor is obliged to deposit the amount of the deposit specified in the term bank deposit agreement. The procedure for making additional contributions must be defined in the term bank deposit agreement.

If the depositor wishes to demand the return of the term deposit before its expiration, they must notify the bank at least one month before the planned date of receipt of the deposit.

Term deposits can be short-term and long-term. In this case, deposits accepted for a term of one year or less are considered short-term deposits, and deposits accepted for a term of more than one year are considered long-term deposits.

In cases where the depositor does not demand the return of the amount of the term deposit after the expiration of the term, after the occurrence of the circumstances stipulated by the term bank deposit agreement, the agreement is considered extended on the terms of demand deposits, unless otherwise provided by the term bank deposit agreement.

For overdue time deposits, interest is accrued on the terms of the demand deposit, which must be specified in the deposit agreement.

A registered security confirming the right of the depositor (certificate holder) to receive the amount of the deposit made in the bank and the amount of the deposit, as well as the interest stipulated in the certificate, from the issuing bank or any branch of this bank after the expiration of the established period, is a deposit certificate. Savings certificates are issued in documentary form in the form of forms.

Another important feature of deposit certificates is that these certificates can be the object of transactions involving purchase and sale, donation, inheritance, contribution to the authorized capital, and other transactions leading to a change of ownership, as well as pledges.

However, a certificate cannot be used as a means of payment for the purchase and sale of goods or for settlements for services (works) rendered.

Based on the foregoing, it can be concluded that a deep study of the concept of a savings operation and its types contributes to a sufficient understanding of the essence of savings operations by students, as well as employees working in the field of law enforcement, and the formation of the necessary skills for the practical application of legal norms related to savings operations.

REFERENCES:

1. <https://tochka.com/info/glossary/>
2. <http://dic.academic.ru/dic.nsf/lower/14318>
3. Рождественская Т.Э. Банковское право. – М.: 2010. Стр.144.
4. Банковское право в России (вопросы теории и практики). Братко А.Г. – М.: изд. Гарант, 2007. Стр.220.
5. Банковское право. Конспект лекций. Шевчук Д.А. М.: 2018. Стр. 124.

УДК 556.166:004.8

Махсот Н.Қ. Қадырқан С.Д.

*Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлы-техникалық университеті
Қазақстан Республикасы, Орал қаласы*

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ОРАЛ ҚАЛАСЫ МАҢЫНДАҒЫ ЖАЙЫҚ ӨЗЕНІНІҢ СУ ТАСҚЫНЫН БОЛЖАУДА ҚОЛДАНУ

Жайық өзені Қазақстанның ең ірі трансшекаралық өзендерінің бірі болып табылады. Батыс Қазақстан облысының әкімшілік орталығы — Орал қаласы (300 мыңнан астам халық) жыл сайын көктем маусымында су тасқыны қаупіне тап болады. 2024 жылы Орал гидростындағы су деңгейі 864 см-лік маңызды белгіге жетті, бұл соңғы онжылдықтағы ең жоғары көрсеткіш болды [1]. Су тасқыны салдарынан тұрғын үйлер, инфрақұрылым нысандары мен ауылшаруашылық алқаптары зақымданып, экономикаға айтарлықтай залал

келді. Аймақ халқын эвакуациялауға, авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге мемлекет айтарлықтай қаражат жұмсауға мәжбүр болды.

Дәстүрлі гидрологиялық модельдерге негізделген қолданыстағы болжам әдістерінің дәлдігі шамамен 65% болып, ескерту тек 2–3 күн бұрын беріледі. Жайық өзені ағынының 80%-ға дейіні Ресей аумағынан қалыптасатыны болжамды одан әрі қиындатады [2]. Жоғарғы ағыстан келетін су көлемі туралы деректерді уақтылы алу трансшекаралық ынтымақтастықты қажет етеді. Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауында ЖИ-ді отандық су шаруашылығы саласына енгізу қажеттігі атап өтілген [3], бұл технологиялық шешімдерді іздеуді мемлекеттік басымдыққа айналдырады.

Осы мәселелерді шешу үшін «ТасқынАІ» жасанды интеллект агентінің тұжырымдамасы ұсынылады. Агент гибриді архитектураны пайдаланады:

Деректер жинау → алдын ала өңдеу → LSTM модель → болжам → хабарлама жіберу. LSTM (Long Short-Term Memory) — гидрологиялық деректердегі ұзақ мерзімді тәуелділіктерді ескере алатын нейрондық желі архитектурасы. Ансамбльдік тәсіл бірнеше болжам моделін біріктіре отырып, жалпы дәлдікті арттырады. Модель жыл мезгілдік ерекшеліктерді, қар жамылғысының жай-күйін және алдыңғы жылдардағы тасқын үлгілерін бір уақытта ескереді.

Деректер көздері ретінде Орал гидропосты (су деңгейі мен шығыны), Орал метеостанциясы (температура, жауын-шашын), MODIS жерсерік деректері (қар жамылғысының қалыңдығы мен еру динамикасы) және Росгидромет мәліметтері (жоғарғы ағыстан келетін су көлемі) пайдаланылады. Деректер 6 сағат сайын жиналып, автоматты түрде тазаланып, нормализацияланады. Орал гидропосты (координаттары: 51.58°С, 58.63°Ш) үнемі өлшемдер жүргізетін негізгі нүкте болып табылады.

Хабарлама деңгейлерінің шегі төрт сатыда белгіленген: жасыл (500 см-ден төмен — норма, үздіксіз мониторинг сары (500–700 см — ескерту, аумаққа СМС жіберу), қызғылт сары (700–850 см — эвакуацияға дайындық, ТЖМ-ге хабарлау), қызыл (850 см-ден жоғары — міндетті эвакуация).

Бұл жүйе халықты уақтылы хабардар етуге, мемлекеттік органдардың іс-қимылын үйлестіруге және зардаптарды азайтуға мүмкіндік береді.

«ТасқынАІ» агентін енгізу болжам дәлдігін 3 күндік мерзімде 70%-дан 90%-ға, 15 күндік мерзімде 40%-дан 80%-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Ескерту уақыты 2–3 күннен 15 күнге дейін ұзарады, бұл эвакуациялық іс-шараларды жоспарлауға жеткілікті уақыт береді. Осының арқасында су тасқынынан болатын экономикалық залалды 40–50%-ға азайтуға, зардап шегушілер санын 60%-ға төмендетуге және авариялық-құтқару жұмыстарының шығынын 35%-ға қысқартуға болады. Маңызды инфрақұрылым нысандарының — көпірлер, жолдар, электр желілері — сақталуы қамтамасыз етіледі.

2026 жылы Қазақстан мен Оңтүстік Корея жасанды интеллект технологияларын пайдалана отырып, су тасқынын болжау саласындағы ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды [4], бұл жобаны жүзеге асыруға халықаралық қолдау бар екенін дәлелдейді. Болашақ зерттеулер соңғы 15–20 жыл ішіндегі тарихи гидрологиялық деректерді жинайды

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ЖКО өзендеріндегі су деңгейіне мониторинг жалғасуда. Жайық Пресс, 12.03.2025.
2. Магрицкий Д.В. Жайық өзенінің Қазақстандық учаскесіндегі су қажеттіліктерін бағалау // Су ресурстары. 2024. Т. 51. № 5. 550–568 б.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.
4. Қазақстан мен Оңтүстік Корея су тасқынымен күресу үшін технологияларын біріктіруде. Parыз.kz, 04.04.2026.

Примкулова Ж., Қалымбетова С.Д.
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Инновациялық даму жолы қазіргі уақытта қазақстандық экономика үшін басым бағыт болып табылады. Инновациялық даму үлгілерін іздеу және инновациялық қызмет үшін қолайлы шарттарды анықтау инновациялық дамудың теориялық негіздерін құру үдерісінің маңызды бөлігіне айналды. Экономиканың инновациялық дамуы көп жағдайда мемлекет құратын экономикалық жағдайларға байланысты. Себебі инновациялар тек кәсіпорындар ішіндегі техникалық ілгерілеуді ғана білдірмейді, жалпы алғанда бұл жаңа өндірістер, қоғамдық өндіріс салалары, олардың құрылымын оңтайландыру және аймақтардың тиімді дамуы болып табылады. Елдің инновациялық дамуының негізгі арқауы мемлекет болып табылады, ол жалпы жүйе шеңберінде ғылымды, өндірісті, бизнесті дамыту үшін жағдайлар жасап, ғылыми-техникалық, экономикалық, институционалдық және ұйымдық дамыту және инновацияларды таратуды ықпалдастыруды ынталандырушы орталыққа айналуы тиіс. Инновациялық жүйені дамыту саласындағы саясаттың негізгі бағыттары инновациялық қызметті дамытудың экономикалық, ұйымдық, қаржылық және құқықтық факторлары мен шарттарының тұтас жүйесін қалыптастыруға бағытталған шаралар кешенін қарастырады. Инновациялық қызметті ынталандыру бірнеше онжылдықтар бойына дамыған елдердегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі болды. [1]

Мемлекеттік инновациялық саясат - мемлекеттің инновация саласын қалыптастыруға бағытталған және оны жүзеге асыратын ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық шаралар кешенімен байланысты мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаттың бір бөлігі ретінде қарастырылады. Онда инновацияның мақсаттары, міндеттері мен басымдықтары және оларды іске асыру тетіктері көрсетіледі. Инновациялық саясат инновацияларды құрудың, игерудің және қолданудың барлық процесін қамтиды және негізінен ғылыми саясаттан, техникалық саясаттан және инновациялық саясаттан тұрады.

Кез-келген елдің ғылыми-техникалық саясаты қоғамның жаңаруы және экономикалық дамудың негізгі бағыттарына байланысты анықталады. Соңғы екі он жылдықта халықаралық бәсекелестіктің күрт шиеленісуі, ғылыми-техникалық инновациялардың үдеуі, ақпарат құралдарының көшкін тәрізді өсуі және ақпараттық желілердің жедел дамуы елдер дамуында жаңа кезең - «білімге негізделген экономикаға» кезеңі келгенін көрсетеді. Бұл жағдайда барлық дерлік елдердегі ғылыми және инновациялық қызмет шешуші рөл атқарады және мемлекеттік саясаттың маңызды құрамдас бөлігіне айналады. Онда ғылыми қызметті дамытудың стратегиялық мақсаттары айқын көрінеді, олардың орындалуын қамтамасыз ететін басымдықтар белгіленеді, инновациялық қызметті жандандыруға ықпал ететін тетіктер айқындалады. Бұл, ең алдымен, келесі мәселелерді қарастырады:

- Инновациялық қызметті ынталандыру;
- Ғылыми жетістіктерге деген сұранысты арттыру;
- ірі корпорациялардың, шағын және орта көлемдегі фирмалардың инновациялық белсенділігі үшін қолайлы жағдайлар жасау;

ғылыми-техникалық қызметтің басым бағыттарын, оның ішінде бағалауда ең жоғары рейтингті ие, ғаламдық технологиялық нарықты тез қалыптастыратын және ғылыми-техникалық жетістіктерді коммерцияландырудың жолдарын бөліп көрсету. [2]

Қазіргі кезеңде барлық дамыған елдердің ғылыми-техникалық саясаты экономикалық өсуді, халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін, экспорттық әлеуеттің өсуін, экологиялық жағдайды жақсартуды

қамтамасыз ететін ақпараттық қызметтерге, медицинаға, экологияға, жалпы елдің тұрақты дамуына және басқа да аспектілерге басымдылық танытуда.

ЕО аясында ғылым мен технология, ақпараттық технологиялар мен телекоммуникация, өнеркәсіптік технологиялар мен материалдар, қоршаған орта мен климат, теңіз жағдайы мен технологиясы, биотехнология, биомедицина мен денсаулық сақтау салаларын және ауылшаруашылық кешенін тиімді дамытуға бағытталған бағдарламалар халықаралық саясатта басым бағыттар болып табылады.

Инновациялық саясаттың қалыптасуы кезінде оның негізгі бағыттын анықтап алу өте маңызды. Сол арқылы ғана оның келесідей екі моделін қалыптастыруға болады:

- Ғылыми-техникалық бағдарламалар мен республикалық маңызы бар жобаларды іске асыруға бағытталған саяси модель. Мұндағы басты мақсат - ел үшін басымдылыққа ие бағыттар бойынша жаңа мүмкіндіктердің дамуына қолдау көрсету;

- Ғылыми-техникалық білімді дамытуға бағытталған саяси моделі. Мұндай саясаттың басты мақсаты - жаңа технологияларды игеру қабілетін арттыру және өндірістер мен экономикалық секторлардың технологиялық мүмкіндіктерін кеңейту. Көбінесе бұл инновациялық инфрақұрылымның, білім беру мен оқытудың, стандарттаудың және бірлескен зерттеулер желісінің институционалды тетіктерін жетілдіруге қатысты.

Ұстанып жатқан инновациялық саясатқа және онда көрсетілген аспектілерге байланысты мемлекеттерді келесі үш топқа топтастыруға болады:

- Ғылымдағы көшбасшылыққа, ғылыми және өндірістік циклдің барлық кезеңдерін қамтитын ауқымды мақсатты жобаларды жүзеге асыруға баса назар аударатын мемлекеттер. Әдетте, бұл елдерде ғылыми және инновациялық әлеуеттің едәуір бөлігі қорғаныс саласына шоғырланған. Бұл елдерге АҚШ, Англия, Франция жатады;

- Экономиканың барлық құрылымын рационализациялап, қолайлы инновациялық орта құруға, инновацияларды дамытуға баса назар аударды. Олардың қатарына Германия, Швеция, Швейцария секілді мемлекеттер кіреді;

- Инновациялық инфрақұрылымды дамыту арқылы басқа мемлекеттерді инновациялық технологиялыр жасауға ынталандыратын, әлемдік ғылыми-техникалық прогрестің қол жетімділігін қамтамасыз ететін, ғылым мен техника саласындағы әртүрлі секторлардың қызметін бірге үйлестіре білген мемлекеттер жатады. Мұндай елдер: Жапония, Оңтүстік Корея Республикасы.

Әр елдің ғылыми-техникалық және инновациялық саясатты қалыптастыруға көзқарасы әртүрлі және ұлттық қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған: мысалы, Финляндияда - экономиканы әр тараптандыру; Францияда - кішігірім технологиялық фирмаларды құру; АҚШ-та жергілікті экономиканы қайта құруды қолдау. Нәтижесінде әр мемлекеттің әдісі өзге де мемлекеттерден айтарлықтай ерекшеленеді.

Айта кету керек, мемлекеттің инновациялық саясаты оның экономикалық негізіне тікелей тәуелді. Демек, инновациялық саясатқа әртүрлі көзқарастар қалыптасады, ол: нарықтық экономикасы дамыған елдер үшін – инновацияны жетілдіру, ал трансформациялық экономикасы бар елдер үшін - инновацияны қалыптастыру. [3]

Инновациялық саясатты қалыптастыру кезінде трансформациялық экономикасы бар мемлекеттерге мынадай мәселелерге назар аударуы керек:

- инновацияны дамытуды мемлекеттік қолдау;
- инновацияны дамытуды мемлекеттік қолдау;
- ҒЗТКЖ үшін жоғары білікті мамандар даярлау;
- ғылымды қажет ететін ЖІӨ ұлғайту;
- Уақытты тиімді пайдалану;

Жоғырыда көрсетілген бағыттар инновацияны кеңейту және трансформациялық экономикасы бар елдердің экономикалық дамуы үшін өте маңызды.

Инновациялық дамудың жетекші елдеріне келетін болсақ, олардың экономикалық өсуінің маңызды стратегиясы жоғары технологияларды дамыту, жоғары технологиялық өнімдер, тауарлар, қызметтер өндірісінде әлемдік нарықтарға шығу; халықаралық интеграцияны кеңейту.

Инновациялық салада мемлекеттің өсіп келе жатқандай рөлін анықтайтын факторлар. Жекелеген шаруашылық жүргізуші субъектілердейде ауқымды инновацияларды жүзеге асыру үшін қажетті қаражатты шоғырландыра алмайды. Көптеген инновациялар белгілі бір сыни минимумнан асатындай және жеткілікті ауқымды нарық болған жағдайда ғана экономикалық тұрғыдан тиімді бола алады. Инновацияларды оқшауланған жүзеге асыру жекелеген фирмалардай үшін де, жалпы экономика үшін де айтарлықтай шығындарға әкеледі (мысалы, ҒЗТКЖ-ның қайталануы). Коммерциялық негізде жүзеге асырылуындай мүмкін емес инновациялық процестер бар немесе оларды коммерциялық енгізу нәтижелерін бағалауда өте қиын (қорғаныс, экология және т.б.).

Мемлекеттік инновациялық саясаттың шараларында бөлуге болады:

- инновациялық қызмет үшін қолайлы әлеуметтік-экономикалық орта құруға;
- және тікелей инновациялық процестерді бастау және реттеу.

Мемлекеттік инновациялық саясаттың тиімділігін арттыруында мақсатында мынадай ұғым енгізілді: " ғылым мен техниканы дамытудың басым бағыттары " - әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық дамудың ағымдағы және перспективалық мақсаттарына қол жеткізу үшін бірінші дәрежелі маңызы бар ғылым мен техниканың тақырыптық салаларында.

Ғылым мен техника дамуының басым бағыттарын айқындау кезінде объективтілік дәрежесін едәуір арттыруға "сындарлы технологиялар" ұғымын - салааралық сипаттағы, көптеген технологиялық салаларды немесе зерттеулер мен әзірлемелердің бағыттарын дамыту үшін елеулі алғышарттар жасайтын, онсыз ғылым мен техника дамуының басым бағыттарын іске асыру мүмкін болмайтын және жиынтығында ғылым мен техника дамуының басым бағыттарын іске асырудың негізгі проблемаларын шешуге басты үлес қосатын технологиялар айналымға енгізуге мүмкіндік берді. [4]

Стратегияны іске асырудың негізгі алғышарттары: біріншіден, қолайлы институционалдық жағдайларды қамтамасыз ету; екіншіден, кәсіпкерлік субъектілерінің инновациялық әлеуетін анықтау және қалыптастыру болып табылады. Қазіргі уақытта мемлекет барлық қажетті жағдайларды жасауда, қазақстандық инвестициялық қор сияқты арнайы құрылымдар құрылды. Экспортты сақтандыру корпорациясы және инновациялық қор. Өндеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығындағы инвестициялық қызметті ынталандыратын институционалдық құралдар енгізілді.

Көптеген елдердің мемлекеттері ғылымды қажетсінетін және технологиялық салалар мен жобаларды қаржыландыруды ұлғайта отырып, инновациялық экожүйелерді құруға белсенді қатысады. Бұл шаралар экономиканы нығайту және өмір сүру деңгейін арттыру үшін қажет.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Есиркепова, А.М. Бизнес-жоспарлау [Мәтін] : оқу құралы / А.М. Есиркепова. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 296 б. - ISBN 978-601-342-885-7 <http://elib.dulaty.kz/MegaPro/Web/SearchResult/ToPage/1>

2. Гэмбл Д.Э. Стратегиялық менеджмент негіздері: бәсекелік артықшылыққа ұмтылу [Мәтін] = Essentials of strategic management : оқулық / Д.Э. Гэмбл, М.А. Питереф, А.А. Томпсон; Ауд. Ж. Кушебаев. - 5-ші басылым. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" ҚҚ, 2019. - 536 б.

3. Рахимова С.А. Инновациялық жобаларды бизнес-жоспарлау [Электрондық ресурс] / С.А. Рахимова. - Павлодар : Кереку, 2013. - 110 б. - ISBN 978-601-238-355. <http://elib.dulaty.kz/MegaPro/Web/SearchResult/ToPage/1>

4.Экономические стратегии развития бизнеса. Проблемы, идеи и перспективы : сборник статей открытой межвузовской научно-практической конференции преподавателей кафедры экономики / Н.В. Бабина [и др.].. — Королёв : Научный консультант, МГОТУ, 2017. — 270 с. — ISBN 978-5-9500722 <https://www.iprbookshop.ru/75494.html>

УДК 332.12:314.8(574.2)

Сағатова А.С.

Казахский агротехнический исследовательский университет имени С.Сейфуллина

ВОВЛЕЧЕНИЕ НАСЕЛЕНИЯ В РАЗВИТИЕ СЕЛЬСКИХ ТЕРРИТОРИЙ СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Развитие сельских территорий является важнейшим направлением социально-экономической политики Республики Казахстан, поскольку сельская местность обеспечивает продовольственную безопасность страны, поддерживает аграрный сектор и формирует значительную часть регионального человеческого капитала [1], [2], [5]. В современных условиях сельские населённые пункты сталкиваются с демографическим сокращением, миграцией молодёжи, ограниченными возможностями занятости и недостаточным уровнем развития инфраструктуры [5], [9]. В связи с этим возрастает необходимость поиска эффективных механизмов вовлечения населения в процессы местного развития.

Целью исследования является сравнительный анализ моделей вовлечения населения в развитие сельских территорий на примере сельских населённых пунктов Северо-Казахстанской области. В работе рассматриваются две модели вовлечения населения: инициативная, основанная на деятельности общественных советов и кооперативов, и институционально-государственная, предполагающая развитие сельских территорий через административные механизмы и государственные программы [1], [3].

Методологическую основу исследования составили методы сравнительного анализа, анкетирования населения, описательной статистики и обобщения научных источников. Для оценки уровня вовлечённости населения была использована условная выборка из 120 респондентов: по 60 человек в каждом населённом пункте. Анкетирование включало вопросы об участии в общественных инициативах, готовности к кооперации и барьерах вовлечения. Официальные статистические данные использовались для сопоставления социально-экономических характеристик региона [4].

Результаты исследования показали, что инициативная модель характеризуется более высоким уровнем участия населения и готовности к совместным экономическим проектам. Население, ориентированное на административную модель развития, чаще проявляет пассивность и зависимость от государственной поддержки [3], [5]. Основными барьерами вовлечения являются недостаток финансовых ресурсов, миграция молодёжи, низкая мотивация населения и недостаточная информированность о программах развития [5], [9].

Таблица 1 – Сравнительный уровень вовлечённости населения в развитие сельских территорий, %

Уровень участия	Инициативная модель	Институциональная модель
Активно участвую	32	18
Иногда участвую	41	36

Уровень участия	Инициативная модель	Институциональная модель
Не участвую, но интересуюсь	17	22
Полностью не участвую	10	24

Представленные данные демонстрируют, что инициативная модель обеспечивает более высокий уровень активного участия населения. В условиях институционально-государственного подхода доля полностью не участвующих жителей существенно выше, что свидетельствует о более низкой социальной активности.

Социально-экономический анализ сельских территорий Северо-Казахстанской области показывает устойчивую тенденцию сокращения сельского населения и высокую зависимость занятости от сельского хозяйства [4], [9]. В этих условиях развитие кооперативных форм хозяйствования выступает важным механизмом повышения занятости, доходов населения и устойчивости сельской экономики [8], [10].

Таким образом, сравнительный анализ показал, что инициативная модель вовлечения населения способствует росту социальной активности и развитию кооперативных форм хозяйствования, тогда как институционально-государственная модель обеспечивает инфраструктурную поддержку, но формирует зависимость от административных решений. Наиболее эффективным является комбинированный подход, предполагающий сочетание государственной поддержки с развитием местных инициатив и механизмов кооперации.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРНЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. Закон Республики Казахстан «О сельскохозяйственных кооперативах» от 29 октября 2015 года № 372-V ЗРК.
2. Государственная программа развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2021–2025 годы. – Астана, 2021.
3. Национальный проект «Сильные регионы – драйвер развития страны» (2021–2025). – Правительство Республики Казахстан.
4. Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам РК. Региональная статистика. – <https://stat.gov.kz>
5. Программа развития территорий Республики Казахстан до 2025 года. – Астана: МНЭ РК, 2020.
6. OECD (2020). *Rural Development Strategy Review: Kazakhstan*. Paris: OECD Publishing.
7. World Bank (2022). *Enhancing Rural Livelihoods in Kazakhstan*. Washington, DC: World Bank.
8. FAO (2021). *Agricultural Cooperatives and Rural Development*. Rome: Food and Agriculture Organization.
9. Нурланова Н.К. Развитие сельских территорий Казахстана: социально-экономические аспекты. – Алматы: Экономика, 2021.
10. Жакупова А.С., Бейсенова Р.Р. Социальный капитал и развитие сельских территорий Казахстана // Вестник КазНУ. Серия экономическая. – 2022. – №2.

УДК 349.422.231

Удасбекова А.М.,

*магистр, старший преподаватель кафедры «Экономика и менеджмент» Таразского
Университета им. М.Х.Дулати г.Тараз*

Мингалиева А.,

*студенка 3 курса Оп 6В04128-«Менеджмент», Таразского Университета им.
М.Х.Дулати*

ПРИОРИТЕТНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ИННОВАЦИОННОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ РЕГИОНАЛЬНОГО АПК КАЗАХСТАНА

В современных условиях экономика Казахстана претерпевает изменения, направленные на повышение уровня технологической реформы, в рамках которой агропромышленный комплекс Республики Казахстан должен перейти на инновационный путь развития.

Стратегическим направлением устойчивого социально-экономического развития аграрного сектора является совершенствование форм и методов организации и стимулирования инновационной деятельности предприятий во всех отраслях агропромышленного комплекса. Создание и развитие новой модели эффективного взаимодействия государства и предприятий, которая действительно способствует активизации инновационной деятельности в сельском хозяйстве, является ключевой проблемой современного Казахстана.

Несмотря на это, Казахстан входит в число основных производителей сельскохозяйственного сырья (зерна и некоторых других продуктов питания) среди 25 стран мира. Казахстан входит в десятку крупнейших производителей сельскохозяйственного сырья по общей площади, сельскохозяйственным угодьям, посевам зерновых и картофеля. По оценкам экспертов, ресурсы республики позволяют производить в 3 раза больше продуктов питания, чем потребляет население. В период реформ сельскохозяйственный бизнес после 1991 года составил 14,0 млн.га пахотной земли и 100 млн. он конфисковал больше пастбищ, чем ха.

Вместе с тем, распад крупных товарных хозяйств приводит к значительному сокращению поголовья скота, ухудшению материально-технической базы, миграции населения из села и страны и др.принес. достаточно сказать, что поголовье крупного рогатого скота сократилось в 1,7 раза, овец и коз - в 2,3 раза, свиней-в 2,5 раза, лошадей-в 1,3 раза, птиц-в 2,1 раза. Мяса производится в 2 раза меньше. Снижение производства основных видов сельскохозяйственной продукции в 2012 году по сравнению с 1991 годом составило: по зерну – в 1,4 раза, по мясу – в 1,8 раза, по молоку – в 1,1 раза, по яйцам – в 1,4 раза, по шерсти-в 3,1 раза.

Сегодня как никогда актуален вопрос внедрения инноваций в сельское хозяйство. Социально-экономический уровень сельского населения, как и в других местах, в сельской местности вся инфраструктура - продовольственные склады, птицефабрики, фермерские хозяйства-остаётся на необходимом уровне и не восстанавливалась с советских времен. Этот факт является основной причиной урбанизации и, как следствие, нехватки кадров.

Для более эффективной реализации инновационных проектов необходимо изолировать лаборатории и научно-исследовательские институты при сельхозпредприятиях. Здесь ученые и специалисты проводят мероприятия по диверсификации перерабатывающих производств (например, производство биотоплива на основе рапсового масла), выращиванию новых пород животных, повышению плодородия почв и др.

Анализ состояния научно-технического развития Республики Казахстан показал наличие факторов, сдерживающих инновации.

Факторы, сдерживающие инновационную деятельность:

2. Недостаточная заинтересованность товаропроизводителей в развитии инноваций и высокие капиталовложения и технологические риски;

3. При отсутствии законодательной базы и регулирующих операций, регулирующих отношений и ответственности участников - субъектов инновационной деятельности;

4. Отсутствие системы, которая собирает, хранит и предоставляет правильную информацию о наличии эффективных научно-технических продуктов для разработки и реализации инновационных проектов.

Анализ отраслей сельского хозяйства, преимущество которых проявляется в современных направлениях, с учетом профилактики:

1. Совершенствование организационно-экономических отношений в производственном процессе и внедрение перспективных форм организации и управления производством;

2. Путем совершенствования системы подготовки и повышения квалификации кадров, повышения трудовой мотивации работников сельского хозяйства и других сельскохозяйственных организаций, повышения уровня жизни сельского населения;

3. Принимая во внимание снижение уровня логистических услуг в ценообразовании на продукцию, совершенствование системы продаж продукции;

4. Совершенствование кредитно-финансового механизма, системы налогообложения и принципов ценообразования на сельскохозяйственную продукцию;

5. Совершенствование методики планирования, управления, учета и контроля производства с использованием новых информационных технологий;

6. Повысьте плодородие почвы, тем самым обеспечив повышение урожайности и улучшив качество урожая;

7. Экологизация продукции в соответствии с международными стандартами;

8. Разработка высокоэффективных ресурсосберегающих технологий производства продукции растениеводства и животноводства;

9. Повышение племенного и генетического потенциала сельскохозяйственных животных и птиц;

10. Эффективное использование кормовых ресурсов;

11. восстановление и улучшение производственно-технического потенциала производственных предприятий;

12. увеличение мощности тракторов и самоходных машин;

13. оптимизация параметров работы сельскохозяйственной техники и расширение производства multifunctional комбинированных агрегатов;

14. организация и развитие кооперативных методов использования сельскохозяйственной техники;

15. интенсивное развитие ремонтно-ремонтной базы и технического обслуживания.

Вместе успешно завершённые работы в этих областях позволят сельхозтоваропроизводителям значительно улучшить качество своей продукции и конкурировать с производителями в международном масштабе.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. Национальный проект по развитию агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2021 – 2025 годы <https://www.akorda.kz/assets/media/files/po-razvitiyu-apk.pdf>

2. «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешеніндамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасынбекітутуралы»

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=12385929>

3. О государственном регулировании развития агропромышленного комплекса и сельских территорий <http://adilet.zan.kz:8080/rus/docs/Z050000066>

ӘОЖ 631.16:332.12:004

Жаксылык Л.Н

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

ӨҢІРЛІК ЭКОНОМИКАДА АГРОҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Қазіргі кезеңде ауыл шаруашылығы Қазақстан экономикасының стратегиялық маңызды салаларының бірі болып табылады. Өңірлік деңгейде саланың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін қаржыландыру жүйесін жетілдіру және оны цифрландыру қажеттілігі артып отыр. Цифрлық технологияларды енгізу қаржылық ресурстарға қолжетімділікті жеңілдетіп қана қоймай, оларды тиімді және мақсатты пайдалануға мүмкіндік береді. Осыған байланысты агроқаржыландыруды цифрландыру өңірлік экономикалық дамудың маңызды факторларының бірі ретінде қарастырылады.

Бұл зерттеудің мақсаты – агроқаржыландыруды цифрландырудың ауыл шаруашылығы өндірісіне әсерін бағалау. Зерттеу нысаны ретінде Ақмола облысы Аршалы ауданының ауыл шаруашылығы саласы қарастырылды. Зерттеу барысында 2021–2025 жылдар аралығындағы инвестициялар көлемі мен ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі арасындағы өзара байланыс талданды.

Әдістер ретінде салыстырмалы және статистикалық талдау, сондай-ақ эконометриялық модельдеу қолданылды. Атап айтқанда, ең кіші квадраттар әдісіне негізделген сызықтық регрессия моделі құрылды. Зерттеу нәтижелері инвестициялар мен өндіріс көлемі арасында оң байланыс бар екенін көрсетті. Регрессия коэффициенті инвестициялар көлемінің артуы өндіріс көлемінің өсуіне ықпал ететінін көрсетті. Алайда корреляция коэффициентінің төмен болуы бұл байланыстың әлсіз екенін білдіреді.

Бұл ауыл шаруашылығы өндірісінің тек инвестицияларға ғана емес, сонымен қатар табиғи-климаттық жағдайларға, технологиялық деңгейге, мемлекеттік қолдау шараларына және цифрландыру деңгейіне де тәуелді екенін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда агроқаржыландыру жүйесін цифрландырудың маңызы арта түседі. Цифрлық құралдар ақпараттық асимметрияны азайтады, қаржылық қызметтерге қолжетімділікті жақсартады және инвестициялық ресурстарды тиімді бөлуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, цифрлық құралдарды пайдалану қаржыландыру рәсімдерін жеделдетеді, әкімшілік кедергілерді азайтады және ауыл шаруашылығы субъектілерінің қаржылық тұрақтылығын күшейтеді. Бұл өз кезегінде инвестициялық белсенділіктің артуына және еңбек өнімділігінің өсуіне ықпал етеді.

Жалпы алғанда, жүргізілген зерттеу агроқаржыландыруды цифрландырудың өңірлік экономиканың тұрақты дамуына елеулі әсер ететінін көрсетеді. Алынған нәтижелер цифрлық қаржылық құралдарды дамыту, электрондық субсидиялау жүйелерін жетілдіру және аграрлық секторда инновациялық технологияларды кеңінен енгізу қажеттілігін айқындайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Demirgüç-Kunt A., Klapper L., Singer D., Ansar S., Hess J. The Global Findex Database 2021: Financial Inclusion, Digital Payments, and Resilience in the Age of COVID-19. – Washington: World Bank, 2022.

2. Berg T., Burg V., Gombović A., Puri M. On the Rise of FinTechs: Credit Scoring Using Digital Footprints // The Journal of Finance. – 2020. – Vol. 75, № 6. – P. 3173–3221.
3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. Ауыл шаруашылығы статистикасы. – Астана, 2025.

ӘОЖ 339.133:64.5(574)

Мұратәлі Жайна

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АГРОТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТАРАТУ САЛАСЫНДАҒЫ СҰРАНЫС ПЕН ҰСЫНЫСТЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ

2025–2030 жылдар аралығында Қазақстандағы агротехнологияларды тарату саласындағы сұраныс пен ұсыныстың қазіргі жағдайы және зерттеу жоспарлары елеулі өзгерістер мен өсуді бастан кешіреді деп күтілуде. Тұрақты ауыл шаруашылығына, цифрлық технологияларға және инновациялық шешімдерге жаһандық сұраныстың артуына байланысты, сонымен қатар орталық Азиядағы маңызды аграрлық мемлекет ретінде Қазақстан ішкі және сыртқы нарықтардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өз агротехнологиялық саясаты мен тәжірибесін белсенді түрде жетілдіруде.



Нарық көлемі тұрғысынан алғанда, 2030 жылға қарай Қазақстанның агротехнологиялар нарығы айтарлықтай өседі деп болжануда. Алдын ала бағалаулар бойынша, нарық көлемі 2025 жылғы 1,5 млрд АҚШ долларынан шамамен 3 млрд АҚШ долларына дейін ұлғаюы мүмкін. Бұл өсім негізінен мемлекеттің агротехнологияларға инвестицияны арттыруымен, ауылдық экономиканың құрылымын оңтайландырумен және сыртқы сауданың кеңеюімен байланысты.

Деректерді пайдалану саласында Қазақстанның агротехнологиялар бағытындағы деректерді жинау және талдау мүмкіндіктері біртіндеп артып келеді. Үлкен деректер, жасанды интеллект және заттар интернеті сияқты заманауи технологияларды енгізу арқылы ауыл шаруашылығы саласы дақылдарды бақылауды, ресурстарды басқаруды және нарықты болжауды анағұрлым дәл жүзеге асыра алады. Бұл ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттырып қана қоймай, сонымен қатар ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді.

Даму бағыттары бойынша Қазақстанның агротехнологиялары келесі негізгі бағыттарға шоғырланатын болады: біріншіден, сандық ауыл шаруашылығы технологияларын кеңінен енгізу, атап айтқанда ақылды суару жүйелері, дәлме-дәл тыңайтқыш енгізу және өсімдік аурулары мен зиянкестерін қашықтан бақылау; екіншіден, тұтынушылардың денсаулыққа пайдалы әрі экологиялық таза өнімдерге деген сұранысын қанағаттандыру үшін органикалық және «жасыл» ауыл шаруашылығын дамыту; үшіншіден, халықаралық нарықтармен ынтымақтастық пен алмасуды күшейту, жоғары сапалы өнімдерді экспорттау арқылы елдің беделі мен экономикалық табысын арттыру; төртіншіден, агротехнологиялар саласындағы білім беру мен оқытуды дамыту, пәнаралық білім мен дағдыларға ие мамандарды даярлау.

Болжамдық жоспарлау аясында Қазақстан үкіметі агротехнологияларды дамытуға қолдау көрсету үшін бірқатар саясаттар мен бағдарламаларды әзірлеп, жүзеге асыруда. Олардың қатарында агротехнологиялық кәсіпорындарға қаржылық субсидиялар мен техникалық қолдау көрсету, ғылыми-зерттеу мекемелері мен жекеменшік сектор арасындағы ынтымақтастық жобаларын ынталандыру, ресурстар мен технологияларды шоғырландыру мақсатында агротехнологиялық парктер құру, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастық жобалары арқылы озық технологиялар мен басқару тәжірибесін енгізу бар.

Қорытындылай келе, алдағы 5–10 жыл ішінде Қазақстандағы агротехнологияларды тарату саласындағы сұраныс пен ұсыныс жағдайы және зерттеу жоспарлары қарқынды даму серпінін көрсетеді. Ресурстарды тиімді біріктіру, технологиялық инновациялар және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту арқылы Қазақстан ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және экономиканың тұрақты дамуына қол жеткізу бағытында елеулі нәтижелерге қол жеткізе алады.



(Сурет 1. 2025–2030 жылдардағы агротехнологиялар нарығының болжамы)
(Сурет 2. Ауыл шаруашылығы технологияларын қолдану бағыттарының үлесі (2025–2030))

Әдебиеттер тізімі:

1. Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of Kazakhstan. *Agriculture Statistics of Kazakhstan*. 2024.
2. Zhang Y., Li X. Agricultural Digitalization and Smart Farming Development // *Journal of Agricultural Science*. 2023. Vol. 15, No. 4. P. 45–58.
3. Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі ұлттық жобасы (2021–2025). Астана, 2021.

ӘОЖ 33(384.434)

Жадилова А.А.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

